ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия философия. Серия культурология. Серия политология

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philosophy series. Cultural science series. Political science series

№2 (56)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875

ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ. №2 (56)

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді // ЖАК бюллетені, №3, 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК-нің төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-3 ж. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК. – Алматы, 2003

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Борбасова Қ.М.,
филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Телефон: +7701 168 0292
E-mail: karlygash_bm@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Масалимова А.Р., филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор *(Қазақстан)*
Насимова Г.О., саяси ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары *(Қазақстан)*
Абдыгалиева Г.К., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Алтаев Ж.А., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Асунсьон Лопез-Варела, профессор, Комплутенс университеті *(Испания)*
Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Ғабитов Т.Х., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Ғарифолла Есім, филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Жолдубаева А.К., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Исмағамбетова З.Н., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Каплан С., профессор, Калифорния университеті *(АҚШ)*
Карабаева А.Г., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Кэтлин Адамс, профессор, Лойола университеті *(АҚШ)*
Құлсариева А.Т., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Құрманалиева А.Д., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Қайдарова А.С., саяси ғ.д., доцент *(Қазақстан)*
Нурышева Г.Ж., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Петрик Дж., профессор, Огайо университеті *(АҚШ)*
Сенгирбай М.Ж., PhD докторы, аға оқытушы *(Қазақстан)*
Федотов А.В., профессор, София университеті *(Болгария)*
Финке П., профессор, Цюрих университеті *(Швейцария)*

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ БАСПА ҮЙІ

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы
Гульмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:
Гульмира Бекбердиева, Ағила Хасанқызы

Компьютерде беттеген
Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші
Мөлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №9830

Басуға 12.05.2016 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 30,3 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №2633. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

1-бөлім

ФИЛОСОФИЯ

Раздел 1

ФИЛОСОФИЯ

Section 1

PHILOSOPHY

Асанова С.С., Абжалов С.У.

Жаңапұтшылдықты зерттеудің методологиялық аспектілері

Мақалада қазіргі заманғы жаңапұтшылдық феноменінің пайда болуы мен қалыптасып дамуы қарастырылады. Авторлар жаңа пұтшылдықтың философиялық, дінтанулық, саяси-әлеуметтік және тарихи-мәдени аспектілеріне тоқталады. Жаңапұтшылдықтың архаикалық сенімдермен генетикалық байланысын аша отырып, автор бұл құбылыстардың бір мәнді емес екендігіне назар аударады және олардың айырмашылығын ашып көрсетеді, жаңапұтшылдықтың қазіргі қоғамдағы сұранысқа ие болуының әлеуметтік-психологиялық, мәдени-дүниетанымдық себептерін зерделейді. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы жаңапұтшылдық феноменін зерделей келе автор оны біржақты негативті құбылыс ретінде қарастырмайды. Этномәдени бірегейлікті түсіну мен тануда бұл феномен позитивті рөл атқара алады. Алайда, саяси аспектіде қарастырылып, идеологиялық сипат алған жаңапұтшылдық қоғамдық сана мен әлеуметтік жүріс-тұрысқа кері ықпал етіп, әлеуметтік-рухани салада кері тартпа үдерістерге түрткі болуы ықтимал.

Түйін сөздер: Дін, діни қатынас, жаңапұтшылдық, архаика, сана, бейсаналық, архетип, «Поп-дін».

Asanova S.S., Abzhalov S.U.

Methodological aspects of research of neopaganism

This article analyzes theformation and development ofneo-paganismasa phenomenon ofcultural-religious lifein today'ssociety.The authors explores thephilosophical,religious,socio-political, historical andcultural aspects of the phenomenon. Tracing the genetic links between neo-paganism and archaic, author emphasizes nonequivalence of these concepts and reveals their difference. Analyzes the socio-psychological and cultural-ideological reasons of the growth needsin neo-paganism in today's society.Analyzing the phenomenon of neo-paganism in the modern social-humanities sciences the author does not consider this phenomenon as a clearly negative.In the knowledgeandunderstandingof ethno-cultural identityit canplay a positive role. However, one-sidedly interpreted with the political positions, neo-paganism may have a negative impact on the public consciousness and social behavior that may generate negative processes in the social and spiritual sphere.

Key words: Religion, religious relations,neo-paganism,archaic, consciousness, unrecognized,archetype, «Pop-religion».

Асанова С.С., Абжалов С.У.

Методологические аспекты исследования неоязычества

В статье анализируются становление и развитие неоязычества как феномена культурно-религиозной жизни сегодняшнего общества. Авторы исследуют философские, религиоведческие, социально-политические и историко-культурологические аспекты данного явления. Прослеживая генетические связи между неоязычеством и архаикой, авторы подчеркивают неравнозначность этих понятий и раскрывает их различие. Анализирует социально-психологические и культурно-мировоззренческие причины роста потребности в неоязычестве в современном обществе. Анализируя феномен неоязычества в современной социогуманитарной науке, автор не рассматривает данное явление как однозначно негативное. В познании и понимании этнокультурной идентичности оно может сыграть и положительную роль. Однако однобоко трактованной с политических позиций неоязычество может оказать негативное влияние на общественное сознание и социальное поведение, что может породить негативные процессы в социально-духовной сфере.

Ключевые слова: религия, религиозное отношение, неоязычество, архаика, сознание, бессознательное, архетип, «Поп-религия».

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 29

*Асанова С.С., Абжалов С.У.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: saltanat_dake@mail.ru

ЖАҢАПҰТШЫЛДЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстандағы діни ахуал көпқырлылығымен және күрделілігімен сипатталады. Елімізді қамтыған «діни ренессанс» дәстүрлі діндермен қатар, ескі наным-сенімдердің де жаңғыруына жол ашты. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, рухани қайта жаңғыру көне тарих қойнауларына көз салып, көмескіленген құндылықтарды сана мен ақыл-парасат таразысынан өткізуді қажет етеді. К.Г. Юнг айтқандай, тарихтың бетбұрыс сәттері «ұжымдық көмескі сана архетиптеріне» жан бітіреді. Осындай сәттерде халықтық ұжымдық сана уақыт пен кеңістік континиумында өзінің болмыс-бітімін тұтастай қамтып, танып-түсінуге ұмтылады. Дәл осы сәттерде халықтың мың жылдық тарихы бір ұрпақтың (тіптен, жекеленген тұлғалардың) бойында тоғысады. Тұтас ұлт та, оның жекеленген өкілдері де өз руханилығында әртүрлі дүниетаным мен құндылықтардың астасып жатқанына куә болады. Әлемдік діндер көне пұтшылдық нышандарын ұжымдық-халықтық санадан түбегейлі ығыстырып шығаруға қаншама тырысқанымен оның тамырын үзіп тастай алмайды, тіпті кейде осы архетиптік образдарды жаңа діни дүниетаным тұрғысынан қайта өңдеп, өз бойына сіңіріп, жаңа мазмұн беруге ұмтылады.

Жаңапұтшылдық ұғымы мен феноменін тереңірек түсіну үшін алдымен пұтшылдық ұғымының мәнін ашып алу қажет. Пұтшылдық ұғымы әлемдік діндердің, әсіресе, монотеистік сенімнің қалыптасумен тығыз байланысты. Ибраһимдік діни дәстүрге дейін бұл ұғым актуальдандырылған жоқ, яғни иудаизм, христиан және ислам діндерінде адамзаттың осы діндердің пайда болуының қарсаңындағы кезең пұтшылдық дәуірі деген атқа ие болды.

Қазіргі дінтану ғылымында кең таралған тұжырымға сай пұтшылдық әрбір халықтың ежелгі дүниетанымына, ділі мен тіліне тән діни түсінігі. Осы ұстаным тұрғысынан пұтшылдық төмендегідей мағыналарды білдіреді.

Біріншіден, пұтшылдық көп құдайға табынушылық және онда көне заман халықтарының наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрі көрініс табады.

Екіншіден, пұтшылдық монотейстік діндерден (иудайзм, христианшылдық, ислам) басқа діндер. Бұл көзқарас тұрғысынан – индуизм, брахманизм, буддизм, даосизм, конфуцийшілдік, синтоизм және т.б. қазіргі заманғы діндерде пұтқа табынушылық.

Ислам дінінде яхудейлер мен христиандарды кітап иелері деп атаса, басқаларды пұтқа табынушылар ретінде қарастырады. Яғни пайғамбарлар арқылы ашылмаған, адамдар тарапынан ойдан шығарылған діндер.

Үшіншіден, христиандық пен исламға дейінгі наным-сенімдерді қайта жаңғыртуға бағытталған жаңа діни қозғалыс. Бұл тұрғыдан пұтшылдық Жаратушыға емес, жаратылғанға табыну. Бұл көзқарас жаңа пұтшылдық ұғымына жақын, бірақ онымен тең емес. Өйткені, діни наным-сенімді реконструкциялау, яғни қайта қалпына келтіру әрқашан жаңа немесе қалыптасқан (бекіген, нығайған) әлеуметтік-мәдени контекст негізінде жүзеге асырылады. Бір сөзбен айтқанда, ескі діни наным-сенім дәл сол қалпында жаңғыртылмайды, оның құрлымында жаңа мағына маңызды орын алады, тіптен ерекше рөл атқарады десек те болады. Көне наным-сенім жаңа мағынаға бағындырылады және осы мағынаны бедерлендіруге, айшықтауға бағытталады.

Пұтшылдық пен жаңа пұтшылдық логикалық байланыста болғанымен, олардың арасында семантикалық алшақтық бар. Пұтшылдық діни эволюцияның бастапқы сатысына тән құбылыс болса, жаңа пұтшылдық осы эволюцияның кемелденген кезеңіндегі феномен және ол белгілі бір этностың өзінің рухани тамырларын тануға, этнобірегейлігін (этноидентификациясын) айқындауға деген ұмтылысымен сабақтасып жатады. «Нышандары халық мәдениетінен ешқашан ажырамаған көне пұтшылдық бүгінгі күні жаңа әлеуметтік-мәдени және философиялық-діни құбылыс – қазіргі заманғы жаңа пұтшылдыққа трансформацияларда», – деп атап көрсетеді Ресей зерттеушісі И.С. Резепова [1].

Жаңа пұтшылдықтың қайта жаңғыруына не себеп болады? Ең алдымен кез келген діни ілім тәрізді жаңа пұтшылдық – адам мен қоғамның іргелі мәселелерін ақылға салып, шешуге бағытталған ұмтылыстардың бірі. Бұл бағыт өкілдері қазіргі адамзатты толғандырып отырған күрделі мәселелерді шешуге дәстүрлі діндер де, қазіргі заманғы ғылым да қабілетті емес деп санайды. Жаңа пұтшылдықты қолдайтындар ежелгі заманғы архаикалық түсініктерге сүйене отырып, қазіргі адамзат қоғамының өзекті мәселелерін шешудің жолдарын анықтауға және сол арқылы болашақты айқындауға талпынады. Олардың пайымдауынша қазіргі адамзат қауымдастығы өз дамуында тұйыққа тірелді. Осы тұйықтан шығудың жолын жаңа пұтшылдар адамның жасырын немесе өркениеттік даму барысында ұмытылған (жоғалтылған) қабілеттерін қайта қалпына келтіріп, жаңа сананы қалыптастырудан іздейді. Осы тұрғыда жаңа пұтшылдық – қазіргі заманғы қайшылықтардан туындаған діни сана мен діндарлықтың бір көрінісі.

Жаңа пұтшылдық көп қырлы құбылыс. Ол мистикалық культтерді де, емшілік практиканы да, космологиялық, әлеуметтік-антропологиялық ілімдерді де қамтиды. Бұл осы аталған құбылыстың мәндік мазмұны мен феноменологиялық аясын анықтауды қиындатады. Діни феномен ретінде жаңа пұтшылдық окульттік-парапсихологиялық тәжірибемен де, синкреттік сипаттағы діни-философиялық ілімдермен де сабақтасып жатады. Кейбір «дін қайраткерлері» ежелгі діни нанымдарды қазіргі заманғы ғылым жетістіктерімен біріктіріп, синтездеп оларға жалған ғылыми сипат тануға ұмтылады. Бұл түсінікті, өйткені дінді де тауар деп түсінетін «рухани ұстаздар» үшін жаңа пұтшылдықта тартымды болуы қажет. Ал қазіргі қоғам үшін ғылымның беделі зор, сондықтан «рухани ізденістегі» (кей жағдайда, «рухани күйзелістегі» деген орынды болар) адамды өзіне тарту үшін бұл таптырмас тәсіл.

Дәстүрлі пұтшылдық тәрізді жаңа пұтшылдықта о дүниелік қасиетті бастауға деген сенімге негізделген діндерден мүлдем бөлек наным. Жаңа пұтшылдықта теистік түсінікпен жанаспайтын ежелгі заманғы фетишизм, магия, спиритуализм, пантеизм идеяларын, мифологиялық дүниетаным элементтері мен политеистік образдарды кеңінен қолданады. Алайда, жаңа пұтшылдық бұл идеялар мен түсініктерді шығыстың діни тәжірибесі мен дәстүрінен алынған ұғымдармен байыта түседі. Мұндай синтез теософия, антропософия, саентология, агни йога сияқты діни ілімдерден жиі байқалады.

Біздің білетініміздей, бұл діни немесе оккультік ілімдер батыс адамының «рухани ізденістеріне» жауап ретінде пайда болды.

Жаңа пұтшылдық адам бойындағы жасырын қуат пен қабілеттерді қайта жаңғырта отырып жеке индивидуалды сананы және сол арқылы қоғамдық сананы өзгертуге талпынады. Бұл мақсатта жаңа пұтшылдық идеологтары әртүрлі айла тәсілдерге жүгінеді. Бірісі адамдағы «табиғат қуатын» қалпына келтіруді бірінші қатарға қойса (П. Иванов), басқасы оның бойындағы «құдайылық рух – титанды» оятуға мән береді (Р. Хаббард).

Жаңа пұтшылдық қазіргі заманғы мәдениәлеуметтік шындықтың туындысы (өнімі) болғандықтан ол ежелгі діни наным-сенімдердің магия, сиқыршылдық, болашақты болжау сияқты реликтілеріне де, бал ашу, жын-періден

сақтану сияқты ырымшылдық әрекеттеріне де сай емес. Ол әлемдік діндердің ілімдері мен әдет-ғұрыптарының мәні мен мазмұнына сай қайта өңделген ежелгі магиялық түсініктерден де, мифологиялық нышандардан да өзге құбылыс. Жаңа пұтшылдықтағы жаңашылдық оның діни ілімінде емес, әлеуметтік, дүниетанымдық ұстанымында, тіпті саяси идеологиялық астарында көрініс табады. Кез келген діни ілім сияқты жаңа пұтшылдықта қоғамды, оның әлеуметтік қатынастары мен институттарын өзгертуге, кейде тіпті түбегейлі қайта құруға ұмтылады. Осы тұрғыда жаңа пұтшылдық болашақтың проекциясы, алайда болашақтың моделін жасауда ол халықтың өткен тарихына, мәдениеті мен менталитетіне, діні мен дәстүріне жүгінеді.

Бұл тұрғыда жаңа пұтшылдық ұлтшылдық қозғалыстардың идеологиялық, дүниетанымдық негізі мен ұстанымының басты аспектілерінің бірі болып табылады. «Саясатта жаңа пұтшылдық жаһанданудың бір көрінісі. Оған «мәдени ұлтшылдықтың жаңа түрін»» қалыптастыру тән. Тарихшы-дінтанушы Б. Фаликов: «Әртүрлі ұлттық мәдениеттерде және тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде жаңапұтшылдық мәдениет пен тарихтан шаршаған адамдардың көмек сұрап күңіренген күрсіністеріне жауап береді. Бұл жолда ол ұлтшылдықпен де, космополитизммен де, этатизммен де, анархизммен де, тоталитарлық идеологиямен де және оның жауларымен де, элитарлықпен де және тобырлық мәдениетпен де ымыраласады. Бұл тізімді одан әрі де жалғастыра беруге болады», – деп жазады [2]. Ұлтшылдық қозғалыстар жаңа пұтшылдықты өздерінің саяси-әлеуметтік ұмтылыстарын дәйектеудің тәсілі ретінде қолдануға талпынады. Мұның ең бір сорақы көрінісі – Германия фашизмі. Өздерінің саяси идеологиясын дәйектеуде неміс ұлтшылдары көне арийлік мифологияны және наным-сенімдерді жаңғыртты. Әлемнің әр түкпірінен осындай талпыныстарды қазіргі таңда да байқауға болады. «Қазіргі Ресейдегі саяси үдерістердің өзіндік бір мүшесі Русьтің христиандыққа дейінгі наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртуды көксейтін – орыстық (славяндық) жаңапұтшылдық қозғалыс» [3].

Жаңа пұтшылдықты саяси-әлеуметтік үдерістермен ғана байланысты және осы үдерістерден туындаған құбылыс деп қарастыруға немесе шектеуге болмайды.

Жаңа пұтшылдықтың тағы бір қыры – мәдени-философиялық талдаумен байланысты. Мәдени-философиялық парадигма бірнеше қабаттарды қамтиды. Жаңа пұтшылдықты мәдениеттанулық тұрғыдан пайымдау XX ғасырдағы мәдени құбылыстарды сана рефлексиясынан өткізумен сабақтасады. Еуропалық мәдениетте бұл үдеріс романтизм бағытындағы өткен заманды әсіре бағалауда, оның идеалдары мен рәміздерін асқақтық (возвышенное) мәнерде сипаттаудан көрініс тапты. Осы кездегі рационалдықтан әпсаналыққа (мифологиялыққа) деген бетбұрыс әлемдік әдебиет пен өнердің басым бағыттарының біріне айналды. XIX ғасырдағы неміс романтизмі мен XX ғасырдағы орыс әдебиетінің күміс ғасырындағы неоромантизмінде өткен замандардағы көне мифологиялық сюжеттерге деген құмарлық пен қызығушылық айқын көрініс тапты.

Түркі халықтарында да ежелгі әпсаналарға, хиқая қиссаларға деген қызығушылық толастаған емес. Ислам кең қанат жайып, дүниетанымдық басымдылыққа ие болғанымен, көне түсініктер мен наным-сенімдер халық жадынан тыс қалмады. «Көр оғлы», «Қорқыт Ата» сияқты көптеген жыр-дастандар мен «көк бөрі», «көкжал» тәрізді архетиптік тотемдік образдар, халық ертегілеріндегі ізгілік және зұлымдық иелерінің бейнесі халықтық мәдениеттің терең қабаттарынан әлсін-әлсін ұжымдық сананың үстіртіне сыналай еніп отырды. Көп жағдайда бұл жаншылған рухқа жан бітіріп, тамырына қан жүгіртті, қанатын қомдап, еркіндік көгіне самғауға ынталандырды.

Жаңа пұтшылдықты мәдениеттанулық парадигма аясында қарастырғанда ойлаудың мифологиялық және мифологиялықтан тыс (немифологическое) типтері туралы айтқанымыз дұрыс болар. Ойлаудың мифологиялықтан тыс типіне табиғатты сезіну, адам мен табиғат қатынасын жанды тіршілік иелерінің қатынасы ретінде қарастыру тән. Жаңа пұтшылдық мифологиясы табиғатты тірі организм, жаны мен тәні бар тіршілік ретінде қарастырады. Табиғи ортадан жаттанған, оны бөтенсіген, пайда мен игіліктің көзі деп қарастырып, тоқырауға бой алдырған қазіргі адамзат үшін бұл тартымды идея екені сөзсіз. Әрине, қоршаған дүние мен адам арасын үйлестіруге талпынған бұл ұмтылыс адам үшін қажет. Бірақ тарих сағатының тілі кері қарай бұрылмайтыны да хақ. Сондықтан адам мен ғарыш қатынасын рационалдық тәсілдер арқылы реттеудің де болашағын жоққа шығара алмаймыз.

Ескі наным-сенімдер мен мифологиялық дүниетанымдық образдарды, рәміздерді жаңғырта отырып, қазіргі заманғы ақын-жазушылар батыстық рационалистік өркениет үлгісіндегі адам мен қоғам болмысының сыңар-

жақтылығын, дискреттілігін сынға алады. Жаңа діни сана мәденилік пен табиғилықты, осы дүниелік пен тылсым тіршілікті мистикалық біртұтастықта біріктіруге, өмір мен болмысты осы тұтастықта түсінуге және түсіндіруге талпынады. Ресейлік мәдениеттанушы М. Пушная жаңа пұтшылдықты жаңа дәуір үшін жаңа дінді қалыптастыруға бағытталған талпыныстың ерекше идеологиялық формасы ретінде қарастырады. Оның тұжырымдауынша «жаңа пұтшылдық техногендік өркениеттің өмірдің барлық салаларын жаппай жаулауына берілген жауап», ол «ретроутопия» механизмінің іске қосылуының алғышарттарын қалыптастырады [4].

Бірқатар зерттеушілер жаңа пұтшылдықты постмодерн мәдениетіндегі классикалық құндылықтардың трансформациялануымен байланыстырады. Постмодерн осыған дейін қоғамдық сананың периферияcында болып келген мәдени түсініктерге мән беріп, олардың да «өмір сүру», «болу» құқын дәйектеуге талпынады. Плюрализмді методологиялық принцип ретінде жариялаған постмодерн діни бейсананың қараңғы қойнауларындағы түсініктерді «жарыққа» шығарды, плюрализмнен қуат алған діни сана өзін жаңа формада бейнелеп, жаңа шабыт көздерін ашты. Бұл В.А. Лекторский сияқты зерттеушілердің постмодерннің діни санасын постхристиандық деп атауына түртті болды. Алайда, мұны таза постмодерндік құбылыс деп санауға болмайды, өйткені діни бейсаналық образдарды жаңғыртуға деген ұмтылыс дін тарихында әртүрлі мистикалық формада оқтын-оқтын орын алып отырды. Бірақ постмодерн осындай мистикалық тәжірибені ақтап, оны дәстүрлі діндердің көлеңкесінен шығаруға талпынады. XIX ғасырдың ортасындағы иррационалдық бағыттағы ойшылдардың көзқарастары мен ой тұжырымдары осы талпынысқа философиялық негіз болды. Неміс ойшылы Ф. Ницше өзінің «Трагедияның музыка рухынан туындауы» атты шығармасында Апполлондық және Дионистік бастаулардың қарама-қайшылығы мен күресі туралы болжамдар жасаған еді. Апполлондық бастау табиғат пен қоғамдағы орныққан үлгілердің басымдылығын, тұрақтылық пен үйлесімділікті бейнелейді. Алайда, бұл тұрақтылық пен үйлесімділік иллюзорлы, оның тұңғиығында жаңа түсініктер мен идеялар, образдар мен рәміздер жасырынып жатады. Уақыт өте үйлесімділік пен тұрақтылық тоғышарлыққа ұласады, ал бұл шығармашылық ізденістің тоқырауына алып келеді. Ф. Ницшенің пайымдауынша, адам мен қоғамды тоқырау мен құлдыраудан дионистік бастау ғана құтқара алады. Ол күні жетіп, азып-тозған қатынастар мен құндылықтарды қиратып, сүріп тастап оның орнына жаңаны орнықтырады. Ф. Ницше христиандық моральді сынап, оны адамның табиғаты мен болмысына тән құндылықтармен алмастыруға талпынады.

Қазіргі заманғы философтар мен әлеуметтанушылар постмодерндік мәдениетті дионистік бастаудың жаппай таралуымен, бұқара көпшілікті баурап алуымен сипаттайды. Дионисшілдік адамды «табиғи жан» ретінде қарастыра отырып, оның тәндік сипатына ерекше мән береді. Тән адамның дүниеде болуының, болмыс кешуінің маңызды сипаты, көрсеткіші ретінде бағаланады. Дионисшілдіктен нәр алған жаңа пұтшылдық адам тәнін және сонымен тығыз байланысты нәпсісін ақтап алады, тіпті кейін тән мен нәпсі қажеттіліктерін заңдастырып та қояды.

XX ғасырдың ортасында мәдениеттегі рухани құлдырау одан әрі тереңдей түсіп, тән мен тәндік мәселесін одан да ушықтырады. Тәндікте жаңа пұтшылдық ментальдылықтың барлық сипаттары бар және ол жыныстық еркіндікте, гомосексуалдылықта, сәндік стильде, мистицизмде, өнерде көрініс береді. Нәпсімен байланысты күнә түсінігінен босатылған тән құдайдың жаратқаны емес, адамның меншігіне айналады. Ол үшін бастысы қажеттіліктердің қанағаттануы. Тәнге деген жаңа пұтшылдық көзқарас рух пен жан және тән арасындағы байланысты үзеді. Тәнді құндылық тұрғысынан абсолюттендіреді. Тән адам болмысындағы табиғи бастаудың қайта жаңғыруының рәмізі ретінде бағаланады.

Қоғамдық өмірдің секулярлануы, яғни діннен (дәстүрлі діндерден) алшақтауы және плюралистік принциптің өктемдігі, американдық ойшыл А. Тоффлер ескерткен «спиритуалдық қызмет нарығының» қарқынды дамуына алып келді. Жаңа пұтшылдық осы нарықтың белсенді субъектісіне айналды.

А. Тоффлердің концепциясына сай, жаңа діндердің, секталар мен культтердің пайда болуы батыс елдерінің қоғамдық дамудың жаңа сатысы – постиндустриалдық фазаға өтуін сипаттайтын өркениеттік серпілістің көрінісі. Қазіргі жаһандық әлемді жайлаған «нарық – қызмет», «сұраныс – ұсыныс» қатынасы дін саласына да әсерін тигізбей қоймады. Постиндустриалдық қоғамда дін бұрынғы сакралды сипатын жоғалтып, «ерекше тауарға» айналып барады. Нарықтың өлшемі – өтімділік, сұранысқа ие болу. Сондықтан жаңа пұтшылдықта осы нарықта табысқа жетуге талпынады.

Бұрынғы Кеңестер Одағында жаңа пұтшылдық көзқарастар мен идеялардың таралуына «барлық халықтарды бір қазанда қайнатуға» бағытталған саяси ұстаным себеп болды. «Мазмұны социалистік, формасы ұлттық мәдениетті», «кеңестік халық» деп аталатын жаңа тарихи қауымдастықты қалыптастыру талпынысы ұлттардың өзіндік бірегейлігі мен ерекшелігін қажетті деңгейде елеп-ескермеуге алып келді. Халықтың өткен тарихы мен мәдениетін танып-білуге деген талпынысы «феодализмнің» сарқыншағы, ал ескі наным-сенімдер надандық пен қараңғылықтың көріністері ретінде қарастырылды. Бірақ ресми идеология халыққа жаңа «саяси мифтерге» негізделген түсініктерді таңуға талпынғанымен күнделікті тұрмыстық, жалпы халықтық қоғамдық санада ұлттық мәдениет пен дәстүрге, тарих пен дінге деген қызығушылық толастамады. Жаңа пұтшылдықты зерделей келе, ресейлік зерттеуші К.А. Коробицына осы құбылысқа түрткі болған төмендегідей себептерге тоқталады:

– ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтың өсуі (ұлттық тарихи тамырларды, ұлттық идеологияны анықтау, ұлттық өзіндік сананы қалпына келтіру);

– мифке деген қызығушылық, мифтерді зерттеу (жаңа пұтшылдық ауылдық жерлерге қарағанда академиялық ортада көбірек пайда болады);

– жаңа пұтшылдықты сырттан қабылданған бөтен дін ретінде христианшылдыққа қарсы қою (ұлтшылдық пен антисемитизм көріністерінде қоса есептегенде);

– христиандықтың кейбір маңызды ментальдық қырларын, атап айтқанда адамның күнәһарлығы, Құдайдан қорқу мен мойынсұну қажеттілігі туралы түсініктер (әсіресе қазіргі заманда);

– жаңа пұтшылдықтың адамды өзіне баурайтын оккультизммен, магиямен, халық емшілігімен тығыз байланысы;

– қазіргі өркениетте бой алдырған экологиялық мәселелер, қоғам дамуындағы келеңсіз құбылыстарға: урбанизацияға, мегаполистердегі келеңсіз өмір салтына, адамның табиғаттан жаттануына және тағы да басқаларға белсенді қарсылық көрсету [5].

Автордың айтуынша, адамдарды жаңапұтшылдыққа тоғышарлық, ғажапқа сену мен аңсау, тер төгіп еңбектеніп, қабілеттерін жетілдірмей-ақ билікке, мансапқа, байлық пен табысқа құпия білімнің көмегімен тез әрі жеңіл жету, денсаулығын жақсартуға деген ынтазарлық та ықпал етеді.

Жаңапұтшылдық үшін өткеннің маңызы өте зор, сондықтан «дәстүр» ұғымы дүниетаным координатында ерекше мәнге ие болады. Адам болмысы мен санасын ата-баба дәстүрі мен заңына сай өзгертуге ұмтылған жаңапұтшылдық көне мәтіндерге, соның ішінде діни-мифологиялық түсініктер мен рәміздерге сүйене отырып, әдет-ғұрыптар мен салт-жораларды «ескіше» ұйымдастырып өткізуге назар аударады. Олар халық тарихындағы қиындыққа толы қиын кезеңдерді ата-баба дәстүрі мен заңынан ауытқудың салдары ретінде қарастырады және қабылдайды. Тіпті кейде, қауым ішіндегі әлеуметтік, рухани қатынастарды да дәстүрге сай қалыптастыруға талпынады. Қазіргі заманғы құндылықтар өткен заманның өлшемдері арқылы бағаланады. Қазақ халқының санасында «бұрынғының адамы», «көненің көзі», «дананың сөзі» сияқты ұғымдар архетиптік мәнге ие болады. «Бұрынғының адамы» қазіргі адаммен салыстырғанда зор, кемел болып суреттеледі. Ата-бабалардың рухани әлемі қазіргі адамдыдікінен әлдеқайда бай, мазмұнды болып келеді.

Қазіргі заманғы ғылым тұрғысынан бұл идеялар мифте, уақытты мифологиялық қабылдауда адам санасындағы көне архетиптердің жаңғыруын білдіреді. Белгілі дінтанушы М.Элиаденің пікірінше барлық архаикалық діндерге «мәңгілік қайтып оралу» мифі тән [6]. Яғни миф адамды әрқашан өзінің өткен замандардағы онтологиялық, метафизикалық, әлеуметтік тамырларына қайтарып отырады.

М.Элиаденің пікірінше, архаикалық адам «уақыттан үрейленеді». Оның бұл үрейі әсіресе, болашаққа қатысты өсе түседі. Өйткені болашақ анық, айқын емес, болашақ қауіп-қатерге толы. Архаикалық адамның бар болмысы өткенмен байланысты және өткен уақыттың құндылықтарымен айқындалады, ол әрқашан өткенге қайтып оралуға асығады. Архаиканың барлық әдет-ғұрыптары мен жөн-жоралғылары өткенмен байланысты. Жыл басы, қайта жаңғырған табиғат құрметіне арналған мерекелер сакральды уақыт туралы түсініктерді санаға сіңіріп отырады.

Әрине, қазіргі заманғы жаңапұтшылдыққа да осындай сипаттар тән деп айтуға болмайды. Қазіргі жаңапұтшылдықта да «дәстүр» мен «ата-бабалар сенімі» дүниетаным мен ментальдылықтың өзегі, адам мен қоғам болмысын өзгертудің және жаңапұтшылдық жобаға сай қайта жаңғыртудың құрылым құраушы элементі болып табылғанымен, олар трансформациялауға өте икемді, бейім болып келеді. Қазіргі заман тала-

бына сәйкес «дәстүр» мен «сенімге» де өзгерістер енгізіледі, кейде жаңапұтшылдық көне сенім мен дәстүрді жаңғыртып қана қоймай, жаңа дәстүрді қалыптастырады, бірақ оны ескінің жалғасы ретінде түсіндіреді. Жаңапұтшылдыққа «тарихты ұзату», ұлттық санадағы табиғатпен үйлесімділік идеясын тереңдету, ұлттық сана мен идеологияны төлтума дін мен ілкі тектің ізгілігі сияқты концептілер айналасына шоғырландыру тән.

Қазіргі заманды сынағанда жаңапұтшылдық техногенді өркениеттің жетістіктерін теріске шығармайды, керісінше осы жетістіктерді жаңартылған (немесе қайта жаңғыртылған) руханилықпен сабақтастыру қажеттілігіне назар аударады. Олардың пайымдауынша осылай түсінілген руханилық қазіргі өркениеттің келеңсіз жақтарын бейтараптандырып, адам игілігіне қызмет ете алады. Дегенмен қазіргі заман өткен мен болашақтың түйіскен тұсы, сондықтан қазіргі уақытты жаңапұтшылдық көбінесе өткеннің призмасы арқылы қабылдайды және дүстүр тұрғысынан бағалайды.

Қазіргі уақыт ғарыштық эволюцияның сатысы ретінде қарастырылады. Жаңапұтшылдық космологиясында бір ғарыштық кезеңнің аяқталуы заңды құбылыс, өйткені ғарыштық дәуірлер қайталанып отырады. Әрбір ғарыштық циклдың өзіндік ерекшеліктері бар, адамзат тағдырындағы маңызды оқиғалардың барысы да осы циклдық ерекшеліктермен айқындалады. Көп халықтардың архаикалық түсінігінде он екі санына ерекше мән беріледі. Қазақ архаикалық уақыт түсінігі де осы санға негізделген. Он екі жылды бір мүшел деп атайды. Әр мүшелде адам организмінде маңызды өзгерістер орын алады. Архаикалық дүниетанымда ғарышта өзінің эволюциясында осындай кезеңдерден өтеді. Жаңапұтшылдар 2012 жылды ғарыш дамуындағы осындай кезең ретінде қарастырды, мысалы көне майялықтар күнтізбесіне сүйене отырып кейбір дін өкілдері (көбінесе дәстүрден тыс оккультік) ғарыш пен адамзат жаңа сатыға өтті деп мәлімдеді. Жаңапұтшылдықта архаикалық космология әрқашан көне астрологиямен қатар жүреді. Осындай кездерде аспан денелерінің қозғалысы мен орналасу тәртібіне қарап әртүрлі болжам жасайтын сәуегейлердің белсенділігі артады.

Қазіргінің ерекшелігі оның болашақпен байланыстылығында, болашақтың бейнесін анықтайтын іс-әрекеттер осы шақта жасалады. Болашақты жаңапұтшылдықтың бәрі бірдей біржақты келеңсіз ретінде сипаттамайды. Олардың болашақ туралы көзқарастары мен түсініктерін үш топқа бөліп қарастыруға болады:

– бірінші топтағылар болашақтан қауіптенеді. Олардың пікірінше, адамзатты зор апаттар күтіп тұр, қазіргі адамзат немесе өркениет өзінің тіршілік етуін тоқтатады, олардың орнын жаңа адамзат нәсілі жалғастырады немесе тіршілік басқа планетада пайда болады;

– екінші топтағылар болашақты күрделі, көп бағытты үдеріс ретінде қабылдайды. Болмыстың соңын (ғарыштық циклдың аяқталуын) олар Құдайдың қаһарынан туындайтын жазмыш деп емес, өткенді саралап, болашақты бағамдайтын кез деп түсінеді. Болашақ регрессивті де, прогрессивті де болуы мүмкін. Бұл адамзаттың рухани дамуына тәуелді. Егер жан мен рух дамудың төменгі сатысына бет алса, болашақ келеңсіз, ал ол рухани және материалдық дамудың жоғары сатысына көтерілсе жарқын болады;

– үшінші топтағылар адамзат жіберген қателіктерін түсініп, өзін жетілдіріп, Жер Ананы аялап, күтсе, өркениет те гүлденіп, дамиды деп санайды.

Жаңапұтшылдықты уақыт категориясы тұрғысынан қарастыру оны біржақты жаман құбылыс деп қарастырмау қажеттілігін алға тартады. Осы көзқарас позициясынан жаңапұтшылдықты қазіргі адамзаттың рухани ізденісіндегі бір бағыт деп түсінген дұрыс. Қазіргі жаңапұтшылдық адамға басқаша көзқараспен қарап, өз болмысының құндылықты бағдарларын анықтауға да мүмкіндіктер береді. Діни-мифологиялық жүйе ретінде ол адамды сакральдылықпен, трансценденттілікпен байланыстырады. Жаңапұтшылдық дәстүр арқылы ескі құндылықтарды (көбінесе, этностың архетиптік дүниетанымы мен ментальдық ерекшеліктерімен байланысты) қайта жаңғыртуға талпынады, ал кейде ескі құндылықтар туралы көзқарастар мен түсініктердің негізінде жаңа дәстүрге бастау береді. Болашаққа қатысты екінші және үшінші топтарға тиесілі жаңапұтшылдық өкілдері адамзатты өз тағдырының иесі деп қарастырып, болашақ үшін жауапкершілікті адамзаттың өзіне артады және Құдайдан сұрап, қол қусырып отырмай, белсенді әрекет етуге шақырады. Бұл ұстанымдар қазіргі тұтынушылық қоғамдағы адамдардың белгілі бір бөлігі үшін өте тартымды болып көрінеді. Э. Тоффлердің пікірінше қазіргі адам дағдарысты бастан кешуде, өйткені «дәстүр оған не істеу керегін айтпайды» [7]. Дегенмен адам әрқашан дәстүрге сүйенеді, дәстүрден іздейді және дәстүрден жауап күтеді. Дәстүр үзілгенде ұлт тығырыққа тіреледі, мәңгүрттенеді. Сондықтан дәстүр этнос құрылымында маңызды орын алады, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бірақ біз шы-

найы дәстүр мен дәстүрді жамылған оккультті-мистикалық ілімдердің арасын ажырата отырып, соңғыларынан сақтануымыз керек. Өкінішке орай, қазіргі тұтынушылық, ақпараттық қоғамда «поп-дін», яғни көпшілікке арналған дін кең таралып барады. Бұл діни жүйелер синкретті сипатта және архаикалық наным-сенімдерді оккультті-мистикамен араластырып, адам санасын, ақыл-парасатын тұмшалап тастайды. «Поп-дін» тобырлық мәдениеттің туындысы. Адамның саналы әрекетіне иррационалдық құштарлықтар мен ұмтылыстарды қарсы қоя отырып, «поп-дін» трансценденталдық пен сакральдылық ұғымдарының өңін аударып, олар туралы жалған түсінікті қалыптастырады. Ақиқат пен жалғанның, жаман мен жақсының, ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы айырмашылықты жойып, шындықты бұрмалап бейнелейді. Осының бәрін «поп-дін» жаңа рухани ізденіс ретінде ұсынады. «Поп-дін» жаңапұтшылдық формасына да ене алады, ол архаикалық наным-сенімдердің мазмұнын өзгертіп, оны коммерциялық табыстың көзіне айналдырады. Қазіргі тобырлық мәдениет пен «поп-діннің» қауіптердің бірі – оккультті-мистиканың БАҚ арқылы әрбір адамның, жанұя мен қоғамның санасына сыналай енуі. Ресей зерттеушісі В.М. Розин мистикалық және эзотерикалық әдебиеттерді сатуға және осындай қызметтерді (жұлдыз жорамалдарды жасау, емдеу, жанды азаптан құтқару, шынайы діни сенімге әкелу) ұсынатын «іскерліктің» қалыптасқанын айтады. БАҚ құралдарында эзотерикалық және мистикалық тақырыптарға арналған хабарлар таратылады, бұл хабарлардың сыйлы қонақтары әртүрлі мистиктер мен эзотериктер, тәуіптер мен сиқыршылар. Олар өздерін жарнамалап дәрістер оқиды, семинар-тренингтер жүргізеді. БАҚ, әсіресе, теледидар адамды осындай ақпараттармен таныстырып қана қоймайды, эзотерика мен мистикаға сай келетін шындықты қалыптастырады және адамды осы шындықтың бел ортасына отырғызады. Осындай виртуалды шындық аясында адамның сезім толғаныстары ғана емес, оның ойлауы мен дүниені түйсінуі де қалыптасады.

Санасы қатып, буыны бекімеген балалар мен жасөспірімдерді айтпағанда, мұндай хабарлардың ересектердің де рухани өмірі мен психикасына салмақ салатыны жасырын емес. Соның салдарынан адам шынайы өмірден алшақтап, виртуалды әлемге енеді. Ол өзінің менінен де, әлеуметтік ортадан да жаттанады, өзіндік ойлаудан айырылып, қуыршаққа айналады. «Поп-діннің» қаупі де сонда, оны адамның рухани өмірінен гөрі, «қалтаның қалыңдығы» көбірек мазалайды.

Әдебиеттер

1 Резепова И.С. Неоязычество в культуре: история и современность: автореферат на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Ростов н/Д, 2005. – С. 3.

2 Сморжевская О.А. Ученные о неоязычестве: краткий обзор публикации. – Киев: Киевский национальный университет им. Тараса Шевченко, 2014. – С. 45.

3 Арчаков М.К. Проявления экстремизма в деятельности неоязыческих организации. Благовещенский государственный педагогический университет. – С. 141.

4 Сморжевская О.А. Ученые о неоязычестве: краткий обзор публикации. – Киев: Киевский национальный университет им. Тараса Шевченко, 2014. – С. 46.

5 Коробицына К.А. Неоязычество как возрождение языческой веры. Сумма философии. – С. 124.

6 Элиаде М. Миф о вечном возвращении. – СПб., 1998. – С. 45.

7 Тоффлер Э. Футурошок. – М., 1997. – С. 15.

References

1 Rezepova I.S. Neojazychestvo v kul'ture: istorija i sovremennost': avtoreferat na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filosofskih nauk. – Rostov n/D, 2005. – S. 3.

2 Smorzhevskaja O.A. Uchennye o neojazychestve: kratkij obzor publikacii. – Kiev: Kievskij nacional'nyj universitet im. Tarasa Shevchenko, 2014. – S. 45.

3 Archakov M.K. Projavlenija jekstremizma v dejatel'nosti neojazycheskih organizacii. Blagoveshhenskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet. – S. 141.

4 Smorzhevskaja O.A. Uchenye o neojazychestve: kratkij obzor publikacii. – Kiev: Kievskij nacional'nyj universitet im. Tarasa Shevchenko, 2014. – S. 46.

5 Korobicyna K.A. Neojazychestvo kak vozrozhdenie jazycheskoj very. Summa filosofii. – S. 124.

6 Jeliade M. Mif o vechnom vozvrashhenii. – SPb., 1998. – S. 45.

7 Toffler Je. Futuroshok. – M., 1997. – S. 15.

Абдигалиева Г.К.,
Килыбаев Т.Б., Кощигулова К.И.

Қазақстандағы адам капиталының дамуы

Мақалада постиндустриалды қазақстандық қоғамдағы адам капиталының дамуы мәселесі қарастырылады. Қазақстандық қоғамның қарқынды дамуына адам капиталының дамуы, әсіресе, мәдени капиталдың және қоғамның интеллектуалды капиталын дамыту арқылы елді модернизациялау өте маңызды болып табылады. Әлемдік экономиканың жаһандануы әрі өркениеттің заманауи ағымдағы дамуы кезеңінде адам капиталының әлуметтік-экономикалық даму факторы ретінде маңыздылығы артып отыр. Қазақстанда постиндустриалды қоғамды қалыптастырудың ең маңызды шарты ретінде ұлттың интеллектуалды әлеуетінің дамуы, білім беру жүйесін реформалау, мәдениет пен рухани-адамгершіліктік құндылықтарды модернизациялау шығып отыр.

Түйін сөздер: адам капиталы, мәдени капитал, рухани капитал, елдің модернизациясы

Abdigalieva G.K.,
Kilybaev T.B., Koshhigulova K.I.

Development of human capital in Kazakhstan

The problem of human capital development in postindustrial Kazakhstan society is discussed in this article. Development of the human capital, in particular, development of the cultural capital, modernization of the country by development of intellectual potential of society is very important for progressive development of the Kazakhstan society. Value of the human capital in the conditions of globalization of world economy and a modern level of development of a civilization as factor of social and economic development steadily increases. One of decisive conditions of creation of post-industrial society in Kazakhstan is development of intellectual potential of the nation, reforming of an education system, modernization of culture and spiritual and moral values.

Key words: human capital, cultural capital, the spiritual capital of the country modernization

---

Абдигалиева Г.К.,
Килыбаев Т.Б., Кощигулова К.И.

Развитие человеческого капитала в Казахстане

В статье рассматривается проблема развития человеческого капитала в постиндустриальном казахстанском обществе. Для прогрессивного развития казахстанского общества очень важно развитие человеческого капитала, в частности, развитие культурного капитала, модернизация страны путем развития интеллектуального потенциала общества. Значение человеческого капитала в условиях глобализации мировой экономики и современного уровня развития цивилизации, как фактора социально-экономического развития неуклонно возрастает. Одним из решающих условий построения постиндустриального общества в Казахстане является развитие интеллектуального потенциала нации, реформирование системы образования, модернизация культуры и духовно-нравственных ценностей.

Ключевые слова: человеческий капитал, культурный капитал, духовный капитал, модернизация страны.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 304

[1*]Абдигалиева Г.К., [2]Килыбаев Т.Б., [3]Кощигулова К.И.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[3]Университет Нархоз, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]E-mail: g.kanaievna@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ДАМУЫ

Адам потенциалының халықаралық рейтингілеріндегі Қазақстанның негізгі көрсеткіші – адамдардың әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік қамсыздандырылуы және осы потенциал мен мәдениетті құратын адамдардың молшылық деңгейі. Бұл ұғым өнермен байланыстырылып тар мағынасында да, кең мағынасында да, соның ішінде материалдық және саяси мәдениетте ғана емес, рухани мәдениетте қолданылады. Бұл жерде Шарль де Голльдің: «Мәдениет – Францияның мұнайы» деген сөзін айта кеткен жөн. Бүгінде біз мұнайдың бағасы түсуі мүмкін екеніне тағы бір көз жеткіздік. Ал мәдениет бағасы мен мәртебесі жағынан өсуі керек. Әйтпесе елде мәдениет те, мұнай да қалмайды».

Адам капиталы пайда болуы және өзінің қоғамдық болмысын сақтауы барысында Фукуяманың мына ойын келтіруге болады: «адам капиталы дін, дәстүр, ғұрып сияқты мәдени механизмдер арқылы құрылады және беріледі». Маңыздысы, ол мәдениет жалпы иррационалды, яғни діни және адамгершіліктік жүйелер жаңұя, достар арасында, мектепте қарапайым бейімделу кезінде әдет сияқты беріледі дейді. Мұндай пікірін ол Аристотельдің нақыл сөзімен бекітеді: «бірдей әрекеттерді орындау сәйкес адамгершіліктік әдеттерді құрады». Мұның үстіне мәдениеттің әдет ықпалында екенінің пайдасына ас ішу үшін шанышқы не қасықтың орнына, таяқшаларды пайдаланатын қытайлықтарды және индуистердің саны жағынан Үндістан халқының жартысына жететін және бағып-қағуға жұмсалатын шығындары ешқандай пайда әпермейтін сиырларға иррационалды табынушылығын мысалға келтіреді [1, 37 б.].

Оның адам капиталына қатысты концепциясының артықшылықтарына оның Коулменнің ізін басып, қоғамдық капиталды жеке адамның энкультурациясы (нақты мәдени ортаға ену) кезінде игеретін және олардың арқасында қоршаған адамдардың мінез-құлқын түсінетін және өзі де олар күтетіндей әрекет ететін этикалық дағдылары түріндегі адам капиталының ерекше түрі екенін дөп басып айтқанын жатқызуға болады [2, 98 б.].

Бүгінде мәдениет және өнер мекемелерінің адам капиталының дамуындағы маңызы қандай екеніне күмән келтірілмеуі керек. Қоғамға әлеуметтік-мәдени қызметтерді ұсыну барысында олар қоғамды және жеке тұлғаны тудыра, қалыптастыра және

дамыта отырып, толыққанды интеллектуалды, эмоционалды, адамгершіліктік және рухани өмірмен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Дәл осы себепті қазіргі қоғам мәдениет қызметтерінің маңызына назар аударуы керек, ал мәдениет және өнер мекемелері тұрғын халыққа көрсетілетін қызмет сапасына ықпал ететін факторларды анықтауы және нығайтуы қажет. *Мемлекет мәдениетінде осы аумақта тұратын халықтың құндылықтары жүйесі қаланған*. Мәдениет мемлекеттілік пен экономиканың негізі екенін айта кетсек, бұл тезис тіпті дәлелді қажет етпейді.

Бүгінде «мәдениет» терминін дүниетанымның қалыптасуы әдісі, яғни бүгін және ертең азаматтар қабылдайтын құндылықтарды, мақсаттарды және міндеттерді қалыптастырудың құралы ретінде түсіну өзекті болып табылады. Мәдениет әлемнің картинасын, шындық ретінде қабылданатын ортаның картинасын және оны оның даму жолы туралы түсінікті қалыптастыруға, осылайша адамдардың мәдени капиталын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түрлі анықтамаларды жалпылай келе мәдениетті адамның өзін көрсетуі және өзін тануының барлық формалары мен тәсілдерін қамтитын және жеке тұлғалар мен әлеуметтің түрлі дағдылар мен шеберліктерді жинауымен және жеке тұлғалардың қоғамның барлық негізгі құрылымдық элементтері мен функционалды байланыстарын көрсетуімен сипатталатын адам қызметінің тұрақты формаларының жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Мәдениет адамға оған тән әрекеттермен және сезімдермен белгілі бір жүріс-тұрысты белгілейтін кодтар жиыны болып табылады. Мәдениет адамға басқарушылық әсер етеді. Моральдік нормалар мен ережелерді шығаруға жауап бере отырып, ол адам шығарған және қоғам үшін қалаусыз (девиантты) жүріс-тұрыс формаларын басып-жаншуға бағытталған шектеулер мен тыйымдарды жүзеге асыратын жүйе ретінде қызмет етеді.

Мәдениет рухани және материалдық құндылықтарды, сондай-ақ, адам қызметінің интеллектуалды өнімдерін шығаруға және сақтауға жауап береді.

Мәдениетті жүзеге асыру мәдени потенциал сияқты түсінікпен тығыз байланысты. Потенциал латын тілінде potentia – күш дегенді білдіреді, терминді гуманитарлық ғылымдар физикадан алған және ауыспалы мағынасында қолданылады. Потенциал қандай да бір тапсырманы орындау үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін қандай да бір саладағы мүмкіндіктердің және құралдардың жиынтығы болып табылады. Мәдени потенциал көбінесе әлеуметтік потенциалдың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады [3, 48 б.].

Мәдени потенциалды, осылайша, бір жағынан табиғатта болатын және адам еңбегінің материалдық және рухани нәтижелері түрінде қоғаммен жинақталатын, екінші жағынан мәдени құндылықтар және мәдени мұра нысандары түрінде сақталатын мәдениет ресурстарының, құралдардың, көздердің, қорлардың және мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде анықтау қажет. Тар көзқараспен алғанда мәдени потенциал қаланың не аумақтың мәдени кеңістігін дамытуға септігін тигізетін объективті және субъективті мүмкіндіктердің не факторлардың жиынтығы. Объективті факторларға әлеуметтік-мәдени институттар жатады. Субъективті факторларға қалалықтардың әрекеттегі әлеуметтік-мәдени институттарға қатынасы, этно-мәдени байланыстар мен өзара қарым-қатынастардың сипаты жатады [3, 50 б.].

Жапония сыртқы әлемнен географиялық оқшау жатыр және ұзақ уақыт бойы жабық ел болып, сыртқы ықпалдан қорғауда болды, осының арқасында өзінің ежелгі дәстүрлерін және Дүниежүзілік мәдени мұра нысандары деп жарияланған көптеген мәдениет ескерткіштерін сақтап қалған. Қазір Жапония – жоғары технологиялар мен ежелгі мәдениетті қатар ұстанған айрықша ел [4, 17 б.].

Біздің еліміз де өзінің мәдени дамуында артта қалған емес. 2004 жыл Қазақстан Республикасының мәдени саясатының дамуында аса маңызды жыл болды. 13 қаңтарда ел Президенті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Оның мақсаты: «Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасын сақталушылығымен және тиімді пайдаланылуымен қамтамасыз ету». Бағдарлама келесі бағыттарды қамтиды: 1) маңызды тарихи және архитектуралық ескерткіштерді қайта жаңғырту; 2) мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклорды, дәстүрлерді және ғұрыптарды зерттеудің толық жүйелерін құру; 3) ұлттық мәдениеттің және жазбаның басын біріктіру, көркемөнер және ғылыми серияларды құру; 4) ең үздік әлемдік ғылыми ойдың, мәдениеттің және әдебиеттің негізінде мемлекеттік тілде гуманитарлық білімнің толық қорын құру. Қазақстанның мәдениеті шынымен айрықша, себебі мұнда елді мекендейтін барлық халықтардың көп ғасырлық рухани тәжірибесі бітісе қайнаған. Ол осы халықтардың ұлттық дәстүрлеріне және сол

сияқты әлемдік классика шедеврлеріне негізделген формалар мен жанрлардың алуан түрлілігімен ерекшеленеді.

Қазақстанның мәдени капиталын дамыту және бекіту үшін автордың ойынша мәдениет мекемелеріне деген қарым-қатынас мәдениет саласында басым рөлде болуы керек келесі бағыттарды ескере отырып, құрылуы керек:

– дәстүрлі мәдени институттар мен қазіргі заманғы коммуникациялық технологиялар саласының арасындағы байланысты дамыту – мәдениет саласын интегралды дамытудың басты міндеті;

– Қазақстан халықтарының мәдени дәстүрлерін, мәдени алуантүрлілікті сақтау;

– қоғамның шығармашылық потенциалын дамыту және көрсету үшін жағдайлар жасау;

– ел дамуында тактикалық және стратегиялық мақсаттарды кейінгі іске асыру үшін қоғамды біріктіретін оң құндылықтар жүйесін қалыптастыру, соның ішінде патриоттық кино түсіру үшін мемлекеттік тапсырыс жасау;

– мүмкіндіктердің теңдігімен және мәдениеттің жалпы қолжетімділігімен қамтамасыз ету;

– елдің экономикалық модернизациясы курсын рухани құндылықтар мен ұлттық мәдениеттер саласымен байланыстыру;

Жаһандық экономикалық дағдарыстан туындаған әлемдегі саяси тұрақсыздық елімізден өз мақсаттарын айқын нақтылауды, әлемдегі өз орнын дәл анықтауды, қазақстандық өркениетті сақтаудың кепілі ретінде өзіндік құндылықтар жүйесін, моральдік критерийлерді құруды талап етеді. Олар қоғамда мыңдаған жылдар бойы қалыптасады, халықтың сенімдеріне негізделе отырып, оның дәстүрлерінде және ғұрыптарында көрініс табады. Дәстүрлер, ғұрыптар және аңыздар қоғам моралін құрады. Біз өз дәстүрлерін жоғалта бастаған қоғам деградациясын бақылай аламыз. Керісінше, өзінің тарихи және мәдени түбірін білу адамның бойында өз елінің өткенін мақтан тұтушылықты, патриотизмді, жауапкершілік сезімін, мемлекет пен жанұя алдындағы міндетті тәрбиелейді.

Айқын мысалдардың бірі – қазіргі Жапония. Ол қазір ең дамыған елдердің бірі. 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін, американдық ядролық бомбалаудан кейін Жапония қайта аяғына тұрмай, «үшінші әлем» елдерінің дамуы деңгейінде қалатындай көрінді. Кенет ел қауырт дамуды бастан кешірді. «Жапон ғажайыбы» және «жапондық даму моделі» туралы сөз қозғалды [5]. Ал мұндай қайта өркендеудің себебі ежелгі адамгершіліктік дәстүрлерді, мәдениетті сақтауда жатыр. Жапондықтардың көпшілігі үшін дәстүрлі мәдениет өз алдына ұлттың өміршеңдігінің символына, оның әлемдік аренада нығаюының құралына айналды.

Дәл осылай біз қазақстандық қоғамға және мемлекетке өнегелік тіректі қайтаруымыз керек. Рухани және адамгершілік потенциалға мұндай тірек жасалмайынша, Қазақстан ешқандай өзінің мемлекеттік, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шеше алмайды.

Бұл ретте бізге орыс халқының өнегелік түпкі тамыры оның көп ғасырлық мәдениетінен бастау алатыны белгілі. Мәдениет біздің халқымыздың білімінің, идеалдарының, рухани тәжірибесінің жиынтығын көрсетеді. Біздің мыңдаған жылдық тарихымызда халық дәстүрлерінің негізінде руханилықты түсіну, ата-бабаны құрметтеу, ұжымдық өмір сезімі, әлемге, табиғатқа деген махаббатты түсіну қалыптасты. Кеңес кезінде патриотизмді, Отанға деген махаббатты тәрбиелеу де біздің өткенімізде болған тарихи мысалдар негізінде жүргізілді. Мысалы, Ұлы Отан соғысында біздің еліміздің мақтаныштары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқа көптеген батырлар өскелең ұрпаққа ғана емес, барлық жастағы адамдарға үлгі болды.

Мәдени даму туралы айтқан кезімізде жеке тұлғаның рухани-адамгершіліктік қалыптасуын, оның қоғамдық құндылықтарға сай тәрбиленеуін айта кетуіміз керек. Себебі адам потенциалы тек оның физикалық күйі мен денсаулығы ғана емес, сонымен бірге оның рухани толықтығы.

Соңғы онжылдықта елдің қоғамдық-саяси өмірінде орын алып жатқан өзгерістер адамгершіліктік-рухани бағдарлардың, идеалдардың, қоғамдық сананың барлық формалары мазмұнының өзгеруіне әкелді.

Адамгершіліктік-рухани тәрбие-мәдени құндылықтардың, идеалдардың және өмір мәнін берудің және көрсетудің аса маңызды механизмі, оның формасы мен мазмұны тарих, тіл, философия, әдебиет, дәстүрлер, психология тудыратын «ұлттық-мәдени әлем» спецификасымен анықталады. Рухани-адамгершіліктік тәрбиелеу міндеттерін орындау толыққанды құбылыс әрі қоғамның рухани қауіпсіздігінің басты алғышарты ретінде қазақ мәдениетін сақтаудың аса маңызды шарты ретінде қарастырылады [6, 17-21 бб.].

Келесі, бұрынғылардан жоғары адамдар қауымының нысаны – ұлттар маркстік және маркстік емес әдебиеттерде капитализмнің алдындағы қоғамның экономикалық саяси және рухани дамуы ұлттың пайда болуының материалдық және рухани алғы шарттарына дайындық болып табылады. Дегенмен, капиталистік қоғамда ұлттар жетіле алмады. Егер ұлыстың ұлтқа ауысуының алғы шарттары болып табылатын мекен еткен аумақтың ортақтығы, тілдің ортақтығы және қауым мәдениетінің ортақ белгілері, шаруашылық тұрғысындағы біртұтастығы феодализмде де орын алғанын еске алсақ, онда экономикалық өмірдің ортақтығының қалыптасуы феодалдық әр түрлі кедергілерді бұзған және әр түрлі аудандары арасында мықты экономикалық байланыстар орнатқан капитализмнің нығаюына және генезис процесіне байланысты. Мекен еткен аумақтың, тілдің, экономикалық өмірдің тарихи ұзақтығы негізінде ұлттың төртінші белгісі – осы халықтың мәдениетінде бекіп қалған, психологиялық тұрпаттың ортақ белгілері.

Ұлттың психологиялық тұрпаты халықтың тұрмысының мінез-құлқының, әдеттерінің, әр ұлттың өзіне тән қабілеттерінің, олардың әндерінің, билерінің, фольклорының, сурет өнерінің және т.б. ерекшеліктерінде көрінеді. Ұлттық мінез-құлық әр ұлтта әртүрлі болып келеді, сонысымен айрықшаланады. Осы айрықшылық олардың этникалық құрылымдарының ерекшелігімен байланысады.

Этникалық құрылымдардың пайда болуын кейінгі палеололит дәуіріне жатқызуға болады. Бұл кезде көне адамның мәдени компоненттері қалыптасқан, ал ол өз тарапынан оның көршілес қауымдастықтан ажырату белгісі болып келеді. Мұндай мәдени компоненттерге дін, тіл, шаруашылық түрі, жөн-жора жатады. Олар тұрмыстық деңгейде белгіленеді, ал тіл қатынас құралы ретінде түйсікті сезіммен сәйкестендіреді.

Бұл жерде көптеген ғылым саласында (мысалы, палеонтологияда) мәдениет деген ұғым басқаша түсіндірілетінін де айта кету керек. Ондағы мәдениет, тасты өңдеу, қарапайым құралды әзірлеу мәдениеті тұрғысынан қарастырылады.

Ерте замандағы жоғары палеолит дәуірінде этникалық қауымдастық белгілері байқалмаған. Ерте кезеңдегі археологиялық дәуірде адам топтарының қауымдары (немесе праобщина) сияқты әлеуметтік топ пайда болады. Бұл қауымның мүшелері мал сияқты болғанымен, мал емес. Яғни, адам қауымдары арасындағы байланыс әлеуметтік сипатта жіктеледі (топтастырылады). Демек, адам қауымдары атты әлеуметтік қауымның пайда болуы және де оны биологиялық қауым деп қарастыруға болмайды.

Біз атап өткендей, «этнос» сияқты берік қауымдастықтың құрамына кіретін адамдар тұрақты мәдени компоненттері бар жағдайда ғана қалыптасады. Мұндай компоненттерді, (Гумилевтің сөзімен) жүріс-тұрыс, мінез-құлық стереотипі деп атаймыз. Және де ол адамдардың қоршаған ортаға бейімделу тәсілі болып табылады.

Л. Гумилевтің теориясын әлеуметтік-биологиялық бағыт примордианистік әдістеме тұрғысынан қарастыра отырып, біз оның әлсіз жақтарын да көрсеттік, сонымен қатар оның этногенездің тарихи суретін көрсететін, белгілейтін жағымды жақтарын да атадық.

Бүгінгі таңда өркениеттің шыңында тұрған халықтардың да этникалық жүріс-тұрыс стереотипті қоғамның бастапқы дамуында тілмен қатар ең негізгі көрсеткіші болды және ол арқылы басқа қауымдастық мүшесі бір-бірінен ажыратылды. Әрине, егер олар түрлі антропологиялық өкіл болмаса. Кең түрде, этникалық жүріс-тұрыс стереотипі деп, этникалық қауымның өмір сүру барысында жинап-терген объективтік жағдайларының жиынтығын атаймыз. Оған этникалық топтың жүріс-тұрыс ережесі мен нормаларының жүйесі мен жергілікті жердің ландшафтына байланысты белгілі бір шаруашылық түрі де жатады. Бұл жерде адамның санасы (ақыл-ойы) тарихтың бастапқы кезеңінде синкретті және пайдакүнемді болғанын, сондықтан, магия түрінде пайда болған алғашқы өнер қоршаған ортаны өзгертуге ықпал жасаған.

Бұл жөнінде Ю. Борев, эстетика мәселелерін қарастыра келе, төмендегідей пікір айтқан «Дамыған өнер болмысты шындық деп көрсетпейді. Ал өнердің алғашқы түрі өзінің синкретті табиғатына байланысты магиялық шынайылықты болмыстың көрінісімен теңестіруді ойластырады» [4].

Алайда қазір, табиғаттан тыс ғажайып жағдайда адамдардың барлығы бірдей басқа күштерге сенбейтіндігі негізінде өмірлік дағдарысқа қатысты жағдаяттық сипатта болса, ал алғашқы адамдар үшін бұл күнделікті өмірлерінде олардың маңдайына жазылған жазуы сияқты болған да, іс жүзінде жетекші мәнге ие болған. Бұған дәлел ретінде қазіргі кездегі оқиғаларды келтіруге болады. Мысалы, әр түрлі экспедициялардың қазаға ұшырауы алғашқы сатыдағы даму кезеңдеріндегі адамдардың мекендерінде болған. Атап айтқанда, Амазонка мекенді елдеріндегі 1968 жылдың 30 қазанында миссионерлер отрядының қаза болуы (отряд кісілерінің біреуі ғана (орманшы) аман қалған, өйткені ол индеецтердің салтын білген екен.

Алайда, осы сияқты алғашқы даму кезеңіндегі этностардың осылайша оқшауланыуы мұндай жағдайда әр түрлі тектер ортаға тепкіш күш немесе ортадан тартқыш күш сияқты тұжырымда болатын этникалық үрдістер орын алған. Олар қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты біршама күшейеді және күрделене түседі.

Тарихи қарқында дамудағы этникалық картинаның (суреттің) тепе-теңдік көзқарастың, сондай-ақ этникалық үрдістердің нақты дәлдігі үшін бізге этникалық қауымдардың тарихи кезеңділігіне қатысты мәселеге назар аудару қажет. Тарихи кезеңдерге қатысты мәселелерге тоқталсақ, біз жоғарыда айтылған сұрақтарға толық жауап бере аламыз [5].

Мұндай адамдар қауымының тарихи нысаны немесе этностың тарихи кезеңдері отандық әдебиетте ру, тайпа, ұлыс, ұлт деген атауларға ие болды.

Аталған пікір сайыстар шеңберінде зерттеушілер арасында екі бағыт пайда болды, олар жоғарыдағы пікірді қолдайды; яғни олар тарихи деректердегі этникалық суретті бейнелеуші деректер, сондай-ақ, бұлардың практикалық жағынан құндылығы мен жағымсыз жақтары да аталып көрсетіледі. Мұнда «этнос» категориясы алдыңғы орынға шығарылады да, жоғарыда айтылған «ру», «тайпа», «ұлыс» деген ұғымдар ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуден алып тасталынған. Жеке этностық қауымдардың қалыптасуын қарастыру барысында біз, олардың пайда болуының негізіне адамдар қауымы ұйытқы болғандығын атап көрсеткенбіз. Олар, алғашқы әлеуметтік ұяшық бола келе, протоэтностар деп аталуы ықтимал.

Л.А. Файнбергтің пікірі бойынша: «Текті адамдар қауымы ретінде алғанда, олардың тілінің, салттары мен дінге сенушіліктерін, сондай-ақ кейбір алғашқы мәдениетінің жалпы элементтерінің кейбіреулерін санамағанда, тектің негізін қалаушылар атауының ортақ екендігін атап өткен жөн. Тек (род) мүшелеріне қатысты тараған жалпы ортақ атау, біздің қазіргі тілімізде «өзіміз» және «өзге» деген ұғымға бөлетіндігін куәландырады. Алайда қарастырған тек (род) тәрізді адам қауымының түрін ерекше басқадай айырмашылықтары бар бірлік ретінде қарауға болмайды. Себебі, берілген этнографиялық мәліметтер бойынша, тек (род) тіпті де соншалықты нашар қалыптасқан болса да, тайпасыз өмір сүре алмайды» [6].

Автордың сөзіне қарағанда, былай тұжырымдауға болады. Тайпалар үшін билік қызметін жүзеге асыру тән. Тайпа басында кеңес болған, оның құрамына барлық басты тектер енген. Ең маңызды мәселелер тайпалардың барлық мүшелерінің қатысуымен шешілген. Бұл этнографиялық деректерге Ф. Энгельс үлкен көңіл бөлген. Ол, негізінде, тайпаның ішінде әскери басшы немесе көсем, халық жиналысы, кеңесі болған деп көрсеткен.

Дүние жүзінің барлық халықтары дамудың осы алғашқы сатысынан өтеді. Рулық-тайпалық құрылыстың ең жоғары сатысында ең алдымен отбасылық, сонан соң өндіріс құралдарына жеке меншік қалыптасып, дамиды.

Демек, жеке меншік пен таптық айырмашылықтардың пайда болуы алғашқы қауымдық құрылыс пен рулық-тайпалық құрылыстың ыдырауына, келесі таптық құрылысқа ауысуына әкеледі. Қалыптасқан кластың құрылыстық негізінде адамдар қауымдастығының жаңа түрі – халық пайда болады. Ол әр түрлі тайпалар мен рулардан тарихи қалыптасқан, капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар (негізінде) пайда болған адамдар қауымдастығы.

Әрине, алғашқы қауымдастық құрылыстың ыдырауы мен оны құл иеленушілік құрылыстың ауыстыруы негізінде де, сонымен бірге тарихи дамудың құл иеленушілік сатысынан өтпеген елдерде алғашқы қауымдық құрылыстың феодалдық құрылысты ауыстыруы негізінде де қалыптасты.

Бірінші жолды Ежелгі Шығыс және ежелгі дәуір халықтары өтті деуге болады, екінші жол табиғи жағдайлар мен шаруашылық, құлдар еңбегін кең түрде пайдалануды қажет ете қоймайтын халықтар тұратын жерлерге тән болды. Мынандай қорытынды түйеміз, Марксизм классиктері ұсынған таптық тәсіл, этникалық қауымдастықтың жетілген сатысы ретінде ұлт-

тың қасиетін, ерекшелігін толығырақ ашады. Жоғарыда айтылғандай ұлттың қалыптасуы капитализмнің пайда болуымен, дамуымен байланысты.

Түпкілікті төңкерістік қайта құрулар тұсында жаңа ұлттық мемлекеттер мен ұлттар (орта ғасырларда болмаған) өздерінің ұлттық идеялары мен әлеуметтік тектеріне қарамай барлық субъектілерге теңдік пен бостандық алады.

Ұлттық идеяның иесі (ұстанушысы) ретінде халық тарихи аренаға жаңа тарихи жағдайда өмір сүруге қабілетсіз феодалдық тәртіпті жоя отырып шықты.

Осылайша біз халық категориясын философиялық аспектіде береміз. Этнография үшін халықтың өкілі, этнографиялық параметрлерге ие, таптық-қауымдық иелікке тәуелсіз кез келген тұлға болып табылады.

Этникалық үрдістердің ұлттық қозғалыстардан айырмашылығы формасында да, мазмұнында да. Біріншісінде апатты болып, адамдардың еркімен санасына байланысты болса, ал ұлттық қозғалыстарда саяси әдістермен іске асатын мақсатты қызмет болып табылады. Егер этникалық процестер этнографияның зерттеу объектісіне жатса, ұлттық қозғалыстар саясаттың зерттеу объектісіне жатады.

Осылайша этникалық қауымдастық жүйе өз генезисінде нақтылы тарихи жағдайларға байланысты біраз өзгерістерге ұшырайды және деңгейге жеткенде өзіндік жаңа сапаға ие болады.

Өзіндік ерекшелік этникалық қауымдастықтың барлық мүшелерінің әлемдегі болып жатқан үрдістерге қатысуын, онда өзіндік орын алуын талап етеді. Этностардың осы аталған жоғары деңгейге енуінің айқын көрінісі егеменді мемлекеттердің құрылуы болып табылады.

Алайда жоғарыда біз қарастырған ұлттың қалыптасу механизмі үнемі егемен мемлекеттердің пайда болуымен аяқталмайды. Жалпы мемлекеттік жүйеге немесе федерация құрамына кіретін де ұлттық мемлекеттер болады.

Ұлттық қалыптасу үрдісі оған жалпы тарихи тағдырлары арқылы біріккен бірнеше этномәдени қауымдастықтың топтасуын жоққа шығармайды. Ұлтқа азаматтық қауымдастық ретінде қарауды жақтаушылардың әрекеттері кейбір доктриналық кеңістікті қорғаумен дәлелденеді. Этнографиялық белгілер ұштасқанда ғана аталмыш аспект туралы сөз ету заңды болып табылады.

В.А. Тишков «Мұндай теңдестіру ең алдымен ұлт категориясынан этнос категориясының пайдасы үшін бас тарту және де ұлтты азаматтық қоғам деп тану», – дейді [7]. Мынандай тоқтамға келеміз, этнос категориясы тіл, діл, дін, өнер, мәдениетпен көрсетіледі.

Сонымен этнос сана-сезімді сәйкестендіретін ортақ мәдениет, ортақ тілге негізделген адамдық қауымдастық ретінде нақтылы тарихи жағдайларда белгілі бір кезеңде жаңа сапалық деңгейге (ұлтқа) ауысады.

Ұлт өз бойына мәдени, тілдік, психологиялық мінездемелерді жинақтап, дамып келе жатқан адам қоғамының ішінде жаңа сапалы байланыс тәсілін іске асырады. Этникалық қауымдастықты сәйкестендіру социализация процесінде қалыптасады. Этникалық қауымдастықты сәйкестендірудің мәдени құндылығы өте жоғары, басқа әлеуметтік топтарға қарағанда ол жеке тұлғаның өзіндік орындауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар этникалық сәйкестендірудің қандай да бір жеке тырысулар арқылы емес, туғаннан немесе белгілі бір этникалық ортада тәрбиеленуден пайда болады.

Этнология үшін индивидтің өзінің этносқа қатыстылығын түсінуін көрсететін этникалық сәйкестік мәселесі маңызды. Әрбір адам қандай да бір этникалық топқа жатады. Жаңа туған нәресте өзіне ұлттылықты таңдай алмайды. Белгілі этникалық ортада дүниеге келгеннен кейін оны қоршаған дәстүрлер мен мақсаттарға сәйкес жеке тұлға қалыптасады. Егер нәрестенің әке-шешесі бір этникалық топқа жатса, бала да этникалық өзіндік анықталу проблемасы болмайды. Мұндай адам өзін этникалық ортада тез және оңай сәйкестене алады. Ол өзінің туған этникалық қоршауының тілін, мәдениетін, дәстүрін, әлеуметтік және этникалық нормаларын меңгереді. Мұндай адамның санасезімі қоршаған адамдармен және өзінің ішкі дүниесімен ешқандай қайшылыққа келмей, гармонияда құрылады. Өзінің этникалық сәйкестілігін түсіну ешқандай себепсіз акт болып табылмайды, ол нақты қоғамдық қажеттіліктермен детерминирленеді.

Бір сөзбен айтқанда, әр елдің тұрмысы өзінің этникалық ерекшеліктерімен көрінеді, мұны бұл этносқа жатпайтын адам ғана тез аңғарады. Бірақта әр елдің салттары мен дәстүрлерінің көптеген ұқсастықтары бар, сондықтан бұл ұқсастықтар идентификация процесін қиындатады. Сондай-ақ, егер олар бір-бірінен қатты айрықшаланса, мұндағы идентификация сұрағын дұрыс шешу үшін арнайы маман қажет болады. Сол себепті, қазіргі этнологияда этникалық сәйкестендіру мәселесін этно-диффе-

ренцирлеуші белгілер арқылы шешудің бірыңғай жүйесі жоқ. Көшпелілерге тән этникалық құрылымның негізгі мәселелерге толы құпиясы мол сан қырлы болып келеді. Бұның сан қырлы құпиясын жете түсіну үшін ең алдымен көшпелі әлем туралы сұрақтар зерттеуді қажет етеді:

Этникалық құрылымның шарттары көшпелі адамдардың өз ішінде туындап, белгілі бір тәртіпті жүйеге айналады. Көшпелі қауымның сипаттарын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды, өйткені қоршаған ортаның этникалық, әлеуметтік, саяси жақтары ықпал етеді[8].

Көшпелі қауымның бітім болмысы – қоршаған ортамен табиғатпен астарласып-байланысу барысында пайда болатын дүние.

Дәстүрлі этникалық құрылымдарға тән бір ерекшелік – рулардың өзара аға, іні тәртібімен туысуы. Рулардың бір-бірімен жақындасып, сәйкестенулері олардың бірлігін, тұтастығын көрсетеді.

Көшпелі елдердің этникалық дәстүрлері басқа елдерде де өз жалғастығын тапты.

Көшпелілердің этникалық құрылымына әсер ететін негізгі фактордың бірі үздіксіз болып жататын инкорпорация. Көшпелілердің этникалық құрылымы біресе толып, біресе азайып отырады. Этнос біресе жойылып, біресе бірігіп, өзгерістерге ұшырап, басқа этностарға сіңіп жатады. Бұлардың өзгерістерінен этностық әлеуметтік төмендеу жоқ. Көшпелі этносқа ену немесе құрамына қосылуда бірнеше талаптар қойылады: рулық ұран, таңбаны қабылдау, ру шежіресі, ру жасағына қосылу т. б.

Осылай қай заманда болмасын көшпенділердің этникалық тұрмыс-тіршілігі ру аясында болып отырады. Дамудың, жылжудың барысында рулар мыңдаған этникалық уақыт кеңістігінен өтті.

Қандай туыстардың ұйымы – ата баласы атанатын қауым. Қазақ ұғымы бойынша саны миллионға жақын арғын да ру, қаракесек те ру, қаракесектің ішінде қарашөр де ру, оның ішінде қарауыл да ру болып саналады. Белгілі бір сандық мөлшер жоқ. Әр ру көшпелі этникалық құрылымның бүтін элементі, өзін-өзі басқаратын қауым.

Қ. Тевкелев жазғандай рулардың күші қара күш мағынасында емес болса керек, байыпты талқылауды қажет етеді. Кіші жүз құрамындағы рулардың ішінде біреуінің жолы үлкен – ағалығы, екіншісінің жолы кіші – ортаншылығы, үшіншісінің жолы – кенжелілігі, мұра иелері болып саналады. Бұл рулардың ара-қатынасында туыстық тәртіп үлкен рөл атқарады. Рулардың бір-бірімен тығыз қатынасқа түсіп араласуының себебі олардың жауапкершілігінде, намысшылдығында.

Осындай тұрмыс-тіршілігіндегі қиын қыстау кездерінде бір-біріне қол ұштарын беріп малды сақтап, қоныстың тұрақтамаған кезіндегі рулық бірлестігін сақтау.

Қазіргі заманда жер шарын мекендеген халықтардың этникалық құрамы бір-бірімен әбден араласып, біте қайнасып кеткен. Олар ірі-ірі ұлттардың, халықтардан, тайпалардан құралған және олар әр түрлі экономикалық-мәдени өсу дәрежесінде, қоғамның әр түрлі даму сатыларында өмір сүреді. Сондықтан бұл халықтардың өмірімен мәдениетін үйренуді жеңілдету үшін этнография ғылымы олардың тарихи туысқандық байланысына, өзара қарым-қатынасына, табиғи-географиялық, тілдік жағдайына, этнографиялық ерекшеліктеріне және тұрмыс-күйінің ұқсастығына қарай отырып, бүкіл дүние жүзінің халықтарын географиялық, тілдік, мәдени, антропологиялық деп төрт түрлі топтамаға бөледі.

Әрбір халық өздерінің белгілі мекеніне байланысты көзқарастарын айтады.

Бұл этникалық түсінікті әрбір халықтың мекеніне байланысты айтуға болады, бірі қыратты жерде, бірі құнарлы, сулы шүйгінді жерлеріне байланысты байқалады.

У.Х. Шәлекенов, М.У. Шәлекеновтердің ойы бойынша:

Дүние жүзіндегі халықтарды қоныстанған мекеніне қарай топ-топқа бөлуге болады. Топтарға бөлуде олардың ертеден мекен еткен жерін, көршілес халықтармен байланысын, өзара қарым-қатынасын, мәдениетін еске алады. Елдің этникалық құрылымымен танысып, сол елдің жергілікті халықты басқа жақтан кірме болып келушілерден айыра білу керек. Кейбір елдердің халқын «жергілікті» және «кірмелер» деп екіге бөлуге болады. Бір ұлттан құрылған елдерде болады [9].

«Этникалық» және «этникалық сәйкестену» түсініктері ғылыми күнделікті сөз қорына шетелдік әлеуметтік-мәдени антропология мен саясаттанудан енгені белгілі. Орыс тілінде ғылымға «этнос» терминінің және одан пайда болған туынды ретіндегі «этникалық» терминнің енуі «халық», «ұлыс», «ұлт», «ұлты» түсініктерінен тыс қандай да бір жаңа феноменнің пайда болуынан емес, ең бастысы осы түсініктермен қатар жүретін, барынша әйгілі феноменді анығырақ белгілеу қажеттігінен пайда болды.

Ал қауымдастықтың келесі, биігірек нысанасында – ұлыстың негізгі қандас туыстығы емес, адамдар арасындағы аумақтық, көршілік байланыстары жатыр. Кезінде В.И. Ленин ұлыс пен тайпаның арасындағы бұл айырмашылықты түсінбеген Н.К. Михайловскийді сынаған болатын. Михайловский бойынша ұлыс дегеніміз – өсіп, ұлғайған тайпа. Сөйтіп, ол ұлыстың пайда болуының алдындағы рулық тайпалық байланыстың жойылуын және осы негізде адамдар қауымдастығының таза этникалық емес, әлеуметтік-этникалық түбегейлі жаңа тарихи нысанның қалыптасуын көре білмеді. Біз тек әр түрлі этникалық топтардан (болгар, венгер) пайда болғанның ғана емес, сонымен қатар әр түрлі нәсілдерден (мысалы, итальяндықтар) пайда болған ұлыстарды да білеміз. Бұл процесс өте ұзаққа созылды: тайпалар мен ұлыстардың «қатар өмір сүруі» құлиеленуші қоғамның барлық кезеңіне тән, ал өзінің дамыған жағдайына ұлыстар тек феодализмде жетеді. Ұлыс – бұл тілдері, аумағы, мәдениетінің белгілі ортақтығы, экономикалық байланыстарының бастаулары бар, тарихи қалыптасқан адамдар қауымдастығы.

Бұдан әрі біз оның ұлттармен өзара байланысын толығырақ талдаймыз, оның тарихи процестегі эволюциясын зерттейміз. Қазір біз тек табиғатты және ұлыстардың мәндік белгілерін зерттеудегі тарихилық принципінің сақтаулы қажеттігін ғана атап өтеміз.

Этносты анықтайтын белгі жоқ. Біздің ұсынған анықтамамыз бойынша Homo Sapiens түрі тіршілігінің нысаны басқа ұжымдарға өздерін қарсы қойған даралар ұжымы болып табылады. Ол тұрақты, тарихи уақытта пайда болады және құриды, бұл этногенездің проблемасы болып табылады [10].

Әр ұлттық топ бір мемлекет ішінде өзара билікке ұмтылып халықтың табиғи байлығын және де жітістіктерін өз бас пайдасы үшін жеңіп алуға тырысады, ұлт топтары бір-бірімен қайшылыққа түседі. Адамзаттың генетикалық негізінде осындай теңсіздікке қарама-қарсы шығу жүйесіне айналған, мақсатына жету үшін адамдар, жеке немесе топтасу арқылы қойған мақсаттарына жетуге ұмтылады. Этнос ол, белгілі аумақта тұратын, бір-бірімен тығыз тіл, дәстүрімен, ой санасымен біріккен адамдарды этнос деп айтамыз.

Этностық қауымдастық және бірлестік деген ұғым кең таралып, әр этникалық топ өз мінездерімен ерекшеленеді.

Тұлғаның – рухани жетілуін жан-жақты танып, оның қоғамдағы, мәдениеттегі алатын мәнін қарастыру. Тұлға – мәдени әрекеттердің объектісі және субъектісі болып келеді. Мәдениет барлық салаларда кездеседі және өміртіршілігімізде қажет. Тұлғаның мәдениеттілігін іс-әрекетінен, қимылынан, бет-бейнесінен көреміз. Тұлға дамыған кезде, оның рухани және мәдени деңгейлері жоғарғы жетістіктерге жетеді. Сонда, тұлға жан-жақты дамиды. Мәдениет – тұлғаның іс-әрекетінің рухани компоненті. Мәдениет-тұлғаның іс-әрекетінің әр түрлі жақтарын қамтиды. «Тұлға» деген ұғым қоғамдағы жеке бір адамды не әлеуметтік мінезі бар адамды айтамыз. Жеке адамның қасиеті оның әлеуметтік немесе мәдени жақтарынан көрсетілмейді. Оған назар аударатын нәрсе тұлғаның ішкі жан-дүниесі, адамгершілігі, гумандық қасиеттері кіреді. Тұлғалардың осы қасиеттеріне байланысты ерекшеленеді және олар әр түрлі болады немесе біреуі қызығушылығымен, біреуі талабымен, біреуі қажеттілігі жағынан айрықшаланады.

Тұлғаны қарастырғанда мыналарға тоқталамыз: Бірінші: әр түрлі мәдени ортаға жататын тұлға ретінде. Екінші: әр түрлі рөлді атқарушы тұлға ретінде. Үшінші: бұларды жеке қарастырсақ, мәдени ортада тұлғаның адамгершілік, рухани ізгілікті істерін көреміз. Ал рөлдің негізі мен мазмұны мәселесі мәдени ортада, оның әлеуметтік дүниелерін ашады. Ұлттық, ұлыстық, әлеуметтік т.б. сипаттамада көрінеді. Тұлға түсінігінде жеке адамның жоғары бағалы қызығушылығы және адам өміріндегі өзін танушылық қойылымы ретінде алынады. Әрбір қоғамда, яғни белсенді, ықпалды адамды қалыптастыруын дамыту. Әр түрлі әлеуметтік орта арқылы жеке адам табиғи және тәжірибелік жұмыстарын, дағдыларын дамытып меңгереді.

Жаһандану аясында әлеуметтік жүйелер жаңарып заманымызда әр түрлі өзгерістер мен теңелу процесі ретінде бейімделуде. Жаһандануда тұлғаның нақты өміріне мәдени ортаның ішкі және сыртқы байланыстары ықпал етеді. Қазіргі уақытта тұлғаның дамуына, еліміз дәстүрлі әдіс және дәстүрлі мәдени институт заңдарына сүйенеді. Жас жеткіншектердің тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау керектігін қарастырады. Кез келген қоғамда жастарды ұсақ тапсырма беру арқылы және еңбек әрекетінің белгілі бір формасына ойын баулиды. Мысалы: кішкене балалар қазір автотұрақтарда машина жуып, күнделікті өмірге ақша тауып еңбек етіп әрекеттерін жасайды. Бұл да жаһандану кезіндегі еңбек тәрбиесінің әрекеті. Жаһандану мәдениетінің қарым-қатынасындағы тұлға басқа құндылықтармен күресуі қажет. Жаһандасу құн-

дылық бағдарлардың ерекше бір жүйесі ретінде көрініс тауып отыр. Жаһандануда жалдамалы еңбек шыға бастады және жеке меншіктер, бәсекелестік жүйелері пайда болып отыр. Сондай-ақ мәдениеттің бүкіл әлемдік, батыстық құрылымдары қазақ жерінде де өмірге келіп, өзіндік орнын таба бастады. Жаһандық аясындағы тұлғаның гумандық деңгейі де бүкіл әлемдік адамзаттың іс-әрекетінің ақпараттық біртұтас кеңістіктері өмірге әкелінді. Тұлғаның біртұтастығы оның көп деңгейлі жүйелілігімен сипатталады: генетикалық, рухани, әлеуметтік, саяси деңгейлілігімен. Адамзаттың мұндай біртұтастығы халықтың тілін, оның орын тепкен аумағын, өзіндік санасын, мәдениетін, менталитеті сияқты құрамдас бөлшектерді талдауды білдіреді. Рухани мен жеке тұлғаның әлемдік рухқа сәйкестігімен анықталатын бастапқы себебі мен бастапқы негізі болып табылады. Әлемдік рух дәуір рухы іспеттес қалыптасуы, дамуы, өзгеру үстінде және жеке тұлғаның адамгершілік-мәдени деңгейін анықтайды. Адамгершілік дегеніміз – адамның өзара құндылықтары – еркіндігі, қайырымдылығы, әділеттілігі қалыптасуы. Мұндай құндылықпен дамыған кезде өркениеттік деңгейге көтеріледі. Сондай-ақ, қоғамда социум сатысындағы адамгершілік құндылықтар қажет деген әлеуметтік ұғым шығып, нақты қоғамда және құқықтық нормаларға айналады.

Әдебиеттер

1 Абдыгалиев Б.Б. Политизация этничности: процессы, механизмы, последстия. – Алматы: Үш қиян, 2003. – С. 3.
2 Амеркулов Н., Масанов М. Казахстан между прошлым и будущим. – Алматы, 1994. – С. 17-20.
3 Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1972. – С. 124-127.
4 Бореев Ю. Эстетика. – М.: Политиздат, 1988. – 328 с.
5 Маркс Н. и Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. – Изд. 2-ое // Соч.: В 36 т. – М.: Госполитиздат, 1961. – Т. 21. – С. 132-135.
6 Файнберг Л.А. Первобытное общество. Основные проблемы развития. – М.: Наука, 1975. – С. 54-55.
7 Тишков В.А. Забыть о нации постнационалистическое понимание национализма // Вопросы философии. – 1998. – №9. – С. 15-26.
8 Бограмов Э.А. Национальный вопрос в борьбе и идеи. – М.: Политиздат, 1982. – С. 75-77.
9 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 18 б.
10 Козлов В.И., Покшиневский В.В. Этнография и география // Советская этнография. – 1973. – № 2. – С. 2-5.

References

1 Abdygaliev B.B. Politizacija jetnichnosti: processy, mehanizmy, posledstija. – Almaty: Ysh қijan, 2003. – S. 3.
2 Amerkulov N., Masanov M. Kazahstan mezhdu proshlym i budushhim. – Almaty, 1994. – S. 17-20.
3 Bromlej Ju.V. Ocherki teorii jetnosa. – M.: Nauka, 1972. – S. 124-127.
4 Boreev Ju. Jestetika. – M.: Politizdat, 1988. – 328 s.
5 Marks N. i Jengel's F. Proishozhdenie sem'i, chastnoj sobstvennosti i gosudarstva. – Izd. 2-oe // Soch.: V 36 t. – M.: Gospolitizdat, 1961. – T. 21. – S. 132-135.
6 Fajnberg L.A. Pervobytnoe obshhestvo. Osnovnye problemy razvitija. – M.: Nauka, 1975. – S. 54-55.
7 Tishkov V.A. Zabyt' o nacii postnacionalisticheskoe ponimanie nacionalizma // Voprosy filosofii. – 1998. – №9. – S. 15-26.
8 Bogramov Je.A. Nacional'nyj vopros v bor'be i idei. – M.: Politizdat, 1982. – S. 75-77.
9 Kenzheahmetuly S. Kazaktyn salt-dasturleri men adet-guryptary: Kopshilik okyrman kauymға arnalgan. – Almaty: Ana tili, 1994. – 18 b.
10 Kozlov V.I., Pokshinevskij V.V. Jetnografija i geografija // Sovetskaja jetnografija. – 1973. – № 2. – S. 2-5.

Борбасова Қ.М.,
Асканбеков С.Б.

Қазақстандағы азаматтық қоғам және дін

Мақалада жалпы азаматтық қоғам түсінігі және оның Қазақстандағы сипаты мен ерекшеліктері, Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіндегі діннің орны мен өзара байланысын ашу мәселесі қарастырылады. Азаматтық қоғам мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін ұжымдық жиынтық деп атайтын болсақ, оның қалыптасқан бейнесі мемлекет үшін аса маңызды фактор болып табылады. Өйткені азаматтық қоғамның кез келген мүшесіне айналып отырған әлеуметтік топтар мен өзге де қауымдастықтардың өзара әрекеттері бір тұрақты жүйені құрауы – тиімді қарым-қатынастар мен сәтті басқарудың негізі болып табылатыны сөзсіз. Осы ретте азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің де алар орны ерекше екендігін мойындау қажет және бұл бағытта қалыптасқан пікірлердің өзі заман ерекшеліктеріне байланысты қайта жанданып отыр. Мақалада Қазақстан Республикасы үшін өзекті болып отырған діни ахуал және азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіндегі діннің қызметі теориялық тұрғыдан талданып, нақты ғылыми негізге ие тұжырымдар жасау керек деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: дін, азаматтық қоғам, заң, радикализм, толерант-тылық, саясат, ислам, дәстүр, дәстүрден тыс исламдық ағымдар.

Borbasova K.M.,
Askanbekov S.B.

Civil society and religion in Kazakhstan

The article is reported on the role of religion and its influence in civil society. The most important event in this article is the overall concept of civil society and reporting its description and differences in Kazakhstan, and the role of religion and its interaction in the formation of civil society. The civil society is the appearance of development and stability of the countries and its image is the most important factor for the state. Because, many social groups and other communities around the stable relations system interaction to be effective member of the civil society, and is the basis of successful inevitable management. At the same time, the role of religion in the formation of civil society in this regard should be recognized that the current reviews of the revival of the modern features that are known. Problems that are studied in this article are devoted as the topic of the day. Due to the fact that global religious overtones are dominated by political events and conflicts, acts of terrorism are happening now. Thus, this is the very important event that the religious situation in the Republic of Kazakhstan, which is relevant to the analysis in process of civil society formation and religion in theory, has a clear scientific basis. Researchers believe that the issue is still should be the subject of basic research.

Key words: religion, civil society, radicalism, right, tolerance, politics, islam, tradition, unconventional islamic flows.

Борбасова Қ.М.,
Асканбеков С.Б.

Гражданское общество и религия в Казахстане

В статье рассматривается понятие гражданского общества в целом и его особенности в Казахстане, раскрывается значение религии в образовании гражданского общества и их взаимосвязь. Если же говорить о развитии и обеспечении стабильности гражданского общества, государства, поднявшегося до уровня коллектива, способствующего устойчивости, то этот образ является очень важным для самого государства. Потому что формирование социальных групп и других ассоциаций в определенную систему является основой выгодного взаимоотношения и благоприятного правления. В этом русле стоит признать важность религии в формировании гражданского общества, особенна и в виду различных особенностей эпох. В статье делается вывод по конкретным научным теориям о важности состояния религиозности и службы в религии в формировании гражданского общества для Республики Казахстан.

Ключевые слова: религия, гражданское общество, радикализм, право, толерантность, политика, ислам, традиция, нетрадиционные исламские течения.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 32:316.7:316.3

*Борбасова Қ.М., Асканбеков С.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: karlygash_bm@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының саяси бағдары – азаматтық қоғамды қалыптастыру және оның негізгі құндылықтарын халық санасына сіңіру болып табылатындығы анық. Ал халықтың күнделікті өмірінің негізі рухани құндылықтарға негізделеді. Сол себепті де мемлекеттің дамуы мен жекелеген тұлғалардың қалыптасуында діннің алар орны ерекше екендігін мойындау қажет. Осыдан келіп діннің азаматтық қоғамды қалыптастырушы факторына баға беруге болады.

Азаматтық қоғам дегеніміз зайырлы қоғам. Сондықтан бұл қоғамдағы қарым-қатынастар діни ұстанымдар бойынша жүзеге аспайды. Қоғам мүшелерінің еркіндігі мен бостандығы да қамтамасыз етілетіні де түсінікті. Дегенмен азаматтық қоғам бірқатар өзара байланысты ассоциация, тәуелсіз бірлестіктер, азаматтық қоғам институттарымен қатар, аса маңызды бір құрылымы – діни бірлестіктерден тұрады.

Бір байқағанымыз әлі күнге дейін дін мен азаматтық қоғамның өзара байланыстылығы мен бірін-бірі толықтыра алушылығы туралы мәселе ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, анықталған жоқ. Бұл алдымен қоғам мүшелерінің бір текті болмауынан туындаған. Өйткені қоғам мүшелерінің қатарында діндарлармен қатар, атеисттер де көптеп кездеседі және солай бола бермек те. Сондықтан діннің азаматтық қоғамдағы атқаратын қызметі туралы да жан-жақты пікірлер қалыптасқан. Мысалы «Идеализм мәселелері» сынды ғылыми жұмыстардың авторы болып табылатын орыс философы және діндар ойшыл Семен Франк дін мен азаматтық қоғамға ерекше мән берген және олардың өзара байланысты екендігін дәлелдеуге тырысқан [1]. Сәйкесінше қоғамдағы діннің алар орнының тым төмендігі мен оны жағымсыз етіп көрсетуге тырысып, тіпті мойындамау үдерісі марксизм идеологиясы және осы идеология шеңберінде жазылған еңбектерден қатты байқалады [2].

Сондықтан дін мен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесе алуы немесе сыйымдылығын анықтау ісі аса маңызды болып табылары анық. Сонымен қатар азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіндегі діннің алар орнына да шынайы баға берілуі тиіс деп санаймыз. Өйткені азаматтық қоғам құндылықтарының қаншалықты қоғамның шынайы әрі ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесімен сәйкестігі мәселесі

өзекті болып табылады. Ол үшін алдымен діннің азаматтық қоғаммен байланыстылығына баға бере отырып, анықтау қажет.

Дін тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын қасиетке ие. Ол негізгі қоғамдық құндылықтарды қалыптастырады. Адамгершілік пен инабаттылық – азаматтық қоғамның басты ерекшіліктері деп санасақ, бұл құндылықтар діннің көмегінсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Рас діннің де адамдардың іс-әрекетіне белгілі бір дәрежеде шектеулер қоятыны белгілі. Әрине мұндай шектеулер діни ұстанымдарға негізделгендіктен адамгершілік пен тәртіп қалыптастырушы да қасиетке ие. Осылай қоғамның мәдениеті мен тұлғаның рухани кемелденуіне жол ашады.

Шынайы қалыптасқан азаматтық қоғамда дін істеріне қатысты әртүрлі және бір арнаға тоғыспаған пікірлер болмауы тиіс. Өйткені азаматтық қоғам әр мүшесінің немесе тұлғаның дін еркіндігіне жағдай жасап, дін ұстанымына араласпауы тиіс деп саналады. Сондықтан әрбір тұлға дін ұстанымдарына қатысты мәселелерде өзіндік шешім қабылдайды және ең бастысы дін таңдау құқығы ешқандай мәжбүрлеусіз, бақылаусыз жүзеге асырылады.

Түрлі тарихи кезеңдерде қоғамдағы діннің алар орны мен қызметін қаншалықты жоқ қылып көрсетуге бағытталған әрекеттерге қарамастан дін өз атқаратын қызметінің жоғары екендігін дәлелдей алып, қайта жаңғырды. Оның айқын дәлелі бүгінгі зерттеу жұмыстарын біріктіретін ортақ тұжырымның қалыптасуында деп түсінеміз. Бұл тұжырымға сәйкес «дін азаматтық қоғамның аса маңызды құрылымы болып табылады. Мемлекеттік емес құрылымдар мен мемлекеттік емес қарым-қатынастардың өзегін діни ұйымдар мен бірлестіктер құрайды және бұл ұйымдар көп жағдайда ғалам мен қоғамда орын алып отырған қақтығыстарды ретке келтіру мүмкіндігі жоғары» [3, 77 б.].

Азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің атқаратын қызметі әсіресе дін өмір сүрудің негізгі ұстанымына айналған аймақтарда ерекше екендігі даусыз. Мұндай жекелеген аймақтардағы азаматтардың дін ұстанушылығы берік болғандықтан азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісі де дінмен етене байланысты болып келеді. Әрине азаматтық қоғамның қалыптасуына өз үлесін қосатын дін ұйымдарының қызметі ең алдымен сол мемлекеттің күшімен орнатылған заң шеңберінде ғана жүзеге асады. Осы мақсатта жаңа заңдар қабылданып, мемлекет территориясында дін ұстанушы жаңа конфессиялардың пайда болуына жағдайлар жасалады [4, 16-19 бб.].

Осы ретте азаматтық қоғамның қалыптасуындағы әлемдік діндердің бірі исламның атқаратын қызметіне тоқталуға болады. Азаматтық қоғам мен исламның өзара бірін-бірі толықтыра алуы мен исламның азаматтық қоғам қалыптастыра алу мүмкіндігі әлі күнге дейін ғылыми зерттеу жұмыстарында нақтыланып, әлем ғалымдарының ортақ пікірі қалыптаса қоймады. Бұл тек ғалымдар ғана емес, осы дінді ұстанушылар арасында да кездеседі. Мысалы М.Л. Шевченко «Способны ли мусульмане принимать участие в построении гражданского общества или являются его непримиримыми противниками» атты ғылыми мақаласында «мұсылмандардың демократиялық, азаматтық қоғам институттарының жұмысына белсенді қатысу мүмкіндігі деген сұраққа жауап іздегенде әртүрлі қорытындыға келуге болады. Оның бірі жанжалдың орын алу мүмкіндігі болса, екіншісі өзара сәтті әрекеттесе алу мүмкіндігі деп айтуға болады» деп қорытындылаған екен [3, 22-24 бб.]. Әрине бұдан шығатын қорытынды сөзсіз исламның азаматтық қоғам қалыптастырудағы мүмкіндігінің төмендігі деген қорытынды болмауы тиіс. Ислам дінінде азаматтық қоғам мен демократияға жақын түсініктер бар. Мысалы олардың қатарында кеңес, сайланбалы билік, басшыға бақылау орнату, қарсылық құқығы мен сөз еркіндігі, қоғамның саяси өміріне белсенді қатысу, ереуілге шығу құқығы, теңдік, әділ сот, әріптестік пен дін еркіндігі, саяси партиялар мен көппартиялық жүйе, тұлғалардың құқығын қорғау, жеке меншік құқығын атап өтуге болады. Тіпті жекелеген ғалымдар демократиялық принциптер алдымен дәл осы ислам дінінде пайда болған деп санайды. Бұл пікірмен де толық қосылуға болады. Дегенмен тұрғындардың саяси үдерістерге атсалысып, азаматтық қоғамның дамуына үлес қосуы және өз құқығын қорғап, азаматтық бостандығына ұмтылуы – Жер бетіндегі кез келген адамның заңды іс-әрекеті болып табылады. Бұл ретте бір мәдени немесе діни ортаға артықшылықтар берілмейді. Сондықтан азаматтық қоғамның қалыптасуындағы жекелеген діни сенімдердің мүмкіндігін жоққа шығаруға да болмас.

Әрине азаматтық қоғамның қалыптасуындағы діннің атқаратын қызметі алдымен дін ұстанушылардың бағыты мен күнделікті өмір сүруін анықтайтын заңдарының құрамы да аса маңызды. Олай дейтініміз көп жағдайда дәстүрлі емес дін өкілдерінің ұстанымдары азаматтық қоғам принциптерімен ұштаспай жататындығы

тағы бар. Ол тек ислам ғана емес, әлемдік бірқатар діндердің ішінде туындап жатқан секталардың жұмысынан анық байқалады. Өйткені олар қоғам құрылысының демократиялық емес, тоталитарлық қалпын қалыптастыруды көздейді және өз мүшелері арасында шектен шыққан фанатизмді насихаттайды. Сөз жоқ мұндай діни түсініктер азаматтық қоғам ұстанымдарымен мүлдем сай келмейді. Мысалы осындай дініміздің жағымсыз етіп көрсетіп, шынайы исламның келбетін өзгертуге атсалысқан Багаутдин Магомедов: «исламнан бөлек мемлекеттік құрылым ол – шайтанға тән. Шынайы мұсылман тек Алланың заңдарына бағынуы тиіс. Мен бірде-бір Ресейдің заңдарына бағынбаймын және қабылдамаймын» деген болатын [5, 66-69 сс.]. Дегенмен мұндай радикалды түсініктер тек қана исламға тән деп айту да дұрыс емес. Мемлекеттің ішкі тәртіптерін мойындамайтын көптеген діни ағымдардың жұмыстары белгілі. Керісінше дәстүрлі ислам өкілдері діннің азаматтық қоғам арасындағы байланысын қалыпты жағдай деп санап, оған жоғары баға береді. Ислам дінін азаматтық қоғамның маңызды бір бөлігі ретінде қарап, зайырлы мемлекеттілікті мойындап, оның заңдарына бағынып өмір сүруді насихаттайтынын көріп те біліп те жүрміз. Осыдан келіп шығатын қорытынды дін мен билікке деген өзара сыйластық болған жағдайда ғана азаматтық қоғам толығымен қалыптаса алады. Осындай жағдайда қалыптасқан азаматтық қоғам оның әрбір мүшесіне дін ұстануына, діни заңдылықтар мен тәртіптерді орындауына мәжбүрлеу шараларын жүргізбейді. Әрине радикалды немесе деструктивті діни ағымдардың жұмыстары қарқынды жүріп жатқан аймақтардың өзінде де азаматтық қоғамды орнатуға алғышарттар бар. Өйткені кез келген аймақтардағы діни ахуалға мән беріп қарайтын болсақ, көпшілігі азаматтық қоғамды қалыптастыруға деген жоғары ынтаны байқауға болады.

Азаматтық қоғамды қалыптасырушы діннің қызметін қазіргі таңда «дәстүрлі» және «дәстүрлі емес» деп бөлу қарастырылған. Сөзсіз бұл дегеніміз азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісі де осы екі қалыптың үлес салмағына да тікелей байланысты болып отырады. Мысалы «дәстүрлі емес» діни ұйымдардың қызметі азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісіне кері әсер етіп, тежеп отыратын қасиетке ие. Демек кез келген мемлекеттегі азаматтық қоғамды қалыптастыратын діннің өзі бір текті болмай тұр. Азаматтық қоғам құрмақ түгілі «дәстүрлі емес» дін өкілдерімен жүргізілетін күрес түрлері жекелеген мемлекеттерде адам құқықтарының бұзылуына алып келеді.

«Дәстүрлі діндердің» де қызметінде бір тектілік байқау қиын. Өйткені кез келген діннің өзі мейлі ол «дәстүрлі» діндер санатына жатқанымен ішкі бірнеше тармақтарға бөлініп отырғаны белгілі. Кез келген дін ішінде орын алып отырған бұл тармақтар арасында да көп жағдайда даулы мәселелер туындап отырғаны шындық. Мұндай әрекеттер өзге діндерге емес, өз сенімдестерінің арасындағы сенімсіздік пен жағымсыздық әрекеттерін тудырып отырады. Тіпті сол дінге қатысты ұйымдар немесе басқармалардың тек бір тармағына артықшылықтар беруі өзгелерге деген сенімсіздікті тудыруға себеп болады. Азаматтық қоғам құруда зайырлы қоғамға үлкен артықшылықтар беріледі. Сол себепті дін өкілдерінің биліктің кез келген тармақтарына енуіне, жұмыс атқаруына жол берілмей жатады. Бұл да жоғары да атап өткен бір діндес бауырлар мен тіпті өзге діндерге деген қарсылықты күшейтуі әбден мүмкін.

Сонымен қатар азаматтық қоғамның ұстанымдарын, оның қажеттіліктерін толық сезінгенімен, «дәстүрлі» дін өкілдерінің өзі қабылдауы қиын мәселелер де бар. Бұл қиындықтар көбінесе діни түсініктермен қатар дәстүр заңдылықтарымен тығыз байланысты болуы да мүмкін. Олардың қатарында гендерлік теңдік мәселесі, тұрғындардың дін басшылығына деген шамадан тыс сыйынуы, діни қауымдастықтардың жабықтығы мен томаға тұйық күн кешуі, өз діни сенімін өзгелерден артығырақ көруі, діни білімнің аздығы, құқықтық сананың жетілмеуінен анық көрініп отыр. Сондықтан кез келген мемлекеттік құрылым азаматтық қоғамның ұстанымдары мен құндылықтарын барынша насихаттап, білім деңгейін көтеруге және қоғамдағы тұлғаның қызметін дамытуға көп көңіл бөлу қажет. Әрине бұл ұзақ та оңай емес үдеріс. Бұл ретте өзгенің және табысты болған тәжірибені қатаң ескеру қажет. Ең бастысы азаматтық қоғам орнатуда бұрыннан қалыптасқан діни түсініктердің заңдылықтары мен ұстанымдарына ерекше көңіл бөлу қажет деп санаймыз. Өйткені ғасырлар бойына қалыптасқан мұндай діни негізді басқа түсініктермен ауыстыруды жергілікті халық немқұрайлы қалдырады деп санаймыз. Сондықтан қалыптасқан діни сана және азаматтық қоғам мен демократиялық принциптер қатар, бір-біріне қарсы келмейтіндей насихатталуы тиіс. Тек осындай жағдайда ғана, азаматтық қоғамның маңызды болып саналатын әр құрылымына, оның құқықтары мен бостандықтарының сақталуына

кепіл берілгенде ғана, нақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Осылайша азаматтық қоғамның қалыптасу үдерісінде дін өз қызметін толық әрі дұрыс атқарған болып шығады.

Көптеген сарапшылардың пікірінше Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы діни ахуал тұрақты деп сипатталады. Дегенмен әлемдік геосаясатта діни фактордың күшеюі өз кезегінде қазақстандық қоғамның да дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы салдарынан еліміздегі діни ахуалында жалған діни пиғылдағы экстремизм, радикализм, терроризм және фундаментализм мәселесі байқалып отыр.

Мұндай экстремистік пиғылдағы діни жағдай біздің елімізде жат әрі жергілікті емес діни ағымдар тарапынан анық байқалып отыр. Экстремизм – қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді теріске шығара отырып, шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге сүйенеді. Бүгінгі күні діннің догмалары мен нормаларындағы алшақтықты негізге алып, елге ылаң салатын экстремизмнің түрі өршіп тұрғаны белгілі. Сонымен қатар қазіргі таңда дінді саясиландырудың да үрдісі байқалып отыр. Діннің саясаттан жоғары екендігін бәріміз білсек те, «саяси ислам» деген ұғым пайда болғаны баршаға аян. Өйткені кей исламдық ұйымдардың радикалды әрекеттері орын алды. Діни астары басым экстремизм мен терроризмнің бой көрсетуі салдарынан дінді өз негізінен бұра көрсетіп, оны саясиландыруға қарай бұруда.

Бұл радикалды сипатымен ерекшеленетін саяси исламның идеологиялық бастауы көп жағдайда дін ғұламалары мен үлемдер емес, саяси интеллектуалдар байланысты болып келеді. Сол себепті оны ислам дінінің ішіндегі өзекті бағыт деп қабылдау дұрыс емес.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды қиындатып отырған экстремистік және радикалды топтар десек, олардың ішінде әсіресе, төзімсіздігімен ерекшеленетін саудиялық, ирандық және пәкістандық түбірге ие кейбір ислам жамағаттарының кері қызметтері аңғарылады. Бұл әсіресе жастар арасында таралып дамуда. Жалпы жұртшылыққа белгілі бұл кері ағымдар рухани ізденіс үстіндегі жастарды шырмап, дүниетанымдық мәдениеті қалыптаспағанын пайдаланып отыр. Өйткені олардың кез келген жас адамға тән болып келетін рухани ізденістерімен қатар, олардың әлеуметтік-материалдық мұқтаждықтарын пайдаланып отырады. Осылайша студент-жастар әсіресе шоғырланып орналасқан жерлерде тікелей уағыз арқылы немесе интернет ресурстары арқылы оларды өз қатарына тартып алуы жиі кездесіп жатады. Салдарынан көптеген қазақстандықтар халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген әдет-ғұрыптары мен ханафилік дәстүрлі исламнан бас тартып, қоғам мен мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшауланду. Сөйтіп қоғамнан тыс, мақсаты күмәнді бөтен ағымдардың қатарын толықтыруда. Оның соңы өздері байқамай сыртқы ықпалды күштердің геосаяси ойынының құрбанына айналумен аяқталып жатады.

Қазіргі таңда азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстардағы діни сананың жаңғыруы мен бүгінгі либералды-демократиялық қоғамның дамуына деген қызығушылық нәтижесінде толерантты дүниетанымының қалыптастыру маңыздылығы артып отыр. Қазіргі қазақстандық азаматтық қоғам – мультимәдениеттілігімен ерекшеленеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстар барысында діннің тұрғындар арасындағы рөлінің өсуі байқалды. Бұл құбылыстар посткеңестік мемлекеттердің барлығына тән жағдай деп айтуға болады. Дегенмен діни тәжірибе мен теорияның арасында әлі де көмескі тұстары көп. Себебі қазіргі кезеңде діни жүйенің дәстүрлі және дәстүрлі емес аясы туралы бұлыңғыр түсініктері қалыптасқан.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарға мән берсек жат көптеген діни ағымдар кеңінен таралғанын айта кетуіміз керек. Сондықтан осы уағыздаушылар жат діни сананы ендірумен айналысуда. Қазіргі таңдағы діни үдерістерге кері ықпал етуге тырысады. Көп жағдайда мұндай діни әрекеттердің соңы қазақстандық қоғамға тән емес төзімсіздік пен фанатизм ендіруде. Сол себепті мұндай жат идеологияға ата-бабамыз сан ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлі діннен ажырап, сондай-ақ осы діннің өкілі ретінде Қазақстан территориясынан шыққан діни ойшылдардың мұрасынан айрылуға алып келеді.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен дін арасындағы қарым-қатынастардың өзегі ретінде «дәстүрлі» діннің алар орны ерекше. «Дәстүрлі» діндер қатарында ханафи мазхабы, дәстүрлі исламмен қатар буддизм, несториандық христиандық және тағы да басқа түрлі рухани ілімдерді атауға болады. Сол себепті осы күнге дейін осылар арасында дінаралық шиеленіс орын алып көрген емес. Мұның басты себебі алдымен қазақ халқының толеранттылығымен байланысты.

Азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды құрап отырған дін иелері туралы

нақты қорытынды жасау үшін статистикалық мәлімет керек. Мысалы Қазақстан Республикасындағы 2009 жылы өткізілген халық санағы мәліметтеріне сай елімізде дінге сенушілердің саны 98% деп есептеледі. Олардың шамамен 70% – мұсылмандар болып табылады. Ал шамамен 23% – православтар болса, шамамен 5% – басқа да діннің өкілдері болып табылады. Осы келтірілген мәліметтердің ішінде тағы бір назар аударалық мәселе бар. Мысалы дінді ұстанатын тұрғындардың саны 40-50%-дан аспайды екен. Өйткені олар өздерін дінге сенушімін деп көрсеткенімен, нақты іс жүзінде олай емес. Олар нақты діннің ұстанымдары мен заңдылықтарын, рәсімдерін орындай бермейтіні анықталып отыр. Адамның діни сенімінің қаншалықты дәрежесін де өлшейтін белгілі бір өлшем жоқ. Дін жүктейтін жауапкершіліктер мен талаптар, парыз және сүннет амалдарын, ғибадаттарын толық орындайтындар санының көрсеткіші де мейлінше аз екенін ескеру қажет.

Ол турасында дінтанушы А.Г. Косиченко: «Қазақстандағы діни ахуалды сипаттайтын маңызды тұстардың бірі. Дінге сенушілердің «саны» мен «сапасы» жөніндегі нақты мәліметтердің болмауы мемлекеттің мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында тиімді саясат жүргізуін қиындата түседі» деген болатын [6, 54 б.]. Бұл азаматтық қоғам мен дін арақатынасын зерттей отырып, оны реттеу ісі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп қорытынды жасауымызға себеп болады. Өйткені ол қоғамдық көкейтесті сұраныстан туындаған жайт.

Азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстар мен азаматтық қоғамды қалыптастырудағы діннің атқаратын қызметін анықтау үшін алдымен мән беретін бір жайт ол – діни таным мәселесі. Діни таным дегеніміз қазіргі діни жамағаттардың жіктелуімен қатар, топтасуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, дін құбылысының формалық, әлеуметтік, құқықтық негіздері және зайырлы қоғамдағы құндылықтар арасында үйлесімді тетігін табу болып табылады.

Бүгінгі жаһандану заманына сай еліміз саяси тәуелсіздігіне қол жеткізумен зайырлы мемлекет мәртебесін алуға бет бұрды. Қазіргі таңда әлемдегі ең үлгілі зайырлылық нұсқасын жасауға да сәтті талпыныстар жасалуда деп айта аламыз. Еліміздегі азаматтық қоғам мен дін арасындағы байланыстарды реттеуші Қазақстан Республикасының алғашқы қабылдаған заңдарының бірі 1992 жылдың 15 қаңтарында болып еді. «Дін ұстану бостандығы және діни бірлестіктер туралы» деп аталатын Заңы мейлінше демократияшыл болды деп есептейміз. Сондықтан бұл Заңның жұмсақтығын жат жерлік және теріс пиғылды діни ағымдар өз мүддесіне сай пайдаланды. Елімізде қалыптасқан дінаралық татулыққа осылайша сызат түсірді. Осылайша діни ахуалды шиеленістіруге тырысушылық байқалды. Соның салдарынан 2011 жылы Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылған болатын. Сөйтіп сол жылдың 18 қазанда Қазақстан Республикасы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңы қабылданған болатын. Аталған заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады және азаматтардың арождан бостандығы, құқығын растайтындығын білдіре отырып, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретіндігін айта келе, мәдениеттің дамуы мен еліміздің рухани өмірінде ханафи бағытындағы ислам мен православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын жеткізген. Сонымен қатар аталмыш заңда азаматтық қоғам құру жолында Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін өзге де діндерді құрметтейтінін жеткізе келе, конфессияаралық келісім мен діни тағаттылық пен азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын басты негіз етіп алатындығын жеткізеді.

Сөзсіз аталған Заңның қабылданып, жүзеге асуы Қазақстандағы діни кеңістіктің де өзгеруіне жағдай жасады. Мысалы діни ұйымдардың саны үштен бірге дейін қысқарса, конфессиялардың саны 46-дан 17-ге дейін азайды. Жаңа қабылданған Заң азаматтық қоғам мен дін арасындағы қатынастарды реттеуге, ішкі конфессиялық қызметті жүйелеуге қосымша мүмкіндіктер берген болатын.

Сөзсіз осындай реттеуші заңмен қатар, мемлекет тарапынан енгізілетін идеологиялық құрылымның жоқтығы салдарынан діни ағымдар мен наным-сенімдерге сұраныс жоғарылаған болатын. Осы тұста дін идеологиялық дағдарыстың орнын толтырушы қызметін атқарды. Ал «дәстүрлі» діни ұйымдардың әлсіздігі салдарынан рухани институттар күшейіп келе жатқан халықтың рухани және діни талаптарын қанағаттандыра алмады. Оған алдын алу шарасы ретіндегі діни білім беру стратегиясы жасалмады, сонымен қатар діни ағарту жұмыстары да жүргізілмеді. Сөзсіз мұндай үрдіс рухани дәстүр мен тіл, салт-дәстүр сияқты ұлттық мәдениет құндылықтарына да қауіп төн-

Переходя ко второму важному моменту о новом этапе развития тюркской культуры, в частности казахской культуры, возникает необходимость прояснения, что собой представляет данный этап. Итак, современный этап развития казахской культуры заключается в ее визуализации. В современном обществе все ускоряющегося развития постоянно возникают новые явления, связанные с усилением роли визуальных коммуникаций, переплетением множества визуальных кодов, режимов видения, техник и практик визуальности, дополняющих или взаимодействующих друг с другом, при этом текстуальное восприятие смысла в значительной степени теряет свое значение, уступая место визуальному мировосприятию. Одним из такого рода феноменов предстает визуализация. Казахстан, конечно, не может быть отдален от упомянутого феномена. Доказательством тому служит процесс глобализации. Человек, живущий в современном мире, помещен в бешенный поток информации, воспринимаемой зрением. Проблема развития визуальной культуры затрагивает все отрасли человеческой деятельности, осуществляемые на различных этапах взросления: в дошкольном возрасте, когда системообразующим в познании школьника является процесс восприятия; в младшем школьном, когда процесс обучения требует опоры на наглядность; в подростковом, когда в значительной мере с опорой на зрительный образ развивается процесс социального познания; в юношеском, когда овладение научными знаниями с опорой на современные технические средства и их практическое применение невозможны без использования визуального мышления. Развитие наукоемких и высокотехнических производств требует привлечения в сферу науки, техники и производства большого числа работников, обладающих знаниями и умениями визуализации различной информации. То есть, выходя на улицу, казахстанец, так же как и любой другой человек, живущий в ногу со временем, воспринимает мир зрением. Происходит упрощение информации, где нет необходимости переосмысливать какие-либо моменты, вне зависимости их значимости. Можно привести простейший пример из жизнедеятельности человека: подходя к стиральной машинке, мы исходим из знаковых символов, находящихся на панели ее управления, и тут же наш мозг классифицирует информацию, связанную с режимами стирки. Снова вернувшись к обсуждению тенденций в искусстве, но уже в аспекте визуализации можно отметить, что телевидение сменило радио, киноискусство стало мощнейшим двигателем массовой культуры. Здесь проще сказать: «Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать». Отсюда влияние на массы рекламной индустрии, появление понятия общества потребления [8], безвольно поглощающего внедряемому ему информацию. Именно информацию, а не глубинные знания. Человек, обучающийся сегодня является не знающим, а скорее информированным. Студент, приходя на занятие, при помощи гаджетов чаще использует ресурсы интернета, в частности википедии [9], в достоверности информации которой можно сильно сомневаться. Не хотелось бы указывать только на негативную сторону визуализации современной культуры. Это скорее неизбежность в которую мы попали, только лучше бы предостеречь обывателя от манипуляции собственным сознанием. Очередным примером окулоцентризма на просторах родной страны выступает презентация «Театра глухих» в Астане. Открытие произошло на всемирный день глухих, проходящий каждое воскресенье сентября (29.09.2013).

Нами было проведено исследование среди студентов социогуманитарных и естественных специальностей в возрасте от 19 до 34 лет. Оно показало, что 62% респондентов считают себя зависимыми от интернета и гаджетов, 26% не считают себя зависимыми и 13% – возможно зависимыми (рис.1). Большая часть респондентов 85% знают о мерах профилактики и способах борьбы с цифровой зависимостью, только 15% не знают о них. Среди методов профилактики борьбы с цифровой зависимостью называются хобби, спорт, живое общение с друзьями, прогулки на воздухе, игра на инструментах, отключение интернета и гаджетов, помощь по дому, сила воли, самоконтроль и дисциплина. Обучение с использованием

IT-технологий приветствуют 36% обучающихся, за преподавание без IT-технологий высказались также 36% обучающихся, смешанные технологии обучения поддерживают 28% обучающихся (рис.2). Почти все опрашиваемые – 97% используют интернет-ресурсы, в основном поисковики, электронные книги, обучающие видео, веб-семинары. Среди электронных методов обучения называют дистанционные формы обучения, аудио- и видеоуроки – 59%. Результаты данного исследования показывают уровень самосознания магистрантов первого года обучения. Здесь студенты ощущают и принимают свою интернет-зависимость и знают пути борьбы.



Рисунок 1 – Исследование среди студентов социогуманитарных и естественных специальностей в возрасте от 19 до 34 лет



Рисунок 2 – Обучение с использованием IT-технологий

Таким образом, процесс модернизации должен быть уравновешен ценностями менталитета. Это возможно осуществить посредством института образования как одного из важнейших инструментов и механизмов гармонизации социума.

Литература

1 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967.
2 Хасанов М.Ш., Каракозова Ж.К.Космос казахской культуры. – Алматы: Эверо, 2011.
3 Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии. – Алматы: К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011. – 216 с.
4 http://bnews.kz/
5 Указ Президента Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 147. «Об утверждении Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности и единства».
6 Махлуп Ф. Производство и распространение знания в Соединенных Штатах // http://joomby.ru/book716745.html
7 Репетюк В.Ф. Масуда Ё. Информационное общество как постиндустриальное общество. – М., 1983
8 Бодрийяр Ж. Самарская Е. Общество потребления. Республика, Культурная революция, 2006.
9 http://ru.wikipedia

References

1 Gumilev L.N. Drevnie tjurki. – M.: Nauka, 1967.
2 Hasanov M.Sh., Karakozova Zh.K.Kosmos kazahskoj kul'tury. – Almaty: Jevero, 2011.
3 Barlybaeva G.G. Jevoljucija jeticheskih idej v kazahskoj filosofii. – Almaty: K-IC IFP KN MON RK, 2011. – 216 s.
4 http://bnews.kz/
5 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 28 dekabrja 2015 goda № 147. «Ob utverzhdenii Koncepcii ukreplenija i razvitija kazahstanskoj identichnosti i edinstva».
6 Mahlup F. Proizvodstvo i rasprostranenie znanija v Soedinennyh Shtatah // http://joomby.ru/book716745.html
7 Repetjuk V.F. Masuda Jo. Informacionnoe obshhestvo kak postindustrial'noe obshhestvo. – M., 1983
8 Bodrijjar Zh. Samarskaja E. Obshhestvo potreblenija. Respublika, Kul'turnaja revoljucija, 2006.
9 http://ru.wikipedia

Мұқан Н., Бөлекбаев С.Б., Тунгатова У.А.

Қытайда ислам дінін насихаттаудағы медреселердің орны

Мақалада авторлар Қытайда ислам дінін қабылдаған аз ұлттар қазақ халқы арасында ислам дінін насихаттауда алғашқы медреселердің маңыздылығын талдаған. Медреселердегі білім беру бағдарламасы Қытай Коммунистік партия саясатына сай жүзеге асқан. Қытайдағы қазақ халқының ислам дінін меңгеруде Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиінің рөлі жоғары болды. 1950 жылдан бастап Қытайдағы әлеуметтік құрылым жүйесінің қайта құрыла бастауына байланысты Қытайдағы аз санды ұлттардың, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылымдары да біртіндеп өзгере бастады.

Түйін сөздер: ислам, мектеп, партия, медресе, дін, қазақ, араб әліппесі.

Mukan N., Bulekbayev S.B., Tungatova U.

The role of madrasas in promoting the islam in China

The authors analyze the relevance of the first Muslim schools, madrassas in Islam propaganda in China among ethnic minorities who accepted Islam. Educational programs in Chinese madrasah were implemented according to the strategy policy of the Communist party of China. In the acquisition of Islamic literacy among the Kazakh population of China the Ahmet Baitursynuly alphabet played a major role. From 1950 with reorganization of the social structure in China the traditional social structure of Kazakhs also were changed.

Key words: Islam, school, party, madrasah, religion, Kazakh, Arabic script.

Мұқан Н., Бөлекбаев С.Б., Тунгатова У.А.

Роль медресе в пропаганде религии ислам в Китае

Авторы анализируют актуальность первых мусульманских школ медресе в пропагандировании ислама в Китае среди национальных меньшинств, принявших ислам. Образовательная программа в китайских медресе была реализована согласно стратегии политики Коммунистической партии Китая. В приобретении исламской письменности среди казахского населения Китая большую роль сыграл алфавит Ахмета Байтурсынулы. С 1950 года в связи с переформированием социальной структуры в Китае были изменены традиционные общественные структуры казахов.

Ключевые слова: ислам, школа, партия, медресе, религия, казах, арабская письменность.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 28 (510)

*Мұқан Н., Бөлекбаев С.Б., Тунгатова У.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: nmk-nurzat@mail.ru

ҚЫТАЙДА ИСЛАМ ДІНІН НАСИХАТТАУДАҒЫ МЕДРЕСЕЛЕРДІҢ ОРНЫ

Қытай коммунистік партиясы (ҚКП)1949 жылы билік басына келді. ҚКП 1950 жылдан бастап ресми түрде Қытай Коммунистік Партиясының басқаруына өткен қазақтар өмірінде көптеген өзгерістер болды. Комунистік партияның бір тұтас басқаратын билік жүйесі орнағаннан бастап, ел көлемінде өзінің саяси-әлеуметтік басқару құрылымдарын құруды қолға алды. Осылайша Шыңжаңда өлкелік, аймақтық, аудандық округтық және ауылдық әкімшіліктер орнай бастады. Барлық нәрсені бір ғана партия – коммунистік партия өз уысына ұстады. Сонымен ондағы қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылымы мен азаматтық институттары өзгеріске ұшырап, Қытайдың дәстүрлі қоғамдық құрам жүйесі біртіндеп орнай бастады. Қазақ аудандарында төменгі топтан шыққан «белсенді» кедей төмен, орта диқан өкілдері қоғамда негізгі басшылық орында болған демократиялық әкімшіліктер орнай бастады.

Төңкеріс нәтижесінде билікке келген Қытай Коммунистік партиясы КСРО-мен тығыз байланыс орнатып, елді социалистік жолмен дамытуға күш салды. 1951-1953 жылдың тамызына дейін ҚКП орталығы жолға қойған «жер реформасы» заңы негізінде елдің мәдени және саяси өмірін жандандыру жұмыстары жүрді. Елдің аумағы (территориясы) ірі әскери-әкімшілік болып бөлініп, оларды халық-азаттық әскерінің өкілдері басқарды. Шыңжаң өлкесінде де Қытай әскери тәртіп режимі арқылы найзаның ұшы жоғары жік өлкелеріне кезелді.

Олардың ортақ жерін қайтарып алып, төменгі таптан шыққан жері жоқ немесе жері аз шаруаларға жер телімдері бөліп берілді. Әрі олардың ішінен шыққан шала сауаттылар мен белсенділерді әкімшілік қызметтерге қабылдап отырады. Бұл қозғалыста Қытай Коммунистік Партиясының үш принципі басшылыққа алынды: «Кедей, жалданбалы шаруаларға сүйену, орта шаруалармен ынтымақтасу, феодалдық қанау жүйесін біртіндеп жою» [1] болатын. Осы қозғалыстардың нәтижесінде кең сахарада өскен қазақтардың жер меншік жүйесі мен қоғамдық құрылымы түбегейлі өзгертіле бастады.

Қытайдың Шынжаң өлкесінде қазақ қатарлы 13 ұлт өмір сүргендіктен, Шыңжаңда автономиялы саясат қолданылуы қажет болды. Іле Қазақ автономиясының орталығы Құлжа қаласына қарайтын Іле, Алтай, Тарбағатай аймағындағы қазақ халқының

саны 1949 жылы 443 700 адам болған [2]. 1951 жылдың басында Қытайда аймақтық және үздік өкіметтер құрыла бастады. Ондағы басты мәселе «автономия құқығын алған жерлер сол ұлттың өкілі негізгі басшылық орында болды» делінген. Қытайдың ішкі аудандарымен қатар ұлттық автономиялы аудандарда да осы мәселеге байланысты жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде жергілікті аз ұлт өкілдерімен Қытайдың арасында шиеленістер туды. Қытайдың ұлт саясатына орай қоныстандырылған қытайлықтар биліктен тыс сыдырылып қалатындықтарын ойлап, қарсылықтар білдірілді.

Іле қазақ автономиялы облысы 1954 жылы қарашада құрылды. Іле Қазақ автономиялы обылысының ең жоғарғы құқықтық органы – обылыстық халық құрылтайы. Іле қазақ автономиялы обылысы Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районына бағынды. Ал Шыңжаң ұйғыр автономиялы районы (ШҰАР) ҚХР орталық үкіметіне бағынды. Шыңжаң өлкесі. Шыңжаң өлкесі ШҰАР болып 1955 ж. құрылған.

1950 жылдан бастап Қытайдағы әлеуметтік құрылым жүйесінің қайта құрыла бастауына байланысты Қытайдағы аз санды ұлттардың, соның ішінде Қазақтардың дәстүрлі қоғамдық құрылымдары да біртіндеп өзгере бастады. Ол өзгерістер алғашқы кезде ауылшаруашылығы мен малшаруашылығын корпоративтендіру малшыларды отырықшыландыру бағдарламасы бойынша біртіндеп жүзеге асырылды. Осының барысында мемлекет шаруаларға қаржылай және техникалық қолдау көрсетіп, қарапайым халықтың тұрмысын біршама жақсартты [3].

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінде тұратын аз ұлттардың өздеріне тән оқуағарту мен ұлттық мәдениетінің қалыптасқандығы белгілі.

Қытайда 1928 жылға дейін араб графикасы қолданыста болған. 1950 жылдың ортасына қарай Қытай үкіметі оқу-ағарту саласына жаңа реформа енгізеді. Реформаның бір бағыты аз ұлттар қатарына жататын қазақтарға да келіп жетті. Аталмыш реформаға сай 1956 жылдың наурыз айында Үрімжі қаласында конференция өтеді. Конференцияның шешімдеріне сәйкес қазақ тілі басқа да түркі тілдері сияқты кириллицаға көшіріледі, өзбектер мен татарлар, оған қоса ұйғырлар да осы жазуға көшіріледі. Осы кезден бастап қазақ тіліндегі әдебиеттер мен басылымдар кириллицамен жазылып, жарық көре бастады [4].

1958 жылы Қытай үкіметі түрлі ұлттардың тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, кириллицамен қатар латын графикасын қолдануға шешім шығарады. Яғни «Социалистік құрылыс процестерін қалыптастыру барысында тілді дамытуға кедергі келтіреді» дей отырып, реформаның жылдам қабылдануына түсініктеме береді. Бірақ, бұл тұста Қытайда мәдени революцияның тереңдеуіне сай әдебиеттер өте аз көлемде шығып жатты. Тек, 1973 жылдан бастап қана баспа ісі жанданып, Шыңжаңның аз ұлттары өз ана тілінде жазып, оқу-ағарту жұмыстары жаңа енген жазу ісімен жүргізілді.

Қытайдағы түрік тілді аз ұлттар үшін латын графикасын пайдалану тілдік мүмкіндіктеріне сай болмауларына байланысты 1982 жылы ұйғыр, қазақ, қырғыз ұлттары араб графрикасын оқу-ағарту жұмыстарына қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар монғолдар өз графикасына көшсе, сибо ұлты әдеттегі маньчжурлық жазуын пайдалануға мүмкіндік алады [5].

Осы тұстан бастап қазақ тіліндегі түрлі басылымдар мен әдебиеттер араб графикасымен басылып, жарық көреді.

1949 жылы Қытай үкіметінің басына коммунистер келген соң, олар социалистік құрылысты марапаттағаны белгілі. Алғашында олар сауатсыздықпен күресуге күш салды. Мұндай саясаттың бір ұшы Шыңжаң өлкесіне де келіп жетті.

1949 жылға дейін қазақ балалары мұсылман мектептеріне барып, араб графикасымен Құранды меңгереді. Сол кезеңдегі деректердің көрсетуі бойынша 1949 жылдары қазақтар арасындағы сауатсыздық өте жоғары деңгейде болды. Әйтсе де, гоминьдандықтар билігі тұсында Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың біраз бөлігі білімді болып, түрлі саяси жұмыстармен айналысқан. 1930 жылы Шэн Шицай (Cheng Chicai – Шың Шысай) білім жүйесіне қайта өзгерістер енгізеді. Жергілікті аз ұлттарға мектеп ашу мүмкіндігі туады. Сондай-ақ ұйғыр, қазақ сияқты сан жағынан басым ұлттарға мәдени ассоциациялар құру мүмкіндіктері беріледі. 1938 жылы Шыңжаңда 1540-қа тарта ұйғыр мектебі болып, онда 89 804 оқушы білім алса, 19 322 оқушысы бар 275 қазақ мектебі, 44 оқушысы бар дүнген мектебі, 917 оқушысы бар 14 монғол мектептері ашылған. Қытайдың жаңа замандағы деректеріне сүйенсек, 1941 жылы бастауыш сыныптарға арналып 81 900 оқулық ұйғыр тілінде, 12 400 оқулық монғол тілінде, 15 400 оқулық қазақ тілінде, 10 900 оқулық қытай тілінде жарық көрді. Бірақ 1944-1949 жылдары елдегі саяси жағдайлардың тұрақсыздығына орай баспа ісі мүлдем тоқтап, дамымай қалған [6].

1930 жылдары Шыңжаңда 100-ге тарта ұйғыр және қазақ студенттері болған. Осы кезеңде

Шыңжаң өлкесінің Үрімжі қаласында бір ғана «Құқық және саяси ғылымдар» деп аталатын колледж болған. Кейбір ауқатты отбасылары балаларына жоғары білім алдырту мақсатында балаларын Қытайдың орталық қалаларына, тіпті Кеңестер Одағына да аттандырған кездері де болған. Өте бай деген отбасылары тіпті таяу Шығыс пен Европа елдеріне де жіберіп, балаларының білім алуына мүмкіндіктер туғызып отырған. Мәселен, 1947 – 1948 жылдары Шыңжаңның губернаторы болып тұрған Масғуд Сабри Стамбулда медициналық білім алған болса, Бұрхан Шахидиді Германияға жіберіп, білім алғызған [7].

Қытай деректерінің мәліметтерінше, 1940 жылы Шыңжаңның солтүстік-шығысына орналасқан қазақтардың үш ауданындағы қазақтар арасындағы сауатсыздық 80 процентке жуық болады. 1 479 ғана бастауыш мектеп болып, 200-ге жуық қазақ бүлдіршіні білім алады. 1949 жылы мұндай мектептердің 489-ға жетіп, 52 119 оқушысы болған. Сонымен бірге арнаулы орта білім беретін 30-ға тарта мектеп ашылып,1 610 оқушының білім алуына мүмкіндіктер туғызылған. Құлжа қаласында ерлер мен әйелдерге сауаттарын ашуға арналған арнайы бастауыш мектептер ашылады. 1946 жылы Құлжа қаласында Іле көтерілісінің көрнекті басшыларының бірі болған Ахметжан Қасыми ғылыми техникалық мектеп ашады. Осы жылдары қазақтардың көпшілік бөлігі білім алуға айтарлықтай қол жеткізбесе де, білімділердің қатары өседі. Баркөл қазақ автономды ауданында арнаулы ересектер үшін 10 мектеп ашылады. 1957 жылы ол мектептерден 328 ересек адам сауатын ашып шығады.

Бірақ, қазақтар көшпелі өмірде болғандықтан оларда білім алу жүйесі басқа аз ұлт өкілдерімен салыстырғанда біршама төмен болды. Кеңестік жүйеге бет бұрған Қытай үкіметі көшпелілер балалары үшін арнаулы мектеп-интернаттар да ашады. 1982 жылы Шыңжаңда 265 бастауыш мектеп-интернаты мен 116 орта білім беретін мектеп-интернат болған.

Сондай-ақ Морый Қазақ автономды уезінде де бұл процестің дамуы көріністер береді. Мұнда 1949 жылы небәрі 11 мектеп, 24 оқытушы, 600-ге тарта оқушы болса, 1964 жылы уезде 4 500 оқушысы бар 29 бастауыш мектеп, 1орта мектеп болған. Онда 400 оқушы білім алса, 100 оқушы қазақ балалары. Мектептегі 240 мұғалімнің 45-і қазақ оқытушысы. Мәдени революциядан кейін уездегі мектептер саны өседі. Уездегі 4 315 мектептің 1/4 аз ұлт өкілдерінің мектептері болып, әр ұлттың балалары өз ана тілдерінде білім алған.

Іле – Қазақ автономды округінде де біршама мектептер болды. 1966 жылы округте 880 бастауыш мектеп пен 62 орта мектеп болады. 1982 жылы олардың саны 842-ге қысқарды. Оларда 231 128 оқушы білім алса, оның 11 228 қазақ балалары болатын.

Алғашқы кезеңде Шыңжаңдағы аз ұлт өкілдерінің білім алуы үшін оқулықтардың көпшілік бөлігі Кеңес Одағынан алынып отырылса, 1952 жылы ұйғыр, қазақ, монғол тілдерінде оқулықтар жарық көре бастайды. 1955 жылы Шыңжаңда 168 мың оқулық басылып шығады. Бұның басым бөлігі ұйғыр, өзбек, қазақ тілдерінде жарық көріп, автономды облыстардың мектептеріне таратылып беріледі. Шыңжаңда сауат ашатын немесе орта мектептермен қатар жоғары оқу орындары да ашылып жатты. Алғашқы Шыңжаң университеті Үрімжі қаласында ашылады. 1949 жылы университеттен 3 000-ға жуық студент жоғары білім алып шықса, 1957 жылы 2 537 студентке дейін қатары өседі.

Қазақтардың ежелден-ақ халық ауыз әдебиеті өте жоғары дамығаны белгілі. Қытай қазақтарында да түрлі аңыз-әңгімелер, эпостар, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар ауыздан-ауызға өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан.

Аз ұлттың ақын-жазушыларымен қатар қазақтың да ақын-жырау, күміс көмей әншілері болды. Олардың қатарында Ақыт Қажы Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы және Таңжарық Жолдыұлы сияқты ақындар ілегі болды.

Ақыт Қажы Үлімжіұлы 1868 жылы бүгінгі Шығыс Түркістандағы Алтай аймағының Бұрылтоғай ауданына қарасты Қайырты жерінде дүниеге келген. Оның «барып қайттым Бисантау», «замана келді қырланып», «ғақлиялық үндеулер» сияқты шығармалары намыс-жігердің қайрағы болады.

Ақын саналы өмірінде елім деп өксіп, қара қазақтың қамын жеп өтеді. Ақыт көзі ашық сауатты адам болып, «Айқап», «Дала уәлаяты», «Қазақ елі» сияқты басылымдар арқылы Алаш азаттық идеясын жүйелі қабылдап, 1920 жылдың соңғы жартысынан бастап-ақ қытай билеушілерінің қатаң саясатына қарсы шығады. Біраз игілікті істер атқарып үлгерген ол 1939 жылы Шың Шысай (Шэн Шицай) бұйрығымен қолға түсіп, 1940 жылы айуандықпен азапталып өлтіріледі [8].

Одан кейінгі Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Қарағанды облысының Көктоғай ауданында

дүниеге келіп, 1916 жылы Қытайға ауған салсері, күміс-көмей әнші болады. Ол өмірінің соңына дейін Алтын-Алтай, Майлы-Жайыр, Іле өңірінде салдық құрып, Шығыс Түркістанды әнмен тербетеді. Әрі әнші әрі сазгер қазақ атаулының бәріне танымал болады. Оның «Мақпал», «Қоңыр қаз», «Қисмет» сияқты өлеңдері әлі күнге дейін айтылып жүрсе, Шарғын Әлімғазыұлы Шығыс Түркістан әдебиетінің негізін салушы, қазақ поэзиясының көшбасшысы болады.

1957 жылдан бастап қызыл Қытайдың шын кепсірі ақырындап ашыла бастайды. Сол жылы Пекин «стиль дұрыстау» деген желеумен, зиялы қауым басына қара бұлт үйіре бастаған болса, 1958 жылы «жергілікті ұлтшылдарға қарсы тұру» деген ұранмен, саналы, ұлтжанды азаматтарды, әсіресе, ақын-жазушыларды тұтқындай бастайды. Бұның арты үлкен апатқа апарып соғарын жақсы білген аңғарлы ақын, 1959 жылы туған жері Қазақстанға оралады [3].

Оқу-білім жалғасқан тұста олар жазбаша түрде баспа беттеріне түсіп, жарық көрген. Олар қытай тілінен түрлі шет тілдеріне аударылған. Түрік газет-журналдары да басылып шығып, оларға қазақша атаулар берілген.

Әсіресе, «Шыңжаң жибао» газеті ең танымал болып келеді. Ол қазақ автономды аудандары құрылған тұстан бастап шығып, қазақтардың мәдени өмірі турасында мәліметтер беруші қазақ тіліндегі тұңғыш газет болатын [9].

Қытайдағы қазақтардың оқу-ағартуы, білім беру ісі о баста діни оқу-ағартудан бастау алды. Білім берудің осылай басталуының маңызына енді зер салып көрсек, онда үлкен бағдарлық мәннің бар екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Қытайға қараған қазақтар өздері қайта барған сол аймақтардың билеушісі басқа діндегі, бөгде тіл-жазудағы Манжур ұлты болатын. Оның үстіне ол жерлерге көптеген бөтен діндегі, бөгде тіл-жазудағы ұлттар өкілдері көп орналасқанды. Сөйтіп, сондай қоғамдық ортаға барған қазақтардың олармен араласпауы, алым-берім жасамауына мүлде мүмкін емес еді. Осындай қоғамдық ортада, ондағы қазақтар өздерінің ұлттық ерекшелігін, тілін, ділін, дінін және дәстүрлі мәдениетін сақтаудың маңызы ерекше болды. Сондай-ақ олар өздерінің қазақтық қасиетін сақтап қалудың бірден-бір жолы – өздерінің дәстүрлі діни нанымдарын күшейту екендігін кезінде жете түсінеді. Сонымен олар алдымен оқу-ағартуды, яғни білім беруді діни оқудан бастайды [3]. Қытайдағы қазақтар діни оқу арқылы арабша жазудан сауат ашады да, араб графикасы бойынша жасалған шағатайша жазумен қазақша жазады. Олар Шағатай алфавитіндегі жазуды 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлы төте жазуын қолданғанға дейін үздіксіз пайдаланып отырды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас шенінен бастап Шынжаңның жер-жеріндегі қазақ қоныстанған өңірлерде қазақтың ұлттық ағартуы бұрынғы негізде көркейе түсіп, діни ағартудан жаңаша ағартуға (пәни ағарту), жекелер ашқан киіз үй мектеп, мешіт-медреседен үкімет басқаруындағы мектептерге өзгерді. Осы негізде мынадай формадағы ағартулар барлыққа келді: діни оқуды негізгі түйін еткен отбасындық ағарту, діни оқу мен жаңаша оқуды жарыстыра жүргізген бастауыш ағартуы және жаңаша орталық ағартуы, қоғам дамуының зор беталысы, іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде қазақ даласында ағартудың бұл формасы алғашқы адымда қалыптасып, даму үрдістері жүріп жатты [10].

1912 жылы Алтай аймағындағы қазақтың ел билеушілері қазақтың көрнекті ақыны, діндар абызы Ақыт Үлімжіұлы Көктоғай ауданының Шақүрті деген жерден мешіт-медресе салдырып, ол мешіт-медресеге Ақыт басқарушысы әрі мұғалім болып жұмыс істейді. Демек, XIX ғасырдың басында ашыла бастаған медреселер, шамамен 20 жылдан соң жаңаша білім беретін (пәни білім беретін) мектептерге айнала бастаған. Солайда ол мектептер оқушыларға ислам дінін оқытумен қатар, жаңаша білім беруді тең жүргізген.

1934 жылы Алтай қаласында бастауыш және орталау мектеп салынып сол жылы оқу бастады. 1935-1936 жылдары Алтай сахарасынан тағы «жаңа күш», «жаңа гүл», «апрель», «мәдениет», «табыс» мектептері ашылып, оқу бастады. 1934 жылы бұрынғы «Абақия» медресесі жаңа үлгідегі «үлгі мектебіне» Жәке би медресесі «Ыласты мектебіне» өзгертіліп үш сынып ашылып жылына 200 оқушы қабылданды. 1935 жылы Баспай Шолақұлы Бапин қаржы шығарып, Шағантоғай ауданында «Үрішті қазақ мектебін» салдырды. Сонымен Қытайдағы қазақтардың, дәлірек айтқанда, Алтай аймағындағы қазақтардың оқу-ағарту, білім беру істері алғашқы кездегі кілең діни оқудан жаңаша оқуды да қосып оқытатын бағдарға бет ала бастайды [11].

Тарбағатайға қарасты, Шәуешек, Дөрбілжін, Шағантоғай үш аудандағы қазақтар негізінен найманның дөртуыл және манбет екі руына бөлінеді. Олардың мешіт салу жағдайы да рулар бойынша әрқайсы ру бастары мен бай-манаптар өз рулары үшін мешіт салдырып, сол бойынша діни қимылдарды жүргізді. Бұл мешіттер:

– Сүлеймен мешіті. 1910 жылы салынған, Шәуешектегі дөртуылдың маймытек руының мешіт;

– Қантелбай мешіті. Шәуешектегі дөртуылдың кантелбай руының мешіті;

– Көрдібай мешіті. Шәутектегі Абдолла ауылындағы дөртуыл Сыдық жағынан салынған;

– Қайынбай мешіті. Шәутектің Қарақабақ қыстауындағы дөртуыл мешіті.

Бұдан басқа шағантоғай ауданында Иса қажы мешіті, Сарыбұлақ мешіті, Дөрбілжіндегі Қанарбай мешіті т.б. мешіттерде салынды. Бұлардың көп сандысы әрқайсы рулардың ру басылары, бай-манаптары жағынан салынды. Олардың өздерінің рулық басқару түзімін бекемдеу үшін қызмет еттірді [12, 105 б.].

Қолда бар деректерге негізделгенде, Тарбағатайда жаңаша оқыту ХХ ғасырдың басында қалыптаса бастағандығы айқындалды. Тарбағатай аймағына қарасты Шәуешек қаласында 1901 жылы «Ғұмария мектебі» ашылды. 1907 жылы «Намұна мектебі» оқу бастады.

Алдыңғы бір мезгіл қазақ ағартуының діни негізде басталып жаңаша оқуға (пәни оқуға) бет алған мезгілі болса, 1911 жылдан 1934 жылға дейінгі мезгіл 1911жылы Қытай көлемінде доңыз жылғы төңкеріс демократиялық идеяның және октябрь төңкерісінің социалистік идеясының ықпалымен жаңа форма, жаңа мазмұндар өркен жая бастаған мезгілі болды. Мысалы 1910 жылы Омар қажы (татар) Шәушекте ұл-қыз аралас үш сыныптық жаңаша мектеп ашып, жүзден астам бала оқытқан, ол дами келе «Омария мектебі» деп аталады. Сол жылы Қазан қаласынан келген Ахмет Бәйди мырза Қобықсарыда «Халық мектебін» ашып әр ұлт балаларын оқытты. 1912 жылы татар оқымыстысы София Аустай Дөрбілжінде жаңаша мектеп ашты.

Іледегі 1935 жылы ашылған «Талды торан» мектебі, 1925 жылы Гүландам ханым Шәушекте «Гүландамия» мектебін ашып бала оқытқан. Сонымен бірлікте 1933 жылы Алтай қаласының Сарсүмбе деген жерінде де бастауыш және орталау мектеп (6-8) салдырды.

Жоғарыдағы мектептерде сабақ негізінен араб, парсы, татар, өзбек, қытай, орыс және қазақ тілдерінде оқытылды. «Мұғаллим әуел», «Муғаллим сани» математика, тіл-әдебиет, табиғат, тарих, жағрапия, бухалтырлық, ән, музыка, қытай тілі, орыс тілі сабақтары, сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин қатарлы қазақтың әйгілі ағартушысы-ғалымдар жасаған қазақ әліппесі, қазақ тілі емлесі, қазақ тілі-әдебиеті сияқты сабақтар оқытылады. Мектеп жекелер және үкімет жағынан басқарылды [8].

Баршаға аян, Іле өңірі шығыс пен батысты тұтастыратын Жібек жолының солтүстік жағалауында болғандықтан батыс солтүстік, әсіресе, Орта Азия елдерінің түрлі ықпалына ұшырап келген. Бұл ықпал алдымен саудасаттық жағындағы қарым-қатынастар мен мәдениет-көркемөнер, ғылым-техника, оқу-ағарту, т.б. жақтардан байқалары анық. Мұнда ғылым үйренуге талпынған жастар ұзақ уақыт барысында Бұхара, Самарқан, Станбол, Қазан, Бағдат, Орынбор және басқа да діни оқу орталықтарына барып, білім алып отырды. Осындай барыс-келіс барысында ішінара араб, парсы, шағатай, ордо және татар тіл-жазуындағы басылым көрген байырғы кітаптар мен қолжазба үлгісінде шығармалар да Қытайға көптеп еніп, таяу заман жаңаша білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына жебеу болды. Жүйеден сол білім ордаларынан білім алып қайтқан жастар Қытайдағы жеріне оралған соң, өздеріндегі бар білімдерін келешек ұрпақтарға арнауға бекіді. Олар ең алдымен балаларды оқыту үшін медресе, мектеп ашу керектігін халыққа ұғындырып, үгіт-нәсихат жүргізді. Халық олардың армамұратын түсініп, балаларын біртіндеп медресе, мектептерге бере бастады. Сөйтіп, алғашқы мектеп, медреселерден көптеген балалар оқып хат-сауатын ашты. Яғни Іле аймағындағы қазақтардың оқу-ағартуы немесе білім беру істері де алғаш рет діни ағартудан басталған еді.

Іле аймағына қарасты аудандарда (Текес, Күнес, Нылқы, Моңғылкүре қатарлы аудандарда) қазақтардың саны біршама көбірек болған. Іле өңіріне қарасты қазақтар негізінен найман ішіндегі қызай руы сан жағынан көбірек орынды иелейді, Іленің әрқайсы аудандарына таралған. Одан қалса албандар болып, негізінен Текес, Моңғылкүреге қоныс тепкен. Бұл екі руды өз ішіне алған Іле қазақтары ислам дініне сенгенімен, бірақ сенімі басқа ұйғыр, дүнген сияқты ұлттардікінен әлдеқайда әлсіз екендігін байқауға болады. Алайда Ислам діні қазақ халқының дәстүрлі дүние танымын қалыптастырды, оны олар рухани дүниесінің тірегі етті. Ислам діні жалпы қазақ халқы арасына ескіні жойып жаңаны орнату жоымен емес, қайта ескі мен жаңаны өзара ұштастырып жаңғырту жолымен тараған [13].

Іле аймағындағы қазақ байлары мен мансаптылары өз балаларын ауылдағы отбасында молдадан оқытып, сауаттандырған соң, Құлжа

қаласындағы «Байтолла медресесіне» апарып оқытып, білімін жетілдіріп отырған. Сол медреседе біршама жақсырақ оқығандар, ауыларына оралған соң өз ауылындағы балаларға ислам дінін оқыту істерімен айналысады. Солардың бірі Уақ Жансейт молда (1826-1836) өз балаларымен қоса жиені Шілбі Көбекұлын оқытып, танымал мағлұматқа ие адам етіп жетістірді. Шілбі (1860-1936) ел аралап уағыз айтып, елді мешіт-медресе салып, өнер-білім үйренуге үгіттеді.

Текестің Қаратоғай деген жерінде Тоғжан деген заңғі (мәнсап аты) мектеп ашып, Ахметбек деген татар оқымыстыны апарып бала оқытты. 1918 жылы Күнесте Қуан зеген зәңгі Шақпы өзенінің сағасынан бес бөлмелі мектеп және балалар жатағын салдырып Ислам молдаға Құтыбай руының балаларын жинап беріп оқытты.

1900 жылы Іледе Сасан би Күнестің Талды деген жерінде мешіт-медресе салдырып, Құлжа қаласындағы Уайыс мазарынан Ажыбай молда, Абайдолла Мақсұм қатарлы адамдарды алдырып бала оқытқан.

1935 жылы Жабықбай Бұлғыншыұлының бастамашылығында Құлжа ауданында «Жабықбай мектебі» (орталау) салынды. 1935 жылы Тоғызтарау ауданы, Ақтүбек деген жерінде 10 бөлмелі 8 сыныптық «Шынар мектебі» салынды. 1940 жылға жеткенде «Шынар мектебі» «Гүлістан мектебіне» өзгертіліп, Мұқыр, Жырғалаңдағы «Бағыстан мектебі» екеуі мемлекет басқаруындағы орталау мектеп болып құрылды.

Мұхан Сыбанбайұлының сүйегі орта жүз ішіндегі Қоңырат руынан, 1894 жылы қаңтарда Шапшал ауданының Алмалы ауылында малшы отбасында дүние есігін ашқан [13]. 1927 жылы ағартушы Мұхан Сыбанбайұлы (имам) Шапшал ауданының Алмалы ауылында өз үйінде 1930 жылдың соңына дейін 20-ға жуық баланы оқытты. Десе де оқу-ағарту істері қашанда оқытушымен, оқу құралымен тығыз байланысты болады. Сондықтан Қытай үкіметі осыны көздей отырып оқытушыларды тәрбиелеу курсілерін жер-жерде көптеп аша бастайды. Әрине бұл Қытай үкіметінің қазақтарды социалистік қоғамның Қытайлық білім беру жүйесінің тәртібіне біртіндеп үйрету болатын.

Жоғарыдағы мектептерде сабақ мазмұны алғашында Арабтың 28 әрпін танудан басталған. Одан соң «Құран кәрімді» оқудың алғы шарты болған «Апиек», «Иманшарт» негізгі оқулықтар болған. Сондай-ақ Ислам шариғаттарымен намаз оқу ережелері де үйретілген. Кейін келе қоғам дамуының жалпы беталыс талабына сай есеп, тарих, жағрапия, тіл (орыс, қытай т.б. тілдер) ән, сурет сабақтары оқытылған. Мектеп негізінен жекелер жағынан ашылып, жекелер жағынан басқарған [4].

Қытай қазақтарының ағарту дәстүрі кезеңдері. 1760 жылдан 1871 жылға дейінгі діни ағарту мен жаңаша ағартудан бастау кезеңі; 1871 жылдан 1881 жылға дейінгі Ресей отаршылдық құлдану ағарту кезеңі; 1911 жылы Қытайда Монархия жойылғанға дейінгі кезең; 1917 жылғы октябрь төңкерісінің демократиялық социалистік идеяның ықпалындағы ағарту кезеңі; 1944 жылға дейінгі яғни Ян Цзэнсинь (Yang Zengxin – Яң Зыңшын), Цзинь Шужэн (Jin Shurin – Жин Шурін), Шэн Шицай (Chen Shicai – Шын Шысай) үстемдігі кезіндегі ағарту кезеңі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас шенінен бастап Шыңжаңның жер-жеріндегі қазақ қоныстанған өңірлерде қазақтың ұлттық ағартуы бұрынғы негізде көркейе түсіп, діни ағартудан пәни ағартуға (жаңаша ағарту), жекелер ашқан киіз үй мектеп, мешіт-медреседен үкімет басқаруындағы мектептерге өзгерді. Осы негізде мынадай формадағы ағартулар барлыққа келді: діни оқуды негізгі түйін еткен отбасылық ағарту, діни оқумен жаңаша оқуды жарыстыра қатар жүргізген бастауыш ағартуы және жаңаша орталау ағартуы қалыптасты. Кейін келе қоғам дамуының зор беталысы іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде XX ғасыр басында медреселер мектептерге айналды да, жаңаша білім беруді негізгі етіп, діни сабақ өткізуді қосымша жүргізді. Сөйтіп, 1911 жылы Қытайда монархия жойылғанға дейін қазақтардың алғашқы білім беру негіздері қалыптаса бастады [14].

1912 жылы Қытайда Республикалық Минго үкіметі билікке келіп, 1915 жылы соның нәтижесінде «жаңа мәдениет қозғалысы» туындап, күшейді де, жаңа үкімет тағайындаған әрбір өлке провинция билеушісі (генерал-губернаторы) мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыруға міндетті болды. Бұл туралы тарих ғылымдарының профессоры Нәбижан Мұқаметқанұлы: «Шынжаңдағы қазақтардың оқу-ағарту, мәдени істерінің дамуы қазақтардың өз құлшынысы мен Қазақстандық зиялылардың жәрдемі арқасында жүзеге асты, өйткені Қытайдың Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарындағы қазақтар саналы түрде өз қаржы-қаражаттарымен мектептер салдырып, Қазақстаннан барған қазақ, татар зиялыларын оқытушылыққа жалдап, білім беру ісін дамытты. Ал Қазақстаннан барып сабақ өтуші мұғалімдер еріксіз жалданушылар емес,

керісінше белсенді мәдени ағартушылар болды. Олар сол кезде Ресейден шыққан мектеп оқулықтарын алып барып Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиімен (төте жазумен) сабақ берумен қатар, Қазақстаннан шығатын газет-журналдарды Абай, Шәкәрімдердің және Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің шығармаларын Қытайдағы қазақтар арасына таратып, олардың ұлттық санасезімінің өсуіне ықпал жасады деп көрсетеді [15].

Осы тұста Шыңжаңдағы қазақтарда жаңаша білім беру жүйесі жарыққа шығып, жаңаша білім алған алғашқы адамдарды бір бөлім сауатты адамдар жетіле бастаған-ды. Мыс, Алтай аймағында 1890 жылы Зуқа қажы салған «Бітеу қора» мешіт-медресесінен оқыған Ақыт Үлімжіұлы 1896 жылы Мәми Бейесі бастап салдырған Абақия мектебінен оқыған Шәріпхан Жеңісханұлы, Шәмши Мәмиұлы, Дәлелхан Сүгірбайұлы, Мұқаш Жәкеұлы 1889 жылы Жәке бидің Жеменейде салдырған Жәке би мешіт-медресесінен оқыған Баймолла Қараекеұлы, Зуқа Сәбитұлы 1886 жылдан бастап салына бастаған Іледегі мешіт-медреседен оқыған Мақсұт, Болысбек қатарлылар 1907 жылы Шағантоғайда Иса қажы салдырған мешіт-медреседен оқыған Нұртаза Үкірдай (мәнсап аты), 1910-1917 жылдары Күнесте Қуан зәңгі (мәнсап аты) салдырған мешіт-медреседен оқыған әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлы т.б. 1916-1919 жылдары Іленің Күре деген жерінде ашқан «Мыңхуа шөтаңнан» (монғол-қазақ училищесі) оқыған Таңжарық Жолдыұлы (кейін осында оқыған) Әбеу Құдышұлы, Нүсіпхан Көнбайұлы қатарлылары ХХ ғасырдың алғашқы отызыншы жылына дейінгі Шыңжаң қазақ ағарту, тәлім-тәрбие жұмысының қаулап өркен жаюына себепші, жебеуші, көшбасшы болды. Олар отызыншы жылдардан кейінгі ағартудың дамуы, жалпыласу, өркендеу кезеңінің қалыптасуында белсенді рөл атқарады, көрнекті үлес қосты [16].

1911 жылы Қытайда Синхай революциясы жеңіске жетіп, Қытайда екі мың жылдан артық уақытқа жалғасқан монархиялы жүйе жойылып, демократия ұғымын адамдар санасына терең ұялатты.

Синхай революциясынан кейін 1912 жылы Шыңжаңның генерал-губернаторы болып Яң Зың Шын тағайындалды. Ол идеология мәдениет саласында томаға-тұйықтық және халықты надандықта қалдыру саясатын қолдағанымен, халықтың жаңа қоғамдық қатынас негізінде жаңа азаматтық қоғам құру күресін тоса алмады. Ақыры 1924 жылы күзде Шыңжаң өлкесінің орталығы Үрімжі қаласында орыс тілінде саяси заң кәсіптік мектебін (училище) ашып, сыртқы істер қызметкерлері мен әкімшілік мансаптыларын тәрбиелеуге мәжбүр болды [17]. Бұл сол кезде Шыңжаңдағы ең жоғары оқу орны еді.

Осы тұста Шыңжаңдағы қазақтардың оқуағарту немесе білім беру толқыны көтеріліп, ішкері өлкелерден келген озық ойлы демократтар мен Қазақстан және орта Азиядан келген қазақ, татар, өзбек оқымыстыларының тырысқандық көрсетуімен Шыңжаңдағы қазақтарда жаңаша білім беру жүйесі жарыққа шығып дами түсті.

1922 жылы Үрімжі қаласында тұңғыш рет өлкелік (провинция) «моңғол-қазақ мектебі» ашылды. Оқушылар негізінен қазақ, моңғол ұлттарынан болды. Қытай тіл-әдебиетін кейін келе қазақша, орысша тілдерді негіз етіп оқытты. Бұл кезде қазақтарда мектептер медреселер көптеп жарыққа шығып, жаңаша оқу барған сайын дами түсті.

Құлжа қаласына қарасты Қорғас аудан Шалпеңіз деген жердегі Әбділдә Қожамбер қажы мектеп ашып отыр. Оқушыларға діни және жаңаша білім берді, аралас оқытты. ХХ ғасырдың 20 жылдарынан кейін бұл мектеп кеңейтіліп негізінен жаңаша білімдерді оқытатын мектепке айналды. Алтай жеріндегі Абақ медресесі де қазақ балаларына діннен де, жаңаша білімдерді оқытты. Осы тұста Сатыбалды деген адам Қазақстаннан Құлжаға көшіп келіп, Құлжада татар мектебінде сабақ беретін Қалимолла Бектолин деген оқымыстыны алмалыдағы «жіңішкесай» деген жерде сабақ беруге ұсыныс етіп мектеп ашып, бала оқытты. Мұнда да діни және жаңаша білімдер тең оқытылды. Міне осындай жанаша ағарту қозғалысы Шыңжаңдағы әрқайсы жерлерде көтеріліп, халықты жаппай сауаттандыру ауқымы көтерілді [17].

Қорытып айтқанда, Қытайдағы қазақтардың істері ХІХ ғасырдың соңында діни оқудан бастау алса, кейін келе қоғам дамуының зор беталысы, іс жүзіндік қажеттілік, адамдардың білім игеруге, ой-санасын ашуға талпынуы нәтижесінде біртіндеп пәни оқуға, яғни жаңаша білім беруге қарай бет алып дамудың нәтижесінде, ХХ ғасырдың 20 жылдарына дейін, яғни Ахмет Байтұрсынұлы алфавиті жасалғанға дейін қытай қазақтарының білім беру істері алғашқы қалыптасу кезеңіне жетті деуге болады. Қытайдағы қазақтар арасында Ислам діні оқуағартуын біршама кең көлемде жалпыласуының негізінде, ондағы қазақтардың Ислам дініне болған сенімдері нығая түскен. Ал дәл қазіргі уақытта тек ШҰАР дағы ашылған «Ислами ді-

ні мектебі» ғана мұсылман баласы үшін арнайы оқу орны болып әлі күнге дейін ислами оқу бағдарламасымен жұмыс атқарып келеді. Күні бүгінге дейін Шыңжаң өлкесінде өмір сүріп келе жатқан қазақ, ұйғыр т.б. ислам дініне сенетін мұсылман ұлттары қытай ұлттарынан ерекшеленіп, бөлектеніп тұрады. Бұл қытай қазақтарының ұлттық тілі мен санасы, дінінің, мәдениетінің бірегейлігі қалыптасқандығын көрсетеді. Жалпы жақтан айтқанда Қытайдағы қазақтар ата-баба дәстүрін бойына сыңырып, өз ана тілінде толық сөйлеп, жаза біледі.

Әдебиеттер

1 Ұлттар ынтымағы тәрбиесі. – Үрімжі: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 1997. – 144 б.
2 Бұлытай М. Дін және мәдениет // Қазақстан-Заман. – 2003. – № 22 (429). – 30 мамыр.
3 Қытайдағы аз санды ұлттар демографиясы. – Пекин, 1987. – № 2. – 82-92 бб.
4 Фанг З. Қытайдың дін мәселесі мен дін саясаты. – Бейжиң, 2002. – 406 б.
5 Қытай халық республикасының тарихы. Хы Шин (бас ред). – Бейжиң, 1999. – 328 б.
6 Қытайдағы ислам мәдениеті. – Бейжиң, 1996. – 234 б.
7 Кулаков А.Е. Религий мира. – М.: Аст, 1996. – С.123.
8 Чин К. Ислам дінінің Қытай тарихындағы орны. – Үрімжі, 1996. – 234 б.
9 Қытайдағы ислам діні тарихы. – Бейжің, 2000. – 245 б.
10 Жаңа дәуірдегі діни қызмет мақалаларынан таңдамалылар. – Пекин: Діни мәдениет баспасы, 1995. – 386 б.
11 Заң ережелер жинағы // Іле аймақтық заң сауатын жалпыластыру кеңсесі. – Құлжа, 1991. – 296 б.
12 Үнбанлян Ж.Д. Шыңжаң тарихынан жүз сұрақ-жауап. – Үрімжі, 2005. – 157 б.
13 Шыңюньфин. Ұлттық территориялы автономияның күшті өміршеңдігіне саяси түзім тұрғысынан көз жіберу керек // Ұлттар ынтымағы журналы. – 2000. – № 3. – 37-55 бб.
14 Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. – Алматы, 2006. – 63 б.
15 Дербісәлі Ә. Дінді сату – отанды сату // Иман. – 2010. – №6. – 20 наурыз.
16 Шәріп А. Ислам – хаһдін // Иман. – 2008. – №4. – 30-31 бб.
17 Айталы А. Тәуелсіздік және дін //Ана тілі. – 2011. – 5 мамыр.

References

1 Ulttar yntymagy tarbiesi. – Urimzhi: Shynzhang zhastar oernder baspasi, 1997. – 144 b.
2 Bulytai M. Din zhanemadeniet // Kazakhstan-Zaman. – 2003. – № 22 (429). – 30 mamyr.
3 Kytaidagy az sandy ulttar demographiyasy. – Pekin, 1987. – № 2. – 82-92 bb.
4 Fang Z. Kytaidyn din maselesi men din sayasaty. – Beijing, 2002. – 406 b.
5 Kytai halyk respublikasynyn tarihy. Hy Shin (bas red.) – Beijing, 1999. – 328 b.
6 Kytaidagyislammadenieti. – Beijing, 1996. – 234 b.
7 Kulakov A.E. Religiimira. Moscow: Ast, 1996. –S.123.
8 Chin K. Islam dinining Kytai tarihyndagy orny. – Urimzhi, 1996. – 234 b.
9 Kytaidagyislamdinitarigy. – Beijing,2000. – 245 b.
10 Zhanadauirdegidinikyzmetmakalalarynantandamalylar. – Pekin: Dini madenietbaspasy, 1995. – 386 b.
11 Zangerezhelerzhinagy // Ile aimaktykzangsauatynzhalpylastyrukengsesi. Kulzha, 1991. – 296 b.
12 Unbanlyan Zh.D. Shynzhang tarihynan zhuz surak-zhauap. – Urimzhi, 2005. – 157 b.
13 Shyniyunfin. Ulttyk territoriyaly avtonomiyanyn kushti omirshindigine sayasi tuzim turgysynan koz zhiberu kerek // Ulttar yntymagy zhurnaly. – 2000. – № 3. – 37-55 bb.
14 Orta Aziya turik respublikalaryndagy ziyandy agymdar zhane missionerlik. – Almaty, 2006. – 63 b.
15 Derbisali A. Dindisatu–otandysatu // Iman. – 2010. – №6. – 20 nauryz.
16 Sharip A. Islam – hakdin // Иман. – 2008. – №4. – 30-31 bb.
17 Aitaly A. Tauelsizdikzhane din //Anatili – 2011. – 5 мамыр.

«Если у какой-то из религий и был бы шанс управлять Англией, да собственно и всей Европой в последующие 100 лет – так это мог бы быть только Ислам».

«Я всегда с большим уважением относился к религии Мухаммада из-из ее высокой жизненности. Это единственная религия которая на мой взгляд обладает способностью адаптации к изменяющимся условиям жизни, что [без сомнения] может понравится людям любого возраста. Я изучил его жизнь – по моему он удивительный человек – уж никак не антихрист, напротив – его можно называть спасителем человечества».

«Думаю, что если бы человеку, подобному ему были даны права диктатора в современном мире, он смог бы решить его проблемы так, что эти решения принесли столь желаемый мир и счастье: я предсказывал о вере Мухаммада, что она будет принята завтрашней Европой, и она уже начинает приниматься Европой современной».

Джордж Бернард Шоу

Кайрбеков Н.Е.

Философия ислама в эпоху правления династии Караханидов

В этой статье рассматривается вопрос, связанный с философией ислама на территории Центральной Азии и Казахстана в период правления династии Караханидов. Можно увидеть тонкую связь между философами и богословами ислама данного периода, которые находились в основном в древних городах, таких как Самарканд, Исфиджаби, Туркестан. В этой статье мы раскрываем тему об исламской философии и философско-религиозных аспектах мусульманского мышления и ее особенностях в Центральной Азии в период династии Караханидов.

Особенность философии Ислама в период правления династии Караханидов характеризуется её слиянием с религией. Многие философы были священниками и богословами. В некоторых случаях философы и богословы были выше, чем государственные должности. В средневековой религии Ислама – Бог – абсолютная личность, Бог един. А человек понимается как единство веры, надежды и любви. Жизненность, заключённая в Исламе, состоит в развитии личностного начала. Человек представился в новом образе, который во многих отношениях превосходил античные представления.

Ключевые слова: фикх (положения религии), ислам, философские идеи, богословы мусульманской религии, средневековье, теория исламской мысли.

Kairbekov N.E.

Philosophy of islam in the era dynasty karakhanids

This article discusses the issue related to the philosophy of Islam in Central Asia and Kazakhstan in the period of Karakhanids dynasty.You can see the subtle relationship between philosophy and theology of Islam that period, which were mainly in the ancient cities such as Samarkand, Isfijab, Turkistan. In this article, we reveal the topic of Islamic philosophy and philosophical – religious aspects of Muslim thought and its characteristics in Central Asia in the period Karakhanids dynasty.

Islamic philosophy, especially the period dynasty is characterized by its merger with religion.Many philosophers and theologians were priests. In some cases, philosophers and theologians were higher than public office.In medieval religion of Islam – God – the absolute identity, God is one.A person is understood as the unity of faith, hope and love.Vitality, encased in Islam, is the development of personal principle.The man introduced himself in a new way, which in many respects superior to the ancient representations.

Key words: fiqh (religionruls), Islam, philosophical ideas, theologians of the Muslim religion, the Medieval, the theory of Islamic thought.

Қайырбеков Н.Е.

Қараханилер басшылық кезеңіндегі ислам философиясы

Бұл мақалада қараханилер әулетінің билігіндегі Орталық Азия мен Қазақстан территориясындағы ислам философиясына қатысты мәселелер қарастырылады. Түркістан, Самарқан мен Исфиджаб сынды көне қалаларда өмір сүрген ислам құқықшылары мен философтарының арасында қарым-қатынасты көруге болады. Бұнда зерттелетін мәселе сол қараханилердің билік уақытындағы ислам философиясы мен діни философия мәселелеріндегі Орталық Азия мұсылман қоғамының ой-пікірлерінің ерекшеліктеріне арналмақ.

Осы кезеңдегі ислам философиясының негізгі ерекшеліктері оның дінмен ұштасуында. Көптеген философтар діни қызметкерлер болған. Кей жағдайларда олардың беделі мемлекеттік қайраткерлерден жоғары болған. Ортағасырлық ислам дінінде Құдай – абсолюттық бейне, ол жалғыз. Ал адамға келсек ол – наным-сенімді біріктіруші тұлға. Исламдағы өмір түсінігі жеке тұлғаның дамуынан тұрады. Бұнда адам жаңа бір бейнеде көрінеді.

Түйін сөздер: фиқһ (дін негіздері), ислам, философиялық идеялар, мұсылман дінінің құқықшылары, орта ғасыр, ислам ой-пікірлерінің теориясы.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 28:929(574)

Кайрбеков Н.Е.

Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак»,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: nurlan.kairbekov@mail.ru

ФИЛОСОФИЯ ИСЛАМА В ЭПОХУ ПРАВЛЕНИЯ ДИНАСТИИ КАРАХАНИДОВ

Введение

Исламская религиозная философия в эпоху правления династии Караханидов (382-607/992-1211, Мавераннахр и Восточный Туркистан, Семиречье) имеет свою интересную историю. Ведь она развивалась в рамках определенных религиозных догматов. В исламской философии, с самого ее зарождения возник целый спектр течений и направлений на территории Казахстана и Центральной Азии.

Богатство и многоцветность этого спектра усиливала мощная струя философских поисков за пределами религиозности. Философы и богословы этого региона проявляли свой потенциал на высоком уровни необходимых знаний.

Современная теория исламской мысли широко раскрыла свои границы и приняла в ряды религиозной науки такие дисциплины, как исламская теология, психология, философия. В период правления этой династии в на территории Казахстана и Центральной Азии стала широко распространяться исламская религия, поэтому многие литературные и научные произведения философии и религии были написаны на арабском языке.

В нашей статье мы раскрываем тему об исламской философии и философско-религиозных аспектах мусульманского мышления и ее особенностях в Центральной Азии в период династии Караханидов. В действительности ислам как наука говорит о философском мышлении пассивно, но не смотря на это в истории этой религии мы встречаем много богословов (‘улама’), которые непосредственно занимались этой тематикой, или же связывали ее параллельно с другими религиозными науками.

Нужно отметить, что философские идеи в средние века чаще всего были облачены в религиозные одежды. Строго говоря, религия не является философией. Религия – это богослужение, когда происходит связь между Богом и человеком. Для религии характерны чудеса, в философии же то и другое ставится под сомнение. В то же время нельзя не видеть и определенное сходство религии и философии. В религиозных воззрениях, как и в любых других воззрениях, всегда содержатся философские идеи.

Мусульманские философы и богословы в период Караханидов

Почти все религиозные науки ислама, а также философия религии в период правления династии Караханидов на территории Казахстана и Центральной Азии связаны с расцветом арабо-мусульманской философии. Большие города, такие как Бухара, Самарканд, Узкенд, стали сгустком экономического, культурного и образовательного процветания этого региона. В этих городах строились мечети, мусульманские школы (медресе), центры образования, куда поступали по повелению правителей династии Караханидов почти все древние рукописи научного характера. Они были по многим отраслям знаний: математике, астрономии, физике, медицине, истории, географии, религии и философии. Почти во всех прикладных и практических науках были обширные разделы, посвященные философским проблемам. Это были традиции мышления ученых и богословов того времени.

Династия Караханидов при завоевании других территорий, требовала выплаты дани не только драгоценностями, но и сочинениями философов и богословов мусульманской религии. По всей территории, которая принадлежала этой династии, вели работу специальные порученцы с одной единственной целью – искать и приобретать древние рукописи философии, религии и других наук. В Самарканде и Бухаре работал огромный штат переписчиков и переводчиков, систематизировавших поступающие манускрипты с разными научными текстами по философии и религии. Таким образом, перед людьми, которые еще недавно были кочевниками и воинами, почти неграмотными, открывались бескрайние горизонты философской мысли.

Античное философское наследие, представленное прежде всего такими именами, как Аристотель и Платон (по арабский Аристуталис и Ифлятон), дало мощнейший импульс развитию мусульманской философской мысли в Центральной Азии.

Первые арабские философы своим подражанием древнегреческим авторам повлияли и на ученых, философов и богословов из Самарканда и Бухары, а так же других городов этого региона. Вскоре появились грамотные и образованные философы из местной среды.

Аталмыш мақалада толеранттылық терминінің лексика-семантикалық мәні мен қалыптасу тарихы туралы қарастырылады. Толеранттылық ұғымының қолданыс мәніне талдау жасалынады. Толеранттылық сөзінің мағыналық аспектісінің жиілілігіне анықтама беріліп, түрлі ғылыми саладағы жұмсалу мазмұны анықталады. Толеранттылық сөзінің лексикалық, түсіндірмелік, жұмсалымдық қызметі ажыратылып, ішкі тоғыспалы мағыналық сипаты танылады. Толеранттылық сөзінің мағыналық жүйесіне қарай синонимдік өзара мәндес ұғымы жүйеленіп, қолданылу қатары беріледі.

Түйін сөздер: толеранттылық, төзімділік, мағына, лексика-семантикалық аспект, ұғым, термин, дінитөзімділік, дәстүр, тұрақтылық, мазмұн, ғылыми қолданыс, этникалық, этнос, мәдениет, руханият, діни ерекшелік, құндылық.

Ismagambetova Z.N.,
Balpanov N.

Lexical-semantic aspects of the term «tolerance»

The article discusses the history of the formation and nature of the lexical-semantic term tolerance. The analysis of the concept of tolerance. The definition of the semantic aspect of the word tolerance frequency of application arespecified in the various branches of science. The distinctive feature in the vocabulary word tolerance, interpretation and application. Systematized synonymous and are close in meaning of the word in relation tolerance concepts presented their examples.

Key words: tolerance, tolerance, meaning, lexical-semantic aspect, concept, term, religious tolerance, tradition, stability, content, scientific applications, ethnic, ethnos, culture, spirituality, religious backgrounds, worth.

Исмагамбетова З.Н.,
Балпанов Н.

Лексико-семантические аспекты термина «толерантность»

В статье рассматривается история формирования и суть лексико-семантического термина «толерантность». Проводится анализ применения понятия *толерантности*. Дается определение частоте смыслового аспекта слова толерантность, уточняется суть его применения в различных отраслях науки. Приведены отличительные функции слова *толерантность* в лексике, толковании и применении. Систематизированы синонимичные и близкие по значению слова по отношению к понятия *толерантности*, приведены их примеры.

Ключевые слова: толерантность, терпимость, значение, лесико-семантический аспект, понятие, термин, религиозная терпимость, традиция, устойчивость, содержание, научное применение, этническое, этнос, культура, духовность, религиозная особенность, ценность.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 673,5(574)

*Исмагамбетова З.Н., Балпанов Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: zuchra-50@mail.ru

«ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ» ТЕРМИНІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. «Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында [1]. Мемлекет басшысы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісі қазіргі уақытта барша қазақстандықтардың басты назарында болып отыр. Елбасы аталмыш мақалаларында тәуелсіздік жылдары мен бейбіт кезеңдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта түрленуіне толыққанды талдау жасаған болатын. Сондай-ақ, Елбасы XXI ғасырдың реалийлеріне сәйкес әрекет етудің тактикалық жоспарларын нақтылай отырып көрсеткен. Әсіресе, Президенттің қазақстандық табысқа қол жеткізудің үш кілті туралы ережені шығармашылық көзқараспен қарастыра келе, оны байыпты да терең тұрғыдан мазмұндауында да үлкен теориялық және практикалық мән жатыр. Бұл, біріншіден, 135 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы. Екіншісі – толеранттылық болса, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы.

Ал енді, «толеранттылық» – деген терминнің түпкі мағынасын түсініп, анықтап алуға тырысайық. Кейбір деректерге көз жүгіртіп, үңіліп қарайтын болсақ, «толеранттылық» деген сөз француз саясаткері Шарля Морис де Тайлеран деген адамның атынан пайда болды – деседі. Ол адам барлық қатарластарын, әріптестерін сатып кеткен, яғни қажетті адамдарды сатып кету арқылы сыртқы істер министрі лауазы-

мын түрлі режимдерден өту кезінде сақтап қалып отырған: Директориялардан бастап Луи Филиптің басқарғанына дейін – жалпы ол 14 ант берген. Оның адамдарды сатып кету қабілеті шын мәнінде ғажайып, ерекше болған: мысалы ретінде келтіріп кетсек, ол тіпті Александр I патшасын да сатып кеткен, әрине ол үшін ол ең алдымен Францияны сатып кеткені белгілі. Ол өзінің ерекше қасиетімен барлық адамдарды таң қалдырып отырды, тіпті өзінің уақытша патроны Наполеон Бонапартты да таң қалдырған. Соңғы сатып кеткен адамы былай деп айқай салған екен: «Мен сатқындықтан құрыдым». Талейран дінді, Людовик XVI-ні, Құрылтай жиналысын, Директорияны сатып кеткен. Тайлеранның өзі сатқындық жасағанын сатқындық деп есептемеген, керісінше ол өзінің идеясын қысқаша оймен түйіндеген: «Уақытылы сатып кету – ол сатып кету емес, керісінше алдын ала болжау» [2]. Бастапқыда, адамдардың идеяларға өкшелей жүріп ізет тұтуы кезінде, ал айтқан сөзі мен жасаған ісінің байланысы жоғалмаған шақта, «талейран» (немесе қазіргі кезде жиі қолданып жүрген, қалыптасып қалған ұғым «талеранттылық») ұғымы келеңсіз, жағымсыз болды. Десек те, бұл ұғым Льюиса жазушының күнделікті пресса мен түрлі ақпарат құралдарының алдында орынды айтуының арқасында өзгертілді. Мансап мүмкіндіктеріне қол жеткізуде «орамдылық», тәсілқойлық қасиеттерінен басқа «алдын ала болжай алу» іскерлік қасиеті қосылды, бір ауыз сөзбен айтқанда толеранттылық.

«Толеранттылық» термині медицина саласынан шыққан және организмнің антигенді қабылдамайтынын білдіреді. (Мәселен, ректың төртінші кезеңінде метастазамен зақымдалған организм мінсіз толерантты). Орыс тілінде «толеранттылық» сөзі қашан пайда болды? – дегенге тоқталатын болсақ, «толеранттылық» термині медицинаның дамуына байланысты пайда болған. «Толеранттылық» медицина термині (tolerantia лат. сөзінен – төзімділік). Бұл терминді 1953 ж. П. Медавар ағылшын иммунологы кіргізген. Бөгде тканьдерді ауыстырылып қондырылған организмнің имунналық жүйесінің «төзімділікті» анықтап алуы. «Иммунологиялық паралич» «арсбелсенділік» т.б. терминдері толеранттылықтың түрлі формаларын білдіреді. «Толеранттылық» – иммунологиялық реакцияның толықтай немесе жартылай болмауы [3].

«Толерантты» деген сөз орыс тілінде XX ғасырдың екінші жартысында кездеседі. Бұл терминнің мағынасы «мейірімді, төзімді». Толеранттылық – толерантты болу қабілетті. Бұл сөз француз тілінен алынған. Оның түпкі тамыры – латын тілінен tolerate – қолдау, атқару, орындау дегенді білдіреді. Ал, кейбір деректерде латын сөзі tollere – жоғары дәрежеге көтеру, ұлықтау, кие тұту. Қазіргі кезде толеранттылық сөзі медицинада, математикада, техника ұғымында да қолданылады. Оның тағы бір мағынасы – организмнің қолайсыз әсерлеріне төзу қабілеті, рұқсат етілген көлемдегі, мөлшердегі ауытқулар. Осы ұғым әлеуметтік-саяси ғылымдағы тұжырымдамалық аппаратқа да кірді. Әлеуметтік-саяси ұғымы ретінде толеранттылық – өзге діндерге, наным-сенімдерге, салт-дәстүрге, көзқарастарға, саясатқа төзімділікпен қарау дегенді білдіреді. Мысалы ретінде келтіретін болсақ, бұл сөз діни төзімділік туралы Актісінде қолданылсын делінген (Toleration Act), өзін 1649 ж. дін еркіндігін жариялаған америка континетіндегі бірінші заң.

Толерантты болу – өзгелердің құндылықтарын бөліп-жармау арқылы танып білу, құрметтеу дегенді білдіреді. Жаһандану жағдайында толеранттылық жеке басын куәландыру мәселесі ретінде қарастырылады.

Толеранттылық – мультимәдени саясатының құрамдас бөлігі – түрлі мәдениет жақтаушылардың бірлесе тұра алуының үрдісін қолдау.

Көптеген сарапшылар XXI ғ. бірінші онжылдығын мультикультурализм мен толеранттылықтың дағдарыс онжылдығы ретінде қарастырған. Атап айтқанда, (Рогозин Д) пікірінше, Еуропаның мұсылмандары ынтымақтастықта тұрады, өз тамырларын жоғалтпауға тырысады, этникалық кварталдарын құрады және қазіргі Еуропалық қоғаммен бірігіп ықпалдасады. Осы тұрғыдан қарастырып айтатын болсақ, толеранттылық өзіндік идентификацияны құртады, теріс эмоцияларды қалыптастырады, ең бастысы кемсіту сезімі пайда болады.

Толеранттық – [лат. tolerencia – төзімділік] – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Толеранттылық латын тілінен аударғанда tolerantia – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді. Көбіне толеранттық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу түсініледі. «Толеранттылық» (лат. «tolerantia» –

шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

1) бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау;

2) биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы.

Толеранттылық (tolerantia лат. сөзінен – төзу, төзімділік, ерікті түрде жаны ашу, қасірет шегу) – социологиялық термині өзге ұлттың дүниетанымына, өмір салтына, салт-дәстүрлеріне төзімділікпен қарау дегенді білдіреді. Толеранттылық енжарлықпен (немқұрайшылыққа тән) тең емес. Ол сонымен қатар, өзге ұлттардың өмір салтын қабылдап өмір сүру емес, керісінше басқалардың өз дүниетанымына сәйкес өмір сүруіне мүмкіндік беру дегенді білдіреді [4].

Философиялық энциклопедиялық сөздіктің анықтамасына сәйкес «толеранттылық – әр түрлі ой пікірлерге, әдеттерге, мінезге (нравам), өнегелеріне төзімділікпен қарау. Толеранттылық әр халықтардың, ұлттар мен діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажетті. Ол өзіне деген сенімділігінің белгісі және ұстанған жолының дәйектілігіне сенімді болуы, барлық идеологиялық ағымдар үшін ашық болуы, осы ретте ол өзге көзқарастармен салыстыра отырып, рухани бәсекелестіктен қорықпайды» [5].

Толеранттылық құрметтеу дегенді білдіреді, өзге ұлттардың мәдениетін дұрыс түсіну мен қабылдау, яғни адамды жеке тұлға ретінде тану жолдары. Толеранттылық көну, кешірімшіл болу, жасанды әрекет жасау дегенді білдірмейді. Сонымен қатар, толерантты болу дегеніміз әлеуметтік әділетсіздіктерге төзу, наным-сенімдерінен бас тарту немесе өзгелердің нанымдарына жол беру, өзінің нанымдарын, көзқарастарына басқа адамдарды мәжбүрлеу дегенді білдірмейді [6].

Көптеген мәдениеттерде «толеранттылық» ұғымы «төзімділік» синонимімен ұштасып жатады: лат. tolerantia, ағыл. tolerance, нем. Toleranz, фр. tolérance. Сонымен қатар, XX ғ. барлық сөздіктерінде толеранттылықты бір ауыздан төзімділік деп тура түсіндіреді.

XX ғ. сөздіктерінде «толеранттылықты» өзгелердің өмір салтына, тәліміне, дәстүрлеріне, сезімдеріне, сенімдеріне, жеке пікірлеріне, идеяларына төзімділікпен қарау деп анықтама береді [7, 8, 9] немесе «толеранттылықты» «төзу» ұғымының синонимі ретінде деп атайды [10]. Брокгауза мен Ефронаның сөздігінде толеранттылықты дінитөзімділік (веротерпимости) деп көрсетілген [11].

«Төзімділік» сөзі барлық орыс сөздіктерінде кездеседі. Атап айтқанда, В.И. Дальдің сөздігінде «төзімділік» ол мейірімділік пен кешірімшілдіктің арқасында төтеп беру қабілеті деп анықтамасын береді [12].

«Толеранттылық» ұғымы ғылыми қолданысқа XVIII ғ. енгізілген. Ресейде толеранттылық ұғымы XIX ғ. ортасында либералдық баспасөздерінде қолданыла бастады, бірақ та 1930 ж. ортасында ол ұғым саяси лексикадан түсіп қалды, содан кейін 1990 ж. басында ғана қайтадан қолданыла бастады [13].

90-шы ж. басында төзбеушілік саясатқа тікелей қатысты бола бастады және ол әлемнің қауіпсіздігі пен бейбітшілігіне қауіп-қатер ретінде қарастырылады.

Төзімділіктің принциптері Диклорациясына сәйкес (ЮНЕСКО, 1995 ж.) толеранттылықтың келесі анықтамалары белгіленді [14]: азаматтық қоғамның әлеуметтік нормалары мен құндылықтары, бұл азаматтық қоғамдағы барлық жеке тұлғалардың әр түрлі бола алуының мүмкіндігі, әртүрлі конфессия, саяси, этникалық және өзге де әлеуметтік топтар арасындағы тұрақты үйлесімді қамтамасыз ету, әртүрлі әлемдік мәдениеттердің, өркениеттердің, халықтардың өзіндік ерекшеліктерін құрметтеу [15].

Преамбуладағы БҰҰ Жарғысының алғысөзінде төзімділіктің ерекшеліктері туралы келесі анықтамалар көрсетілген: «құдайы көрші ретінде толеранттылықта бір-бірімен бейбітшілікте өмір сүру» [16].

Tolerance (ағылшын тілінен) – төзімді болуға дайын болу, мейірімді болу. Төзімділік (орыс тілінен) – кез келген нәрсеге шыдамдылық көрсету қабілеті, байсалды болу, төзімді болу, берік және табанды болу, өзгелердің пікірін ескеру, қамқор болу.

«Толеранттылық құрметтеу дегенді білдіреді, қазіргі әлемдегі сан қырлы бай мәдениетімізді дұрыс түсіне алу, қабылдау». Толеранттылық – ол адам құқықтарын, демократия мен құқықтық тәртіпті бекітуге ықпал ету. Толеранттылық – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзінен өзге сенімдегі, көзқарастардағы, мінезқұлықтағы басқаның құқығын мойындау арқылы қақтығыстардың шешімін табу мүмкіндігін іздестіруге апаратын адамның күнделікті тұрмыста басшылыққа алып отыратын өнегелік жүріс-тұрыс ережесі. Көбіне толеранттылық ретінде өзгелердің кемшілігіне кешіріммен қарау, төзе білу, басқаны қабылдай білу деп түсіндіріледі. Толеранттылық жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың басқа адамдармен немесе

әлеуметтік топтарымен қарым-қатынасынан көрініс табылатын психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық мінез-құлқы ретінде; қазіргі қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі ретінде; тәуелсіздікке, дербестікке, идеяларды зорлықпен тануға жол бермеу ретінде; адам еркіндігін шынжырлайтын діни, этникалық, нәсілдік нанымдарды жоққа шығарушы ретінде қарастырылады.

1995 ж. ЮНЕСКО ұйымының құрылуының 50 жыл толуына байланыста өткізілген жиынында 16 қарашаны Халықаралық толеранттылық күні деп жариялады. Ал 1996 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы БҰҰ-ға мүше елдерге әр жыл сайын 16 қарашаны Халықаралық тағаттылық күні ретінде атап өтуді ұсынды. Сөйтіп, халықаралық қауымдастық толеранттылықты қазіргі заманғы адамзат болмысының іргелі тұғырнамасы ретінде мойындалды. Толеранттылық әр заманда адамзат үшін маңызды ұстаным болып табылды. Жаһанданған қазіргі әлем үшін оның маңызы еселеп артып келеді.

16 қараша әлемнің көптеген елдерінің тұрғындары төзімділік, немесе Халықаралық төзімділік күнін тойлайды. Бұл мереке Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен 1996 жылы құрылды. Төзімділік күні көптеген елдерде атап өтіледі. Бұл күні, БҰҰ-ға мүше мемлекеттер мен әлемнің басқа да халықтарының тұрғындары арасында төзімділікті тәрбиелеуге арналған қоғамдық іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың басым көпшілігі білім беру және кәсіби білім беру мекемелеріне бағытталған, бірақ та өткізілетін кейбір іс-шаралар бүкіл қоғам үшін де жүзеге асырылады.

1995 ж. қабылданған төзімділік Декларациясы төзімділік күнінің сақталуына арналған. Бұған сәйкес, толеранттылық деген әлемдегі әрбір халықтың мәдениетінің алуантүрлілігін қабылдай және құрметтей білудің бір белсенді ұстанымын білдіреді. Толеранттылық деген тек қана мәдениеттердің, ұлттардың өзіндік келбетін мойындау ғана емес, сонымен бірге адамдардың да пікірлерінің әр алуандығын мойындауды білдіретін ұғым. Оның басты мақсаты, кейінгі кездердегі әлемде болып жатқан барлық зорлық-зомбылық пен экстремизмді біртіндеп азайту болып табылады. Мемлекеттермен декларацияға қол қойылды – алты арнайы құрылған төзімділік жалаулары көтерілді. ЮНЕСКО-ның барлық салалары арнайы іс-шаралар мен кездесулерді кең ауқымды ұйымдастырды. Неміс суретші Хелмут Лангер осы логотипті құрды [17].

«Толеранттық» деген атауы халықаралық термин сөз болғанымен, мазмұн-мағынасы қазақтың төл сөзі – кәдімгі төзімділік дегеннің баламасы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында осы маңызды мәселе – үнемі басты орында. Қазақстандықтар үшін негізгі құндылық – ұлтаралық татулықты сақтау, көпұлтты Қазақстан жағдайында бірін-бірі түсіну, сену мен құрметтеу және азаматтық келісімді орнату [1].

Толеранттылық мәселесін елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында ерекше атап өтті: «Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз», – деді. Және осы бағытта Қазақстан халықтарының ассамблеясында біршама игі істер атқару үстінде. Бұл істердің негізінде елбасымыздың ұлтаралық мәселелер жөніндегі ішкі және сыртқы саяси бағдарламалары негіз болып отыр. Бұл бағдарламалар біздің болашақ ғылыми зерттеулерімізде негізгі ұстанымы болмақ [1].

Толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап, кең ауқымда мәдениеттер арасындағы, діни конфессиялар арасындағы, ұлттар, ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті білдіреді. Толеранттылық түрлі халықтардың, ұлттардың және діндердің ерекшеліктеріне қатысты қажет болатын қасиет.

Тарихтың әр кезеңінде біздің республикамыз түрлі себептермен көптеген этнос пен ұлыстар өкілдерінің Отанына айналды. Қазақстанда 140-қа тарта ұлыс тату-тәтті тұрмыс құрып, айрандай ұйып отыр. Осы жарастық халықаралық деңгейде «қазақстандық феномен» деген жаңа терминді туғызды. Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Толеранттылық – ұран емес, ол біздің өмір салтымыз!» деуінің өзі толеранттық біз үшін саммит алдында бөтен елдерге көз қылып арзан ұпай жинау емес, қазақтың қанына сіңіп кеткен өмір дағдысы екенін айғақтап тұр. Оған осы Тәуелсіздіктің 22 жылында өзге ұлттар мен ұлыстар тату-тәтті өмір сүрген уақыт куә. Бұдан артық дәлелдің де керегі жоқ. Әлбетте, қазақтың қанында толеранттық қасиет болмаса, елдегі бүгінгідей татулық пен достыққа қол жеткізер ме едік?! Қазір Қазақстандағы тұрақтылық ахуал дос сүйсініп, дұшпан күйінетіндей халде. Енді осы жарастылықты шайқап-төгіп алмай, одан әрі келешек ұрпаққа аманаттап кету – бүгінгілердің парызы.

Сондықтан да, біз Қазақстан халқын ең үздік және мәңгілік құндылықтар – ел игілігі жолында ынта мен жігерді, еңбекқорлықты және мақсаткерлікті арттыруға шақырамыз. Этносаралық келісім – ол өміршеңдік оттегісі» деп ерекше атап өтті. Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылатындығын атап өткен Елбасы Ассамблеяның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі – ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана емес, сонымен қатар еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналғандығын айтты.

Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал. Сонда біздің ұпайымыз түгел болатыны белгілі. Толеранттылық бізді ассимилияцияға түсірмеуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік саясатты барынша айқындап алуымыз шарт. Сонда ғана толеранттылық біздің мақсат-мүддемізге жұмыс істейтін болады.

Қазақ жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділік, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікті сезінетін асыл, қымбат құндылықтарымызды тынымсыз жүргізілген жұмыстардың нәтижесінің арқасында екенін түсіне біліп, достық пен татулықтың шынайы мекені болған Қазақстанның тағдырына, оның келешегіне бей-жай қарамай, ары қарай дамып, гүлденуіне өз септігімізді тигізуіміз керек. Бұл – біздің қасиетті борышымыз бен міндетіміз.

Төзімділік – ол қайырымдылық, жанашырлық, құрметтеу, мейірімділік, шыдамдылық, сезімталдық, ымыраластық, мәмлегерлік, бітімгерлік, ауыз-түйістік, ықыластық, кең пейілділік, ақ ниеттілік, серіктестік, меймандылық, ізгілік, пәтуаға келу, достық, алуан түрлі үйлесім, бейбітшілік пен келісім жолы. Ойымызды түйіндей келе, жарастық табу – толеранттылықтың негізі. Тарихи тәжірибе толеранттылық сананың әр түрлі деңгейі барлығын көрсетеді:

– «Бөтенді» – барынша кінәлау, құдалау немесе күшке негізделген келісім;

– «Бөтенмен» – ымырасыз күрес, оны идеялық «әшкерелеу», тыйым салу, бірақ жазалауға бармау;

– Парықсыздық, талғаусыздық, «маған бәрі бір» – деп құндылықтарға бей-жай қарау;

– «Бөтенді» – қабыл алмау, бірақ оған және оны қолдаушыларға құрмет көрсету;

– «Бөтенді» – іс жүзінде қолдау, оны күшпен ығыстырумен келіспеу, қоғамда өз орнын алуын мойындау.

Толеранттылық XXI ғасырда экономикалық дамудың маңызды факторы және әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан алып шығушы тұтқа болып отыр. Қазақстанда бұл тәсіл уақытпен тексеріліп, сынақтан өткізілген, сондай-ақ оның тиімділігі тарихпен дәлелденген. Қазақстан осында өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың шынайы Отаны бола білді. Олардың жалпы тарихи тағдырлары ұқсас және біздің бәріміз үшін бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты сақтау маңызды болып қала бермек. Тек өзінің ұлттық шығу тегін сыйлаған адам ғана басқалардың мәдениетін сыйлай алады. Этникалық толеранттылықты қалыптастыру тұрғылары, яғни, Ұлттық Құндылық, Пайымды тәуелділік. Ынтымақты Құрамдас Бірлік, Әлеуметтік Кәсіби Даралық символы мен ізгілік үндестігі арқылы Мәңгілік Ел идеясын жасампаз ете аламыз.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742

2 http://alex-nacharov.livejournal.com/9215.html

3 loza.prihod.ru/v_pomoshh_uchitelju_opk_razdel/view/id/10582

4 Viktor Emil Frankl. Wörterbuch der Logotherapie und Existenzanalyse. – S. 471–472.

5 Философский энциклопедический словарь / под ред. А. Б. Васильева. – 2-е изд. – М.: Инфра-М, 2011. – 576 с. – ISBN 978-5-16-002594-0.

6 Рамазан Г. А. Этнополитология: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – СПб.: Питер, 2004. – С. 182.

7 Балцевич В.А., Балцевич С.Я. Толерантность // Энциклопедия социологии. – М., 2003.
8 Толерантность, в третьем значении // Большой энциклопедический словарь. – вт.: ред. А.М. Прохоров, Изд. – СПб: Норинт, изд. 2-е, 2002. – 1456 с.
9 Словарь иностранных слов и выражений. – М., 1998. – 477 с.
10 Толерантность // Толковый словарь русского языка Ушакова, 1935–1940.
11 Толерантность // Словарь Брокгауза и Ефрона, 1890–1907.
12 Даль В. Терпеть // Толковый словарь русского языка. – М., 1998. – Т. 3.
13 Семашко М. А. Развитие термина «толерантность» в гуманитарных науках // Электронный научно-педагогический журнал, 2007. – № 10.
14 Толерантность // Безопасность: теория, парадигма, концепция, культура. – Словарь-справочник. – М., 2005.
15 Декларация принципов толерантности – www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/toleranc.shtml
16 Преамбула Устава Организации Объединенных Наций – www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html
17 Декларация принципов толерантности. – М., 1995.

Referances

1 Nazarbaev N. Kazakstan – 2030. El Prezidentinin Kazakstan halkyna zholdauy. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoks_1357813742
2 http://alex-nacharov.livejournal.com/9215.html
3 loza.prihod.ru/v_pomoshh_uchitelju_opk_razdel/view/id/10582
4 Viktor Emil Frankl. Wörterbuch der Logotherapie und Existenzanalyse. – S. 471–472.
5 Filosofskijj ehnciklopedicheskijj slovsr» / Pod red. A.B. Vasil»eva. – 2-e izd. – M.: Infra-M, 2011. – 576 s. – ISBN 978-5-16-002594-0.
6 Ramazan G.A. Ehtnopolitologija: uchebnoe posobie dlja studentov vysshikh uchebnykh zavedenijj. – SPb.: Piter, 2004. – S. 182
7 Balcevich V.A., Balcevich S.Ja. Tolerantnost’’ // Ehnciklopedija sociologii. – M., 2003.
8 Tolerantnost’’, v tret’’em znachenii // Bol’’shoi ehnciklopedicheskijj slovsr»- vt.: red. Prokhov A.M., Izd. – SPb: Norint, izd. 2-e, 2002, – 1456 c.
9 Slovsr» inostrannykh slov i vyrazhenijj. – M., 1998. – 477 s.
10 Tolerantnost’’ // Tolkovyjj slovar’’ russkogo jazyka Ushakova, 1935-1940.
11 Tolerantnost’’ // Slovar’’ Brokgauza i Efrona, 1890-1907.
12 Dal’’ V. Terpet’’ // Tolkovyjj slovar’’ russkogo jazyka. – M., 1998. – T. 3.
13 Perejjti k: 1 2 Semashko M.A. Razvitie termina ‘’ tolerantnost’’ ‘’ v gumanitarnykh naukakh // Ehlektronnyjj nauchno-pedagogicheskijj zhurnal, 2007. – № 10.
14 Tolerantnost’’ // Bezopasnost’’: teorija, paradigma, koncepcija, kul’’tura. – Slovar’’-spravochnik. – M., 2005.
15 Deklaracija principov tolerantnosti – www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/toleranc.shtml
16 Preambula Ustava Organizacii Ob«edinennykh Nacijj – www.un.org/ru/sections/un-charter/preamble/index.html
17 Deklaracija principov tolerantnosti. – M., 1995.

Толерантность – это масло, которое смягчает трение о жизнь.

Уилберт Чир

Толерантность предоставляет любому человеку право, чтобы он мог требовать того же, что и вы.

Роберт Грин

История человечества тянется на протяжении веков, но главный урок в ней – взаимная терпимость

Эмиль Золя

Мир во всем мире, как общественный мир, не требует, чтобы каждый человек любил своего ближнего, он только требует, чтобы люди уживались друг с другом, проявляя толерантность, представив свои споры справедливости и мирному урегулированию.

Джон Кеннеди

Еркебай А.С.

Қазіргі қазақ театрының әлемдік классиканы игеру деңгейі

Мақалада соңғы екі-үш жылдардағы қазақ сахнасында классикалық шетел драматургиясының қойылу деңгейі сараланады. Түркістан қаласының сазды-драма театры қойған Еврипидтің «Троя ханшасы», Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының Ю. Онилдің «Шырмауық астындағы шырғалаң», Жастар театрының М. Левидің «Жер мен көктің арасында» және Жамбыл облыстық қазақ драма театрының Шекспирдің «Отелло» қойылымдары талданады.

Түйін сөздер: театр, классика, драматургия, режиссер, актер.

Yerkebay A.S.

Development of world classic by modern Kazakh Theater

The article deals with the art of the world's classic drama on the stage of the Kazakh theatrein the last few years. Analyzed the performances of «Trojan Women» by Euripides musical drama theater of Turkestan, «Desire Under the Elms» Y.O'Nil in Zhetysay Drama Theatrenamed after K. Zhandarbekov, «Between Heaven and Earth» M. Levi in Astana Youth Theatre and «Othello» by Shakespeare in Zhambyl regional Kazakh Drama Theatre.

Key words: theater, classical, playwright, director and actor.

Еркебай А.С.

Освоение мировой классики современным казахским театром

В статье рассматривается уровень постановок мировой классической драматургии на сцене казахского театра за последние несколько лет. Проанализированы спектакли «Троянки» Еврипида музыкально-драматического театра г. Туркестана, «Любовь под вязами» Ю.Онила Жетысайского драматического театра им. К. Жандарбекова, «Между небом и землей» М. Леви Молодежного театра г.Астаны и «Отелло» Шекспира Жамбылского областного казахского драматического театра.

Ключевые слова: театр, классика, драматургия, режиссер, актер.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 792.03(574)

Еркебай А.С.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: aerkebaj@bk.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК КЛАССИКАНЫ ИГЕРУ ДЕҢГЕЙІ

Қазақ театры шымылдығын тұңғыш рет түрген күннен бастап әлемдік классиканы игеру жолын бірден қолға алды. Ұлттық театрымыздың тарихына үңілсек, сонау «трагедияның әкесі» атанған көне грек драматургі Эсхилден бастап, Шекспир, Мольер пьесаларымен қатар, орыстың ұлы жазушылары А.Н. Островский, Н.В. Гоголь мен А.П. Чеховтың шығармаларын сахнамыздың төрінен көруге болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары бұл игі шара өз жалғасын тауып, қазақ сахнасынан бұрын-соңды қойылмаған әлемдік драматургия да тың шешімдермен, түрлі режиссерлік интерпретациямен қойылып жатыр.

Әсіресе, М.О. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында аударма пьесаларды сахналау жақсы жолға қойылған. Соңғы жиырма жылдықта К. Гоццидің, Г. Гауптманның, Ф. Кафканың, Г. Ибсеннің, М. Метерлинктің, Б. Брехттің, Т. Уильямстың, т.б. әлемді мойындатқан жазушылардың шығармалары қазақ көрерменіне ұсынылды. Облыстық театрлар да аударма дүниелерді сахналауды жіті қадағалап отырады. Әрине, бұлардың барлығының көркемдік сапасы түрлі деңгейде болғанымен де, өнер ұжымдарының, режиссерлардың ізденісін жоққа шығаруға болмайды.

2012 жылы Түркістан қаласының сазды-драма театры Еврипидтің «Троя ханшасы» атты қойылымын сахналады. Көне грек драматургі Еврипидтің «Троя әйелдері» пьесасында құлаған Троя қаласы мен оның күл-қоқысында жылап-сықтаған Гекубаның жағдайы баяндалады. Режиссер Ғазиз Арынов пьесадағы барлық кейіпкерлерді сахнаға шығармай, тек Гекубаның өзін және қойылымның басында бір рет, соңында бір рет шығатын хорды көрсетіп, қойылымды моно-спектакль деп атаған. Бірақ, Гекубаны сахнаға жалғыз шығарғанымен, режиссер Кассандра, Андромаха, Елена, Минелайдың және хордың дауыстарын сахнаның сыртынан шығарып, олармен диалог құрған. Осыдан бұл қойылымның жанры жағынан сұрақ туындады. Сонымен қатар, бір рет шығарған хорды, сол қалпында сахна төрінде қалдырып, көне грек театрының үлгісінде шешсе спектакль мүлдем басқа дүние болып шығушы еді деген ойда қалдық.

Еврипидтің бұл пьесасы соғысқа қарсы жазылғанымен, үмітсіздікке толы шығармаларының бірі. Гректердің троялықтармен соғысын суреттейтін пьесада, Троя әйелдерінің, Приам отбасының қайғы-қасіреті суреттеледі. Приамның әйелі Гекуба Одиссейдің, үлкен қызы Кассандра Агамемнонның, ұлдары Гектордың әйелі Андромаханы Ахиллдың ұлы Неоптолемге күндікке беріп, кіші қызы Поликсенаны Ахилдің табытының басында құрбандыққа әкеледі, ал немересі Гектордың сәби ұлын жартастан лақтырып, өлген денесін әжесі Гекубаға әкеліп береді. Осындай зұлымдықтарды көрсету арқылы Еврипид сол кездегі соғысы бітпейтін саясатты, бейбітшілікті аңсаған халықты суреттеген.

Жалпы режиссер Ғ.Арынов кезінде Жетісай театрының бас режиссері қызметін атқарғанда осы трагедияны «Троя арулары» деген атпен сахнаға шығарғаны белгілі. «...режиссер Ғ.Арынов Еврипид трагедиясының поэтикалық сазын, психологиялық сырын, эмоциялық қуатын, пьесадағы адам рухының күйзелісін өз деңгейінде шығара алмады. «Троя арулары» актер ойынына шабыт беріп, театрдың шығармашылық жағынан өсуіне көмектесе алмады» [1.269] – деген театртанушы Б. Нұрпейістің пікірінен қойылымның көркемдік деңгейінің жоғары болмағанын байқаймыз. Бұрын қойылған шығармаға қайта оралғанда режиссердің белгілі бір көркемдік концепция ұстайтыны, немесе мақсат көздейтіні хақ. Мұндай мақсат, ой-тұжырым Түркістан театрының қойылымда айқын сезіле бермейді. Режиссердің бүгінгі көрерменге не айтқысы келіп отыр, көне талқанданған Трояның оқиғасын тап қазір сахнаға шығарғандағы көркем-идеялық нысана не? Осындай ойлар айқын болуы керек. Ал, айқын болмаған жерде, бүгінгі көрерменге жеткізер ой-тұжырымы да түсініксіз, режиссердің өз қойылымымен тың ештеңе айта алмауы да хақ. Мәселен, 1966 жылы режиссер Мигель Наррос Мадридте осы шығарманы қойғанда бүкіл көрермен фашистік диктатураның салдарынан елдің, кешегі қираған халықтың еңсесі әлі де көтерілмегендігін, дәл сол кездегі мемлекеттің саяси жағдайын сезіп отырды. Өкімет басшыларының қарсылық білдіргеніне қарамастан, цензура бұл қойылымды еш тоқтата алмады. Өйткені, қойылымның стилі академиялық, ал Еврипидтің мәтіні еш өзгертілмеген еді. Осыдан, кезінде бүкіл театр әлемін шулатқан қойылымнан кейін режиссер Арыновтың айтар ойы түсініксіз әрі әр театрда қайталап қоя берген спектаклінде жаңалық, тың көркемдік сипат сезілмегені өкінішті. Осы орайда, кезінде театр сыншысы Қ. Қуандықовтың: «Аударма пьесаларды қоюдағы негізгі принцип – шығарма таңдай білу мен оның сахналық дұрыс шешімін таба білуде...» [2. 241] – деген сөздері еріксіз ойға оралады.

Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры Ю. Онилдің «Шырмауық астындағы шырғалаң» (2013) қойылымы – XX ғасырдың басындағы танымал американдық драмаургтің қазақ театрында қойылған алғашқы пьесасы. Әлемге әйгілі пьесаның келісті пластикалық шешімін тапқан тәжірибелі режиссер Тілеген Ахмет өзіндік қолтаңбасымен көрінді. Ол театр суретшісі (әрі көркемдік жетекшісі және директоры) Б. Сраиловпен ой тоғыстырып, қойылымның сахналық шешімін жаңаша қарастырыпты. Екі қабатты үйдің декорациясын жасау арқылы, әр кейіпкердің іс-әрекетін бірден бірнеше мизансценалар құруы арқылы көрсеткен. Әсіресе, Ибен мен Эббидің біреуі астында, екіншісі үстінгі қабатта теңселіп, ынтық болғанынан бірін-бірі сезіп, қимылдарына дейін қайталауы әсерлі шыққан. Бір өкініштісі, пьесаның аты айтып тұрған шырмауықтың сахнада болмауы. Ресей зерттеушісі А. Роммның: «Присутствие этих символических фигур, в которых как бы воплотилась неизменная судьба, ощущается на всем протяжении драматического действия, и их внутреняя музыкально-лирическая тема воспроизводится во всех образах пьесы» [3. 111] – деген сөздерінен пьесаның басты тақырыбын ашудағы шырмауық ағаштарының мәні зор екенін көреміз. Осы себептен сахнадағы оқиға мен қойылымның аты бір-бірімен сәйкестенбей қалған. Сондай-ақ, сахнадан кәсіби деңгейдегі режиссура көргенімізбен, актерлік шеберлікпен әлі жұмыс жасау керектігі байқалды.

Актер Б. Баймағамбетов Ибен бойындағы қым-қиғаш арпалыс сырын аша алмаған. Оның Эббиға деген махаббатына, жан иірімдеріне сене алмайсың. Дәл сондай, Эбби роліндегі С. Айдарова кейіпкерінің идеялық нысанасын дұрыс түсінгенімен нанымды характер жасай алмаған. Керісінше, пьесаның басты кейіпкері, бірақ қойылымда екінші планға түсіп қалған Эфраим Кэбот бейнесі дұрыс бейнелеу тапқан. Актер З. Найзағараев жас келіншекке үйленген, қара басынан басқа ешкімді ойламайтын 75 жасар қарттың бейнесін терең түсініп ойнайды. Бірақ, автордың трактовкасындағы Кэботтың бойынан қайсарлық пен қажырлық, қаталдық аса байқалмады. Актердің Кэботы байсалды қимыл-қозғалысымен, ойлы көзқарасымен, тіпті парасатты келбетімен ерекшеленді.

Режиссер Т. Ахмет шығармалық батылдығын, актерлер шеберлігін классикалық дүниелерді меңгеру үстінде ұштау ниетін қолдаймыз. Мұндай шығармалар актер мен режиссердің шеберлігін, театрдың кәсіби деңгейін анықтайтын құбылыс. Классикалық ірі драматургиялық шығармалар театрдың шығармалық жағынан өсуіне, актерлер өнеріне шабыт беріп қанаттандырады. Бірақ бұған дайындықпен келіп, мол ізденіс талап ететінін ұмытпаған жөн. Сондықтан, жетісайлықтарға әлі де кәсіби өнер биігінің шыңына шығу үшін талай тер төгу керек дегіміз келеді. Тұтас алғанда кейбір бірлі-жарым олқылықтарына қарамастан «Шырмауық астындағы шырғалаң» театрдың бүгінгі ізденісін толық анықтайтын ұжымның табысты қойылымы.

Астанадағы Жастар театрының бас режиссері Н. Жақыпбайдың шәкірті Дәурен Серғазин өзін режиссерлік кәсіпте де байқап жүр. Оның тырнақалды жұмысы – француз жазушысы Марк Левидің «Жер мен көктің арасы» повесінің инсценировкасы бойынша қойылымының премьерасы 2013 жылдың аяғында өтті. Мұның алдында көрермендерге Голивудтық режиссер Марк Уотерс түсірген фильмы арқылы таныс шығарманың сахналық нұсқасын астаналықтар асыға күтті.

Артур есімді жас жігіт жаңа пәтерінде Лорэн есімді қызбен танысады. Бірақ Лорэн Клайн екі дүниенің ортасында, жер мен көктің, тірі мен өлінің арасында қалып қалған екен.

Режиссер ұстазы Н. Жақыпбайдың ізімен қойылымды пластикаға құрған. Лорэннің екі дүниенің арасында жүруін, Артур екеуінің арасындағы пайда болған сезімдерді әдемі би элементтері арқылы шешкен. Сондай-ақ, суретші Е. Тұяқовпен бірге шығарманың ерекшелігіне қарай сахналық алаңды толық пайдаланып, кейіпкерлердің еркін әрекет жасауына көп көңіл бөлген. Жылжымалы қабырғаларды, үстелдің көрерменнің көзіне көрінбей бөлініп тұруы, жер мен көктің арасында қалып қалған Лореннің қимылына өте қолайлы. Аяқ астынан қабырғаға кіріп кетуі, не болмаса қабырғаның ар жағынан кенеттен басының, не қол-аяғының шығуы өте әсерлі.

Артурды Дәурен Серғазиннің өзі сомдады. Кенеттен үйінде пайда болған қызға деген ызасы біртіндеп қызығушылыққа ауысып, одан кейін махаббат сезімдерінің оянуын актер нанымды жеткізе алды. Ол рөлдің сахналық процесін, өміріне мәні келген жігіттің ішкі жан тебіренісін дұрыс анықтаған.

Айым Жүсіпбекова орындауындағы жер мен көктің арасында қамалып қалған Лорэн әдемі де нәзік, амалдың жоқтығынан осы тірлігіне көне бастаған қыз. Айнала қоршаған адамдармен тіл қаталмай, ешкімге көрінбей өмір сүруге мәжбүр болған Лорэннің жан-дүниесін психологиялық тоғаныспен жеткізеді. Артурдың ғана оны көріп еститінін білгендегі қуанышы мен үміті, ауруханада төсекте жатқан өз денесінің қасында отырғандағы шарасыздығы көрерменді немқұрайлы қалдырмайды. Ал актрисаның көзге тартымды қимыл-қозғалысы, жеңіл де әдемі шыққан би палары көзге көрінбейтін қыздың философиясын жеткізеді.

Бекжан Керімбаевтың сомдауындағы Томнан нағыз достыққа адал адамды көруге болады. Досының әлдекіммен сөйлесуі, Лорэн туралы естігенде сенбеушілігін актер нанымды жеткізе алды.

«Режиссердің басты міндеті – автор идеясын, көркемдік нысанасын ашу. Бұл – еш уақытта өзгермейтін аксиома» [4.304] десек, Д. Серғазин тырнақалды жұмысында осы қағиданы жақсы түсінген. «Жер мен көктің арасы» қойылымы жас режиссерден үміт күттіреді. Өзіндік ой-тұжырыммен келіп, мизансценаларын психологиялық ойға құрған Серғазиннің спектаклі театр репертуарынан өз орнын алмақ.

Әлемге әйгілі ағылшын драматургі Вильям Шекспирдің шығармалары әлі күнге дейін жұртшылық көңілін қызықтырудан жалыққан емес. «Классикалық шығармаларды меңгерудегі театрдың алғашқы қадамы 1927 жылы Ж. Шанин қойған Шекспирдің «Гамлетінен» басталып, 30-жылдардың аяғында-ақ қалыптасып қалған болатын» [4.102] – деп Б. Құндақбайұлы айтқандай, қазақ театры да ашылған күннен бастап ұлы жазушының қаламынан туған пьесаларды сахна төрінен түсірген жоқ. 1600-1608 жылдары «трагедиялық» деп аталып кеткен екінші кезеңінде жазылған «Отеллоның» ұлттық сахна өнеріндегі алатын орны ерекше. Мұндағы махаббат, достық, адалдық, азаматтық міндет пен соғыс зардабы – Шекспирдің барлық шығармаларына ортақ көтеретін мәселелер. Театр тарихына үңілсек «Отеллоны» сахнаға шығарған режиссерлер мен актерлардың өзіндік тың ізденістерін, даралықтарын көруге болады. Ұлттық өнеріміздің ақсақалдары Шәкен Айманов орындаған Отелло мен Нұрмұхан Жантөрин сомдаған Яго театр қазынасының асылы. Осындай өнер майталмандары салып кеткен даңғыл жолды қайталамай, ерекшелігімен, өз жаңалығымен келу бүгінгі өнер қайраткерлеріне қиын екені рас.

Былтыр ағылшын драматургінің туғанына 450 жыл толуын бүкіл әлем театрлары шама

шарқынына қарай атап өтті. Қазақ театры да бұл мерейтойдан сырт қалмай өз үлесін қосып келеді. М. Әуезов атындағы театр «Отеллоны», Астанадағы Жастар театры «Асауға тұсауды» сахналаса, осы 2015 жылдың наурызында Жамбыл облыстық қазақ драма театрының сахнасында «Отелло» қойылымының тұсауы кесілді. Режиссері арнайы Алматыдан шақыртылған Асыл Құдайбергенов.

Қойылым Родриго мен Ягоның әңгімесімен басталады. Дездемонаға ғашық Родригоны бірден өзіне сыбайлас еткен Ягоның арам пиғылды әрекеті іске асып кетеді. Отеллоның нәсіліне, қолбасшы болып отырғанына, елге сыйлы, енді міне сенатор Брабанционың сүйікті қызы Дездемонамен некелесуі Ягоның жанын өртеп барады. Төңірегіне зұлымдық зәрін шашып жүрген қу Ягоның жоспары Отеллоның сенгіштігінің арқасында жүзеге асады. Адамгершілік, махаббат, ар, гуманизм сезімдері бүкіл пьесаның идеялық-көркемдік мазмұнын құрайды.

Отелло роліндегі Жамбыл театрының жас актері М. Ақүрпековтің дене бітімі, жүріс тұрысы, салмақты көзқарасы мен сөз байлауы әскери қолбасшыға лайық келген. Бет әлпеті қара түсті мавр Отеллоға аққұба Дездемонаның ғашық болуының да себебі – оның түндей қара нәсіліне қарамастан жанының тазалығы, арының пәктігі. Орындаушының жігері, жалын атқан жастығы, ішкі қызулығы, ширақ қимылы қаhарман бейнесін жасауға үйлесімді келген. Отелло – М. Ақүрпеков оқиғаның өрбуіне сай мінезін өзгертіп отырады. Бастапқы сахналарда актердің жадыраңқы дауысы қуанышқа толы. Ал Брабанцио мен сенаторларға өз өмірінің мән жайын айтқан кезде көңілі құлазып кетеді. Орындаушы кейіпкердің өткен өмірін тереңінен зерттеген. Басына қайғы алып келген қанды соғыстарды баяндаған кездері шынайылығына сенесің. Актер кейіпкер мінезін психологиялық толғаныстарымен шынайы көрсете білген. Ол Отелоның тазалығын, адалдығын, мейірімділігін сенімді бейнелейді. Ақүрпековтың Отеллосы Дездемонаны сүйгенімен де лапылдаған жалын иесі, сезімтал жан емес, ол нағыз қолбасшы. Әсіресе маврдың түріктерді жеңіп, елге салтанатпен оралған сәтінде қолбасшыға тән байсалдылық, байыптылық көрсетуі арқылы актер өз кейіпкерінің мінезі мен мақсатын жақсы түсінгенін көреміз. Егер бұның алдында қойылған спектакльдерде Отелло өзінің ұлттық, яғни араптардың киімімен бейнеленсе, режиссер А. Құдайбергеновтың шешімімен кейіпкерін еуропалық үлгідегі киіммен шығаруы арқылы Отеллоның мәдениеттілігінің, зиялылығының жоғары екендігін көрсетті. Дегенмен де, Отелло – М. Ақүрпековке Дездемонаны өлтіретін сахнасында нанымды көзқарастар жетіспей жатты. Жас актерге күрделі бейненің кейбір қырлары, Отеллоның басынан кешетін күйініш пен қуаныш сәттері орындаушы ойынынан терең көркемдік шешім таба бермеген сияқты. Өткен заманның қанқұйлы күшін елестететін Отеллоның философиясын, оның ішкі әлемін ашатын толғаныс жетпей жатыр.

Яго Отеллоның орнын басып дәрежесін көтеру, мансап пен даңққа бөлену ойымен Дездемона екеуінің арасына от жағып, жазықсыз адамдардың махаббатына дақ түсіріп жүрген алаяқ. Ол әркімді өз қалауынша ырқына көндіріп алдап-арбауға шебер, алдына қойған мақсатына жету үшін тіпті қолын қанға малудан да тайынбайтын жан. Осындай күрделі ролді орындаған актер Мәмбет Қожалиев Ягоның көп қырлы психологиялық, философиялық бейнесін жасау үстінде көп тер төккені байқалып тұр. Актер Ягоның қу, арам пиғылды қасиеттерін көремендерге жеткізуде оның қимыл-қозғалысын, әрбір сөз мақамына мән берген. М. Қожалиев қулық пен ақылдылық, іштарлық пен кекшілдік, сондай-ақ, ақсүйекке тән ұстамдылық пен сабырлылық сынды Ягоның жан-жақты мінезін ашуға ұмтылған. Өз пайдасын ғана ойлайтын кейіпкерінің жиіркеніштi қасиеттерін актер көрерменге сенімді жеткізе алды. Ягоның ішкі жаман ойын М. Қожалиев ашық сездірмей, оқыс түскен көз қиығымен, «достық» ниетпен әзіл-шыны аралас айтылған сөз астарынан байқатып қалып отырады. Ягоның зұлымдық әрекеттерін біртіндеп ашқан актер оқиға шарықтау шегіне жеткенде оны нағыз қанипезер жауыз етіп көрсетеді. Бірақ актер ойынының жетістіктерімен қатар, кемшіліктері де жоқ емес. Яго – М. Қожалиев сахнаға алғаш шыққандағы дауысында жалған айғай басым болды. Бұл актердің сөйлесу, түсіндіру әдісіне ырғақтық пен жинақылық жетіспей жатқандай әсер береді.

Үлде мен бүлдеге оранып, мәпелеп өскен ақсүйек қыз Дездемонаның тексіз маврмен тағдырын байлауы жүрегінің батылдығын көрсетеді. Осындай ержүрек Дездемонаны сахнаға жас актриса Перизат Рыспанбетова шығарды. Актрисаның сымбатты да әдемі тұлғасы Дездемонаның бойына лайық табылған. Ол Дездемонаның адалдығын, таза жүректі қасиеттерін, ішкі психологиялық толғаныстарын көрсетуге бар күшін салды. Дегенмен де, актрисаның тәжірибесінің аздығы, шеберлігін әлі шыңдай түсу

керектігі ол шыққан әр сахнадан байқалып тұрды. Отеллоны көргенде оған деген махаббат сезімі мен жастықтың отты жалыны байқалмады. П.Рыспанбетова кейіпкердің мінез ерекшелігін тек сыртқы түрленумен суреттегендіктен Дездемонаның психологиялық толқулары мүлде көрінген жоқ. Болашақта актриса серіктестерінің көмегімен ойынын ширатып, қойылымнан қойылымға ашыла түседі деген сенімдеміз.

Қойылымда аз көрінсе де, өзінің мәдениеттігімен, сыпайылығымен Венеция дожы – Ж. Әлімбек есте қалды. Қойылымда түрлі мінездегі кейіпкерлерді ойнаған Қ.Оразбаев (Брабанцио), Б.Көпжасаров (Кассио), Ж. Құлтаева (Эмилия), Ғ. Сұрапбаевтың (Родриго) өзіндік шығармашылық ізденістері бар. Жанрға сай әрекет жасаған актерлердің ойыны шығарманы көркемдік сипатқа көтерген.

Спектакльді қойған режиссер Асыл Құдайбергенов әр кейіпкер даралығын ескере отырып актерларды дәл таңдаған. Шекспир суреттеген оқиғаны классикалық үлгіде шешіп, бүгінгі қоғамдағы Яголардай алаяқтардың, жауыздардың іс-әрекеттерін көрсетуді көздеген. «В. Шекспир мектебі – жауапты сын. Ол – сынға дайындықсыз, әзірліксіз келу – шынайы өнерпаз емес, өнерде адасып жүрген дилетанттардың берекесіз қадамы сынды нәрсе» [5. 84] – деген Ә. Сығайдың сөздерін, пьесаның қазақ сахнасындағы қойылу дәстүрін ескерумен бірге, А. Құдайбергенов өзінің режиссерлік ой-тұжырымымен, Шекспир әлемін өзіндік танып-білу концепциясымен келген. Сонымен қатар, қойылымда орынды қолданған музыка, Қайта өрлеу дәуірінің ерекшелігін нақты көрсететін тарихи костюмдер өз үйлесімділігін тапқан. Суретші Р. Сапаралиева да актерлердің қимыл-қозғалысына ыңғайлы қойылымның пластикалық шешімін оңды тапқан.

Тұтас алғанда, тараздықтардың «Отелло» қойылымы Шекспирдің күрделі әлеміне жасаған батыл қадам болды. Әрине, мұнда әлі орны толмаған олқылықтар да бар. Оның көпшілігі жас актерлердің сахналық тәжірибесінің аздығына, ысылып, жетілмегендігіне байланысты. Дегенмен де, «Отелло» спектаклі режиссердің, актерлердің, суретшінің шығармашылық бірлестіктерінен туған және театрдың мүмкіншіліктерінің мол екенін айқын байқатқан сахналық көркем туынды болып отыр. Сондықтан да, Тараз қаласындағы облыстық театрдың классикалық дүниені сахнаға шығаруы актерлердің, әсіресе жастардың кәсіби шеберліктерін ұштауда үлкен мектеп болатыны ақиқат.

Жалпы әр актердің ұлттық және шетел классикалық пьесаларында өзіндік шығармашылық шеберліктері психологиялық, физикалық, логикалық сезім иірімдерін ұтымды үйлестіруі арқылы шынайы шыңдала түсетіні белгілі. Жоғарыда айтылған қойылымдар қазақ көрерменін тек дүниежүзілік драматургиямен таныстырмай, сонымен қатар ұлттық театрлардың көркемдік мүмкіндіктерін, режиссерлардың заманауи тыныспен жұмыс жасауға деген батыл қадамдарын да байқатты.

Әдебиеттер

1 Нұрпейіс Б.Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай қазақ драма театры // «Қазақ сахна өнері. Тәуелсіздік кезеңі» ұжымдық монографиясында. – Алматы: «КИЕ», 2009. – 488 б.
2 Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. – Алматы: «Жазушы», 1969. – 244 б.
3 Ромм А. Американская драматургия первой половины XX века. – Л.: «Искусство», 1978. – 247 с.
4 Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы: «Өнер», 2006. – 320 б.
5 Сығаев Ә. Сахнаға сапар: Драматургия мен театр мәселелері хақында. – Алматы: «Өнер», 1990. – 192 б.

References

1 Nurpeis B. K.JandarbekovatindagiJetisaikazak drama teatri \\ «Kazak sahnaoneri. Tauelsizdikkezeni» ujimdikmonografiasinda. – Almati: «Kie», 2009. – 488 b.
2 Kuandikov K. Tungishultteatri. – Almati: «Jazushi», 1969. – 244 b.
3 Romm A. Amerikanskaydramaturgiypervoipolovini XX veka. – L.: «Iskusstvo», 1978. – 247 s.
4 Kundakbaiuli B. Teatrturalitolganistar. – Almati: «Oner», 2006. – 320 b.
5 Cigaev A. Sahnagasapar: Dramaturgiy men teatrmaselelerihakinds. – Almati: «Oner», 1990. – 192 b.

Игисинова Н.Б.,
Ахметжанова К.Б.,
Қайратова А.Қ.

Исламдағы адагершілік пен ізгілік – мәдениеттің негізі

Берілген мақалада исламдағы адамгершілік пен ізгілік мәселелері қарастырылады. Бүгінгі күні қоғам дамуындағы діннің және мәдениеттің орны діни шарттардың әсерінің күшеюі түрлі жағдайларға байланысты. Адамның қоғам алдындағы міндеттерін де айқындап берген. Сол міндеттердің бастысы – адам имандылығы. Дініміз адам баласының тәрбиесіне үлкен мән береді. Үлкенді сыйлау, кішіге мейірімділік көрсету – бұл жастардың ең басты міндеті. Ислам дінінде амандасу, жанашырлық, қолқабыс көрсетуге байланысты ұғымдар үлкен мәнге ие. Адамзат болмысының бір ерекшелігі – қоғам құрып, бірге өмір сүруі және әлеуметтік қатынас жасау. Қоғамда әр азаматтың басты міндеті қоршаған ортада бірлік пен ынтымақты сақтап, бөлінушілікке, бүлікке, ел тыныштығын бұзатын жәйттарға жол бермеу. Ислам ілімі, бейбітшілікке, ынтымаққа шақырады және адамзат сенімінің ұлы ағымын бұрмалаушы кертартпа өкілдерінен арашалау қажеттілігі туып отырғандығын айтады. Сонымен қатар, діншілдік басты себептерінің бірі – қоғамдық ұйымдардың, ғылым мен мәдениеттің тиісті мекемелерінің діни көзқарасқа мүмкіндіктер туғызып діни ұйымдарды ашуға рұқсат берілген. Бірақта бұл діни ұйымдар мемлекетіміздің заңына сәйкес қызмет атқаруы тиіс. Діни тәрбиенің адамның адамгершілігін қалыптастыруға тигізетін маңызы зор.

Түйін сөздер: дін, ислам, адамгершілік, ізгілік, мейірімділік, сыйластық, сенім, ынтымақ, бейбітшілік, діншілдік.

Igisinova N.B.,
Ahmetzhanova K.B.
Kayratova A.K

Basis of moral culture in islam

This article deals the questions of foundation of culture – humanism and morality in Islam. In modern society are increased the influence of religion and culture. Identified human duties to the community. The main duty is to be highly spiritual. Religion pays great attention to education of person, respect for elders, protection and assistance to junior is the responsibility of the youth. Much attention is paid to charity in Islam, assistance to the needy. The peculiarity of humanity is living in society and the relationship between people. Each person must protect the environment, fight for peace, not to give place discord. Islam calls for peace and tranquility, to guard against incorrect interpretation of the canons of the Koran. Also given permission for the organization of religious communities in the educational and cultural institutions, which must obey the laws of the state. Religious education contributes to the formation of the individual morality.

Key words: religion, Islam, spirituality, youth, charity, environment, peace, the Koran, law, government, education, morality.

Игисинова Н.Б.,
Ахметжанова К.Б.,
Қайратова А.К.

Основы нравственной культуры в исламе

VIII ғ. ортасында осындай губернаторлықтың ішінен ерекше белсенділігімен Ань Лушань деген жартылай түркі текті билеуші көзге түсті. Ань Лушань шекараны қорғап тұрған ірі әскери күшті басқара отырып, қолына әкімшілік және қаржылық билікті де шоғырландыра білді. Көрші кидан тайпаларының таңдаулы әскерлеріне арқа сүйеген ол, 755 жылы 150-200 мыңдық әскермен Чанъаньға жақындап, астанадағы сарайдағы қызметкерлер мен қала әкімдерімен астыртын бүлік ұйымдастырып, таң әулетінің билігіне қарсы көтеріліс шығарады. Көтерілістің катерінен қорыққан император астанадан қашып кетеді. Чанъаньға енген Ань Лушань өзін император деп жариялайды.

Таң императоры астанадан қашып, Сычуаннің орталығы Чэнду қаласына бас сауғалайды. Ань Лушаннің көтерілісін өкімет әскерлері басып тастауға бар күшін салады, ол үшін Ферғана, Хотан билеушілерінен, Бағдат халифатынан, тибеттіктерден, батыс түркілерден және ұйғырлардан көмек алады. Бұл елдерден келген жалдамалы әскерлерге Таң билеушілері көтерілісті жеңіспен аяқтаған жағдайда «жер бетіндегі барлық жақсылықты жасауға» уәде берді. 200 мыңдық құрама әскер 757 жылы жорыққа шығып, Чанъаннан көтерілісшілерді қуып шығады. Осы шайқаста Ань Лушань мерт болғанымен, көтеріліс Хэнань, Шанши, Хэбэй провинцияларында ұзақ уақыт бойы жүріп отырды. Тек 762 жылы ғана Таң әулеті бүлікшіл цзедушилердің көтерілісін басып жаншығанымен, олардың өздері ұйғыр қағандығына тәуелділікке түседі. Ұйғыр әскерлерінің көмегімен Чанъаньға қайтып оралған таң императоры ұйғырларға 10 мың жібек орамын сыйға тартып, жыл сайын оларға тағы да 20 мың жібек орамын сыйлыққа беріп отыруға уәде береді.

Осы кезде көмекке келген әскерлер Қытайда қоныстанып қалады. Таң патшалығы бұларға сый ретінде Таң империясының астанасы Чанъанда қоныстануға рұқсат береді және де оларға мешіттер салып береді, қытай қыздарымен үйленуге рұқсат береді. Олар ислам шариғаттарын, дәстүрлерін жақсы сақтаған, олардың ұрпақтары да ислам діндік қасиеттерді де жалғастыра білді. Бұл ислам дінінің Қытайға таралуының тағы бір себебі болмақ. Таң патшалығының астанасы Чанъаннан басқа Яңжу, Гуанжу қалаларында саудагерлер өте көп болған, порт қала Гуанжудың өзінде жылда он мыңнан астам сауда кемелері келіп кететін болған. Сауда кемелерінің көптеп келуі Қытайда сырттан келген мұсылмандар санын көбейте түседі.

Сонымен қатар, Таң патшалығы сол кездегі ең дамыған, өркендеген мемлекеттің бірі болуы себепті көптеген көрші елдер мен аймақтардан көптеген елшілер, саудагерлер, білім алушылар, өнерлілердің ағылып келуіне түрткі болды. Таң патшалығы кезінде Таң империясында ұзақ уақыт тұрған шетелдіктерді «фанкі» (蕃客) деп атаған, яғни қоныс аударушы қонақтар деген мағына береді. Олардың ұрпақтарын «тушын фанкі» (生蕃客) деп атаған, яғни қоныс аударушы қонақтардың ұрпақтары деген мағына. «Фанкілер» мен «тушын фанкілер» ислам дінін алдымен өз ішінде бекім ұстады, басқа діндерден үстем тұрамыз деп діни қақтығыстар туындатпады, қытайлардың негізгі Рутағлымына да қарсылық көрсетпеді, сондықтан да олар императорлардың жою, не болмаса рұқсат етпеу назарынан тыс қалды, осылайша ислам діні бейбіт тұрғыда Қытайға ақырындап таралды.

Таң патшалығы кезінде қытайлар астрономия, математика, медицина, баспа, сурет салу тағы да басқа көптеген салада өте жоғары жетістіктерге жеткен. Әсіресе шығармашылық жағынан Қытай тарихындағы «алтын ғасыры» деуге болады.

VIII ғ. ортасынан бастап, Ань-Лушаньның көтерілісінен кейін Таң әулетінің билігі әлсірей бастайды және дағдарыс тереңдей түседі. Таң империясының дағдарысының алдында, салыққа барлық қолында жері бар адамдар, соның ішінде ірі жер иелері де тартылған болатын. Осылайша, ірі бай топтардың жерге меншік ету құқы ресми түрде танылған еді. Үлестік жүйе біртіндеп жұтылып кетіп, жерге жеке меншік күшейе түседі, салық та қарапайым халыққа ауыр тиеді. Алайда әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда басталған дағдарыс күннен күнге өрши түседі, елдегі бытыраңқылық та белес орын алады.

Қытайдағы билік етуші әулеттердің дағдарысының тереңдей түсуін қоғамның төменгі әлеуметтік топтарының өкіметке қарсы наразылық бас көтерулерінің жиілей түсуінен, оны тіпті, сонау 762 жылғы Чжэцзян провинциясында Ань Лушань бастаған көтерілістерден бастап көруге болатын еді. Елдегі саяси бытыраңқылық етек алып, әртүрлі әлеуметтік күштердің императорлық билікке қарсы күресі күшейді. Жерден айырылған шаруалар жасақтарға бірігіп әкімдерге, ірі жер иелеріне, будда дінбасыларына шабуыл жасай бастайды.

Таң патшалығының құлауына Таң патшалығының соңында кедей мен байлардың арақашықтығы өте алшақ болуы мен жерді кең көлемді феодалдар иемденгені ең басты себебі. Жер мен байлықтың патшадан бастап жергілікті билік басындағыларға шоғырлануы халықтың қолында ештеңесі жоқ, бұнымен қоса халыққа ауыр салықты өтеу керек. Бұл жағдайдағы қарапайым халық салық өтеуден қашып қашқын болуға мәжбүр болды, күннен күнге қысқан салық қашқындар санын күннен күнге ұлғайтты, көбейе келе жер-жерде шаруалар көтерілісі белес алды, Хуаң Чау бастаған көтеріліс Таң патшалығын толығымен күйзелтті.

960 жылы 4 ақпанда кидандарға қарсы аттанған Қытай әскерлері өздерінің командирі Чжао Куаниньді Қытайдың императоры етіп жариялайды. Бұны Кайфын каласының тұрғындары – чиновниктер, әскери топтар және мемлекет қайраткерлері қолдап, Сұң әулетінің (960-1279 жж.) негізін салған өкіметті бекітеді. Астанасы – Кайфың қаласы болады. Чжао Куанинь император болған соң кидандармен келісімге келуге және оларға жыл сайын 100 мың күміс кесегін, 200 мың жібек мата орамын беруге уәде береді. Сөйтіп солтүстіктегі бейбітшілікті қалпына келтіріп, Сұңдар елді біріктіру жолындағы соғысты бастайды [4, 128 б.].

X ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап XVIII ғасырдың 70-шы жылдары аралығы ханьдар билік еткен Сұң патшалығы тарихи сахнадан орын алады. Арабтар шығысқа қарай жаулаушылық барысында ислам діні де Шыңжаңдағы Қашқар аймағындағы Қараханиттер мемлекетіне енеді, әрі мемлекеттік дін болып жарияланады. 1017 жылы Оңтүстік Шыңжаңдағы Юкуоға ислам діні толығымен таралады, буддизмді ығыстырып шығады. Кейіннен Қашқардан Ақсу мен Күшәрға таралып, XVII ғасырда ислам діні Шыңжаңда толығымен үстемдік орын алады.

Сұң патшалығы кезде көптеген шетелдермен кең көлемде сауда-саттық жағынан өте қарқынды дамыды. Сұң патшалығы сол кездегі әлемдегі маңызды теңіз жолымен сауда-саттық жасай білген мемлекет болды. Көптеген Гуанжу, Минжу, Ханжу, Чуанжу сияқты порттар болған, осы порттар арқылы Жапония, Вьетнам, Индия, Араб империясына, Солтүстік-шығыс Африкаға баратын болған. Сауда-саттықтан кірген кірістен тыс келіп кеткен кемелерден салық алып отыратын болған, бұл мемлекеттің негізгі қаржы кіріс көзінің бірі болған. Сұң патшалығы тоқыма, алтын, күміс, мыс, қышы ыдыстар сияқты заттарды экспорт еткен, ал әтір, дәрі-дәрмек, піл тісі, меруерт сияқты заттарды импорт етіп отырған. Кең көлемді байланыста болуы әр мәдениеттің бір-бірімен таныс болып әрі бір-біріне әсері де зор болды. Бұл тұста ислам дін де қалыс қалған емес. Мұсылмандар саны көптеп қоныстануына байланысты көбеюде, мемлекет тарапынан мұсылмандарға құрметтеушілік жасалды, себебі мемлекет үшін мұсылман саудагерлер көптеген кіріс әкелді, қаржы көздерінің бірі болды.

982 жылы буддизмді көтермеушілік мемлекет тарапынан қолдау жасалды, 170 жыл үзіліс тапқан буддизм тағлымдарын қытай тіліне аудару қайта қолға алынды. 1021 жылы 460 мың адам буддизмді қабылдады, 40 мыңнан астам будхана салынды [3, 341 б.]. Буддизмге қолдау жасауы ислам дінінің Қытайда таралуына үлкен әсер етпеді. Себебі мұсылмандар саяси билікке араласпады және Сұң патшалығы үшін мұсылмандар сауда-саттық жағынан мемлекетке үлесі зор болған.

Сұң патшалығы әлемдегі алпауыт мемлекет болып саналды. Қытай тарихындағы төрт үлкен тапқырлықтың үшеуі баспа өнері, компас, оқдәрі жасау осы патшалықта тапқырланған. Сұң патшалығы Қытай тарихындағы материалды және мәдени байлықтың шарықтаған шыңына жеткен патшалық.

Сұң патшалығының соңына келгенде Қытай ішінде көптеген бөлшектенушілікке ұшырайды, жеке мүддесі мен территориялық жаулаушылық қан төгісті соғыс әкелді.

1206 жылы нойондардың құрылтайында Темучин бүкіл моңғолдардың билеуші ханы – Шыңғысхан (1155-1227 жж.) деп жарияланды. Ол өзінің мемлекетін Моңғол мемлекеті деп жариялап, бірден басқыншылық әрекеттерін бастайды. Шыңғысхан өзінің мемлекетті басқару әдістері мен заңдары туралы атақты Яссасын жасады. Онда басқыншылық соғыстар моңғолдардың өмір сүру тәсілі деп көрсетілді. Шыңғысханның әскерінің барлық күш-қуаты оның көшпелі өмір-

де әбден шыныққан атты әскерінде болатын. Шыңғысхан және оның балалары Қытайға көптеген соғыстар жүргізді.

Моңғол ханьдары Қытайды толық басып алғаннан кейін, өздері Қытайға қоныс аударып, астананы Қарақорымнан Пикинге көшіреді. Қытайдағы өздері құрған мемлекетті қытайша атаумен Юань деп атады. Моңғолдар Қытайда билік ету үшін сол елдің сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мемлекет институттарын сақтауға, биліктің қытайлық түрін қабылдауға мәжбүр болды.

Моңғол басқыншылығынан кейін, орта азиялық, европалық және басқа саудагерлерге Қиыр Шығысқа еркін жол ашылды.

Моңғол өкіметінің алдында Қытайдағы билікті ұстап тұру үшін орасан зор міндеттер күтіп тұрды. Моңғолдарға мәдениеті мүлдем жат, ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекетті құрудың бай тәжірибесі қалыптасқан, егіншілік мәдениеті өркендеген отырықшы елді билеу оңайға түспесі айқын еді. Хұбылай мемлекеттік биліктің қытайлық жүйесін қабылдай отырып, Қытайдың бұрынғы билік өкілдерін мемлекеттік қызметтен аластатады. Бірақ, Қытай сияқты мемлекетті ұстап тұруға, оның басқару аппаратында өздері билік етуге моңғолдар қабілетсіз еді. Сондықтан моңғол ханы Қытай мемлекетінің басқару аппаратына европалықтарды, түркі тектестерді, сириялықтарды және басқаларды шын ықыласымен шақырады. Ұлты өзбек Ахмед қаржы саласын басқарса, әскери саланы сириялық Насир ад-дин және Масаргия қолына алып, ал италияндық Марко Поло губернатор қызметін атқарды. 5 мыңға жуық христиандар Пекинге келіп қоныстанды. Қытай тілін жою үшін, Хұбылай қытайлық жазу үлгісіне өзгеріс енгізбекші болып, иероглифтің орнына төрт бұрышты жазуды кіргізуге тырысады. 1281 жылы Хұбылай хан достық кітаптарды өртеу туралы жарлыққа қол қояды. Ол даостық діни сенімді қудалап, буддизмді үстемдікке ие болатын діни уағызға айналдырмақшы болады.

XIII ғ. 30-жылдарында деректерге сүйенсек, солтүстіктегі халық саны осы ғасыр басындағымен салыстырғанда 10 есе кеміп кеткен. Моңғол шапқыншылығының аяғына қарай, оңтүстіктегі халықтың саны солтүстікпен салыстырғанда төрт жарым есе көп болған.

Елдің экономикасы құлдырауға ұшырады. Далалар қаңырап бос қалып, қалалардағы адамдар саны да күрт азайып кетті. Құл еңбегі қайтадан еніп, құл сату кеңінен өрістеген, құлдыққа негізделген шаруашылықтар пайда болады.

Осындай ауыр жағдайда Юань империясының билеушілеріне бағындырылған қытай этносына қатысты саясаттың бағыт-бағдарын жасау қажет болды.

Моңғолдардың саяси элитасы Қытайдағы мемлекеттік билік ұстап тұруды қытайлықтардың өздерінсіз басқара алмайтындығына көз жеткізе бастайды. Биліктен қуылған қытайлық билік өкілдері жиі-жиі моңғолдарға қарсы құпия бүліктер ұйымдастырып отырды. Мысалы, 1262 жылы Шаньдунде Ли дань деген, осыған дейін моңғолдарға қызмет еткен әскери қолбасшы-көтеріліс жасайды. 1282 жылы астанада болған көтеріліс кезінде Юань империясының қаржы саласын басқарған өзбек Ахмед өлтіріледі, осыдан кейін шетелдіктердің көбісі елден қаша бастайды. Алайда моңғолдар бай деген шетелдіктердің қаржылай көмегіне мұқтаж болды, бұл да болса мұсылмандардың Моңғол империясындағы рөлінің өзгермегенінің айғағы. Хұбылай өлген соң, моңғолдар өздеріне көмекке қытайлық әкімдерді қызметке ала бастайды, олардың жағдайын жасап, көптеген жеңілдіктер береді. Юань империясының елдегі қалыптасқан жағдайына байланысты екі жетекші ағым қатты ықпал етті: Біріншісі – моңғолдардың Қытай саясаткерлерінің өмірлік маңызды тәжірибесін үйренуге деген талпынысына. Олардың әуел бастан-ақ өздеріне жат қытайлықтардың өмір салты мен рухани құндылықтарын жете түсінбеуі, олардың өздеріне көп кедергі келтірген, бағынышты халыққа деген сенімсіздігі болды. Екіншісі – моңғолдардың бар күш-жігері өздерінің қытайлықтардың арасында сіңіп, жоқ болып кетпеуге деген әрекетіне арналып, осы мақсатта Юань әулетінің билеушілерінің саясаты моңғол этносының артықшылық жағдайын қамтамасыз етуді ерекше бағыт етіп алуы еді.

Юань әулеті билігінің заңдары бойынша, бағынышты халық этникалық белгілері және діни сенімдеріне қарай төрт топқа бөлінді.

Бірінші топқа елдегі бүкіл әкімшілік аппарат пен әскери басшылықты иеленген моңғолдар (蒙古人) кірді. Моңғолдық билеушілер бүкіл тұрғын халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, олардың тағдырын өздері шешіп отырды. Моңғолдарға жақын екінші топка «сэму жэнь (色目人)» – «әр түрлі текті адамдар» дейтіндер, яғни шетелдіктер жатты. Моңғолдар өздерінің басқыншылығы кезінде әлемнің әртүрлі халықтарымен түрлі байланысқа түскен болатын, бірімен бейбіт жағдайда байланысса, екіншісімен күшпен қатынас орнатқан болатын. Олар барлық діни сенімдерге асқан шыдамдылық

танытып, барлық діндердің бұл елде таралуына кедергі жасамады, сырттан келетін барлық ықпалдарға ашық ел болды. Әрбір сырт елден келгендерге жағдай жасап, оларға арқа сүйеу арқылы моңғолдар қаптаған ханьдықтарды бір уыста ұстауға тырысты және «бөліп ал да билей бер» деген принципті қатты ұстанды. Дәл сол, Юань әулетінің билігі тұсында, Қытайда Орта Азия мен Ираннан және Европадан келгендерді мемлекеттік қызметке алу әрекеті орын алды. Бұның жарқын көрінісі, жоғарыда айтып өткендей, Пекин каласында 5 мың христиандық европалықтардың қоныстануы еді. Орта Азиядан келген араб саудагерлері де бұрынғыға қарағанда тіпті де көбейе түсті. 1294 жылы Юань сарайында өмірінің соңына дейін болған христиандық папаның өкілі, монах Джованни Монте Корвино, 1318-1328 жылдары Қытайда тұрған итальяндық саяхатшы-миссионер Одарико ди Парденоне (1286-1331жж.) және аса танымал саяхатшы, венециандық саудагер Марко Поло (1254-1324 жж. шамасы) сияқты европалықтар Юань империясы тарихының куәгерлері болды [4, 197-200 бб.].

Үшінші санатқа солтүстік-қытайлықтар жатты және сондай-ақ бұл топқа ассимиляцияланған кидандар, чжурчжэндер мен корейліктер кірді, жалпы алып айтқанда оларды «хань жэнь (汉人)» деді.

Ең төменгі, төртінші санаттағы топқа Оңтүстік Қытайдың басы бостұрғындары кірді, оларды «нань жэнь (南人) » деді.

1219 жылдан бастап Шыңғысхан мен оның ұрпақтары кең көлемде билік етті. Осы билік кезде ислам діні кең көлемде тарала алды, себептеріне келсек. Біріншіден, Юань патшалығының саяси билігінің тұрақтылығы үшін. Юань билеушілері әр ұлтты моңғол, сэму, хань, нан деп төртке бөлді, бұл бөліс саяси билік құқық, білім алу тағы басқа жақтарынан көптеп шектеулерге ұшырады.

Таң, Сұң патшалығы кезінде ислам дінді «тасымалдаушы» фанкі мен тушын фанкілердің барлығы саудамен Қытайға келген шетелдіктер мен олардың ұрпақтары, бұлардың көбісі бай ауқатты болған, бірақ оларда саяси билікке араласатын құқықтары болмаған. Ал Юань патшалығы тұсында әр ұлт моңғолдардың досы, жақтаушы әскері деген сананы халыққа сіңірді, бұл заңды тұрғыдан ислам дініне сенетін әр ұлтқа еркіндік берді. Түбегейлі ислам діні мен мұсылмандардың саясат, экономика, мәдениеттерінің дамып өркендеуіне еркіндік берді. Мысалы олардың қоныстану еркіндігі болды, ал Таң, Сұң патшалығы тұсында олар тек шектелген «фанфаңда» ғана болған, яғни шектелген белгілі бір кіші аумақта өмір сүрген. Олар саяси билікті жақтарынан хань ұлтынан дәрежелері жоғары болды. Моңғолдардың мемлекет құрып және басқару барысында үнемі мұсылмандардың көмегімен болды, сондықтан да саяси билік жағынан жоғары болды, бұл ислам дінінің таралуына ықпалы өте зор болды.

Діни мәселелерге мемлекет әр дін бірге өмір сүреді әрі халықтың діни наным-сенім еркіндігі бар деген саясатты ұстанды, көшпенді өмір сүріп жүрген билеушілерінің бұл діни саясаты мұсылман дінінің кең құшақ жайып дамуына тамаша орай болды.

Екіншіден, мемлекет экономикасының дамуы үшін қажет болды. Монғолдар билік етпей тұрған кезде ақ саудагер мұсылмандар монғолдар қоныстанған жерлерде сауда-саттық жасаған. Шыңғысхан мемлекет құрғаннан кейін мұсылман саудагерлер бай моңғолдардың өсімді ақшасын пайдаланып кең көлемді саудамен айналысқан, бұл мұсылман саудагерлер жоғары өсімдерін қайтарып отырған, бұл өсімдер мен сый ретінде берілген көптеген заттары Юань патшалығының негізгі қаржы кіріс көздерінің бірі болды. Сондықтан Юань патшалығының батысқа жорығы кезінде мұсылмандарға қорғау жасады әрі көптеген тиімді жағдайлар жасады. Ұстанған бұл саясат Юань патшалығы үшін тұрақты үзілмес қаржы табыс көзі болды.

Үшіншіден, көптеп қоныс аударуы және бір-бірімен сіңісуінің нәтижесі. Таң және Сұң патшалығы кезінде мұсылмандар шектелген «фанфанда» ғана діни наным-сеніміне байланысты бір жерде шоғырлана қоныстанатын болған. Юань патшалығы кезінде көптеп ұлттардың қоныстануы Қытайдағы мұсылмандар санының көбеюіне әрі әр ұлттың аралас жағдайына әкелді. Сондықтан саяси, экономикалық және қоғамдық мәртебелерінің ілгерілеуіне және адам санының көбеюіне байланысты әр түрлі ұлттың бір дінге сеніп ұлт ара ынтымақ бекінісі керемет бекім орын алды. Юань патшалығы кезінде ислам діні әр ұлт ара қасиетті байланыс күші бар дін ретінде қалыптасты әрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапты.

Хуэй ұлты Юань патшалығы кезде мемлекетке сіңірген еңбегі өте жоғары болған. «Хуэйь-хуэйь» Бей Сұң жазушысы Шын Куоның «Мың ши би тан» атты еңбегінде ең алғашқы рет кездескен, VII ғасырдағы «хуэй хылар (回鹘)» болатын [5]. Таң және Сұң патшалығы кезінде хуэйь-хуэйьлар бір ұлт ретінде қалыптаспаған, сондықтан да ислам дінімен қатысты жоқ. Нан

Сұң кезіндегі «хуэйь-хуэйь» деп Ши Үйдегі (қазіргі Қытайдың батысындағы бес обылыс алып жатқан аймақ) әр түрлі текті мұсылмандар болған, мемлекет пен аймақтың атын да осылай жалпылама атап кеткен болатын. Қытай жыл санауы бойынша «шиан зоң» жылы, яғни 1252 жылы «хуэйь-хуэйь» сөзі Орта Жазықтағы (Қытайдың орталық аймағы) ислам дініне сенетін халықтардың арнайы аталуы болды. Қазіргі таңда Қытайда дұнған ұлтын қытайша хуэйь-хуэйь деп атайды. Таң және Соң патшалығы кездегі хуэйь-хуэйьлар деген ұғым басқаша, қазіргі доңғолдар ұлт ретінде қалыптасу барысы ұзақ уақытта қалыптасқан. Таң және Сұң патшалығы кезінде Қытайға келген араб, парсы мемлекеттерінен келген мұсылмандар сауда-саттықпен ұзақ уақыт Қытайдың саудасы дамыған қалаларда қоныстанып, жергілікті халықтармен үйленіп, «тушын фанкілер» (жергілікті фанкілер) саны күннен күнге көбейді. Бұлар қазіргі дұнған ұлтының ата-бабалары болып саналады.

Моңғол әскерінің батысқа жорығы Таян Шанның оңтүстігі мен солтүстігін біріктірді, ертеден келе жатқан тайпа ара қақтығыстар бейбітшілікке көшті, бұған себепші болған Моңғол патшасы мен Қытай патшаларының ислам дінін жақтауы, бұл да ислам дінінің кең көлемде таралуына әсері жоғары болды. Бұл кезде ұйғырлар сияқты ұлт өкілдері де ислам дінін қабылдай бастады, бұлар ислам дінін қабылдаған моңғолдармен бірге хуэйь-хуэйьлардың әскер қатарына кірді, бұл жағдай хуэйь-хуэйь әскерінің күшін арттыра түсті.

Юань патшалығы кездегі халықтың кең аймақтық қоныс аударуы хуэйь-хуэйьлардың ауылшаруашылықты да негіз ете өмір сүруі басталды, бұдан бұрын сауда-саттықты негіз еткен. Юань патшалығының әр түрлі тиімді саясаты, бұмен қоса хуэйь-хуэйьлардың өздерінің еңбекшілігі олардың күнделікті тұрмыс қажеттілігін өздері қамтамасыз ете алатын болды. Хуэйь-хуэйьлардың жағдайларының жақсы болуына Юань патшалығы кездегі ұлттық дәрежелік бөліс те үлкен ықпалын тигізді. Бұл тиімді жағдай олардың билік, білім алу, салық төлеу, тағы басқа жақтарынан салыстыра қарағанда үстем орында болды.

Көптеп мешіттің салынуы Юань патшалығының ислам дінін қаншалықты дәрежеде мойындап әрі қолдау көрсеткендігінің белгісі. Мешіт Алланың үйі болғандықтан бай және кедей ислам дінін қабылдаған көп ұлттар тізелерін түйістіріп, Аллаға құлшылық қылу барысында әр ұлттар арасындағы ынтымақ арта түседі.

Юань патшалығы кезінде хуэйь-хуэйьлардың «Да Фынсан (大分散)», «Шияу Жижон (小集中)» деген жағдай қалыптасты. «Да Фынсан» дегеніміз – кең көлемде таралу, қоныстану. «Шияу Жижон» дегеніміз әр жерде хуэйь-хуэйьлардың шоғырлана қоныстануы, көбісі мешітке жақын жерлерде шоғырлана қоныстанды, ал басқа ұлттарда бұндай шарт жағдай болмаған. Бұл Юань патшалығының ерекше көңіл аударғанына байланысты.

Юань патшалығы кезде хуэйь-хуэйьлар сауда-саттыққа өте шебер әрі саяси билікті жақсы басқару қабілеті мен тәжірибелері мол болған, осы себепті де хуэйь-хуэйьларды Юань мемлекеті ұлық көрді. Юань билеушілері хуэйь-хуэйьларға сенім артып үлкенді кішілі биліктерді берген, хуэйь-хуэйьлардың жоғары астанадан төмендегі ауылды жерлерге шейін хуэйь-хуэйь билеушілері болмаған жер жоқ.

Тарихи деректерге көз жүгіртсек, Юань патшалығының орталықтағы жоғары саяси билікке қатысқан оң қол уәзір, сол қол уәзір, саяси ақылшы сияқты белсенді қызмет атқарушылар саны отыздан астам болған [6].

Моңғолдар арабтармен, Орта Азиядағы әр ұлттармен, қытайлармен салыстырмалы түрде экономикалық, мәдениеттік жақтарынан қарағанда төмендеу. Моңғолдар осы олқылықтарын арттыру үшін әрі оларды жақсы басқару үшін Юань патшалығы өзіне де өзгеге де тиімді саясатты ұстанды, дарынды деген мықтыларды қолдау жасап моңғол билігі үшін қызмет істетті. Әртүрлі ұлттық, әртүрлі діндік мәдениет, наным сенім, дәстүрлерге қызмет көрсете алды, бұл ұлттық бірігу, ынтымақтылыққа әкелді. Бұл кезде ислам дінінің мәртебесі көтерілді әрі нықтала түсті, кейінгі солтүстік-батысындағы көп ұлттың ислам дінін қабылдап әрі жалғасын табуына түрткі болды. Юань патшалығы кезінде ислам діні жоғары мәртебеге ие болды, бұны мешіттердің салынуынан көруге де болады. Юань патшалығы кезінде мұсылмандар жиналып Аллаға құлшылық ететін жердің тұрақты белгілі бір атауы болмаған, көбісі «либай сы (礼拜寺)», «хуэйь хуэйь сы (回回寺)», «хуэйь хуэйь таң (回回堂)», «жинжияу сы (真教寺)», «чинжин сы (清净寺)» деп қазіргі таңдағы мешіт атауын осындай атаулармен берген. Юань патшылығынан Миң патшалығының басына шейін өте көптеген мешіттер салынған, мысалы Шан Хайдағы «Сонжиян мешіті (松江清真寺)», Күнминдегі «Нанчың мешіті (南城清真寺)», мешіт көлемі 5000 м², Шандоңдағы «Чинжу мешіті (青州真教寺)», көлемі 6000 м², Шиандағы «Хуажуе мешіті (化觉寺)», мешіті құрылысының

көлемі 4000 м², алып жатқан территория көлемі 120000 м², Жинандағы «Чинжин дасы (清真南大寺)» мешіті, бұл Жинан қаласындағы тарихы ең ұзақ мешіт, көлемі 6330 м², Бей Жиндегі «Нюжие мешіті (牛街寺)», көлемі 3000 м², Бей Жиндегі «Донсы мешіті (东四清真寺)» т.б., бұлардың барлығы сол кездегі Қытайдағы ірі қалалардағы үлкен көлемді салынған мешіттер, кіші мешіттер саны жетерлік, бұдан Юань патшалығы кезде ислам дінінің таралған аясын көруге болады [1, 320 б.].

Қытайда 1279-1368 жылдары Юань династиясы деген атпен билік құрған Шыңғысханның әулетінің билігі, XIV ғ. ортасына қарай, елдің ішкі және сыртқы саяси-әлеуметтік және экономикалық дағдарысы салдарынан құлдырауға ұшырап, Қытай халқы моңғолдардың үстемдігін жою жолындағы күресін күшейтеді. Сонымен қатар, табиғат апаттарының салдарынан, өзендердің тасуы, Хуаңхэнің арнасының өзгеруі, алқаптарды су басуы сияқты жағдайлар егістік жерлердің мөлшерін күрт азайтты, шаруалардың тұрмысын нашарлатты.

XVI ғ. 30-жылдарында шаруалар жаппай қолға қару алып, көтеріліске аттана бастайды. Орталық Қытайға нық бекінген Чжу Юаньчжанның әскер моңғолдардың негізгі күштеріне қарсы алып, 1368 жылы олар, моңғолдардың әулетіне астана болған солтүстіктегі Даду (Бейжинді) қаласын алады. Шыңғыстың мұрагері – «Аспан ұлы» атанған император, өзінің қалған әскерімен және туыстарымен Моңғолияға қашып кетеді. Сөйтіп, моңғолдық Юань әулетінің Қытайдағы билігі құлатылады. Қытайдың императорлық билігін қалпына келтіріп, таза қытайлық Миң әулетінің билігі орнайды. Осыдан кейінгі аз ғана уақыт ішінде бүкіл Қытай жері моңғолдардан тазартылып, 1382 жылы Юньнанді, 1387 жылы Ляодунді Миң империясына қосып алуымен елді біріктіру процесі аяқталады. Миң әулеті билігінің негізін салған Чжу Юаньчжан Тай-цзу деген атпен 1368-1398 жылдары билік құрды. Осылайша, 1368 жышы Қытайдағы моңғол үстемдігі толық жойылды.

XVI ғ. басында Қытайда жалпы экономикалық және мәдени өрлеу байқалды. Миң әулетінің билігі тұсында қалалар өсіп өркендейді, олар халықтың қалың шоғырланған ортасына, мәдениеті мен қолөнерінің ордасына айналады. Осы кезеңдегі Қытай қалаларындағы халық саны европалық қалалардағы халық санынан артық болып келген. XVI ғасырда Бейжиннің тұрғын халқы 1 млн-ға жуықтаса, Нанкинде 1 миллионнан астам халық болған [7].

Миң дәуірінде жібек тоқу, мақта тоқу, бояу жасау өндірісі, қыш жас өндірісі, фарфор мен қағаз жасау, кітап басу ісі барынша дамып өркендеген. Жаңа қолөнер орталықтары ретінде Нанкин, Сучжоу, Ханчжоу қалаларының даңқы артты. Қытайдағы аса ірі фарфор өндірісінің орталығы Цзиньдэчжэнь қаласының (Шанши провинциясы) аты шығып, бұл қалада жасалған қытай фарфорының даңқы Шығыс елдерінде ғана емес, Европаға кеңінен мәлім болады.

Миң дәуіріндегі Қытайдың осындай елеулі жетістіктерге жеткеніне қарамастан, Қытай тарихының бұл заманында бұрынғы әулеттік циклдің даму бағытын айкындайтын әлеуметтік механизмдер әрекет етті. Шамамен XV ғ. екінші жартысынан бастап, өрлеу кезеңі құлдырау кезеңіне қарай ойысты. Дағдарысты тудырған жағдайлар сол бұрынғыдай еді. Ең басты мәселелердің бірі, жаңа егістік жерлердің игерілуінен озып кеткен халық санының өсуі болды. XVI ғ. басынан басталған өкіметке қарсы халық көтерілістерінің өршуі мен император сарайындағы саяси күрестің етек алуы дағдарыстың айқын көрінісі болды.

Миң патшалығының басында хуэйь-хуэйь ұлтының дамуы Миң патшалығы Юань патшалығын құлатып саяси билікті ханьдар қолға алған феодалдық патшалықтың құрылуы мен орнықты болуы үшін Миң патшалығының басында шетелден келгендерге қызу қарсы алу саясатын ұстанды, бұл көптеп шетелдік саудагерлер, елшілер тағы басқалардың келуіне себепші болды. Көптеген мұсылмандар Миң патшалығының құрылуына зор еңбек сіңірген, бұл да болса Миң патшалығының басында ислам дініне кеңшілік діни саясатын ұстануының себебі.

Миң патшалығының соңында, биліктегі хуэйь-хуэйьлардың патша сарайындағы мәртебелері күннен күнге құлдырай берді, билеушілер ислам діні мен қарапайым хуэйь-хуэйьларға қысым жасайды. Жоғары биліктегі моңғолдардың ішінде мұсылман дінін қабылдағандар бар деп ханьдар билік еткен патшалық ислам дініне көзқарастары өзгере бастады. Ұлттық қанау мен таптық қанаудың күшеюі мұсылмандар мен басқа да ұлт өкілдерінің көтеріліске шығуына әкеліп соқты. Көтеріліс барысында әсіресе солтүстік Юаньға қарсы тұру барысында Миң патшалығының билігінде қызмет еткен хуэйь-хуэйьлардың Миң патшалығының құрылуына еңбектері өте зор. Сондықтан да «он хуэйь хуэйь қаһарманы (十大回回保国)» деген аңыз болыпта қалған [8]. Мысалы әйгілі әскер басшы Чан Ючун, Ху Дахай, Дин Дышын, Тан Хы, Дын

Үю, Му Ин, Лан Йю, Фын Шын, Фын Гуо т.б. және де бірталай хуэйь-хуэйь әскери басшылар мемлекет шекарасын қорғауға, тұрақтауға және саяси билікті нығайтуға еңбектері де өте зор болды. Миң патшалығының басында хуэйь-хуэйь ұлты мен әйгілі хуэйь-хуэйьлардың зор еңбегінің себебінен және бұл зор еңбекке мұқтаж болған Миң патшалығы кеңшілік діни саясатын ұстанды.

Миң патшалығының орта шенінде ислам діні төмендегідей жағдайда болды: жалпы кең көлемде таралған, мұсылмандар Шыңжаң мен Гансуда салыстырмалы түрде қарағанда шоғырлана орналасқан, басқа жерлерде мешіт төңірегін негіз етіп кішігірім шоғырланған. Бұнымен қоса араб елдерінің теңіздегі сауда-саттық үстемдігі құлдырай бастады, керісінше Португалия сияқты еуропалық мемлекеттер теңізде үстемдіктерін орнатты. Осылайша Қытай мен араб елдерінің теңіз жолы байланыстары үзіліп тасталды, «құрлықтағы жібек» жолында буддизм тағы Шыңжаңға кірді, бұл ислам дінімен қарсылас діни күштің бірі болды. Миң патшалығы Тұрпандықтардың Ішкі Қытайға (Шыңжаңнан тыс обылыстарды осылай атайды) деген қақтығысын тоқтату мақсатында жабық есік саясатын ұстанды, бұл «құрлықтағы жібек» жолының үзілуіне әкелді, осылайша ислам дінінің Қытайда кең көлемді таралуы саябырлады [1, 187 б.].

Ислам діні Таң (618-907 жж), Сұң (960-1279 жж.), Юань (1206-1368 жж.), Миң (1368-1644 жж.) және Циң (1616-1911 жж.) патшалықтары кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген даму ерекшеліктеріне ие болып, Қытай қоғамының этномәдени, саяси, экономикалық және мәдени қатынастарына ықпалы тиген. Қытай дәстүрлі діндері конфуциандық, буддизм, даосизммен қатар қытай өркениетінің дамуына ислам діні де өз әсерін тигізді.

Мұсылмандар Қытай халқының әлеуметтік белсенді топтарының бірі болып табылады. Ислам дінін ұстанушылар мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақ, ғылыми, білім беру және саяси ұйымдар жүйесіне интегралданған. Қытайда бірнеше мұсылмандық діни, қоғамдық-мәдени қауымдастықтар және кеңестер, баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары жұмыстарын атқаруда. Қытай мұсылмандары экономикалық салада ынталарын көрсетуде. Сонымен қатар елде көптеген қытай мұсылмандарының саяси-экономикалық, өндірістік кәсіпорындар, қаржылық ұйымдар бар.

Әдебиеттер

1 米寿江，《中国伊斯兰教简史》，宗教文化出版社. 2000年10月- 314 б.
2 国务院宗教事务局宗教研究中心，《中国伊斯兰教文化》，》，中华书局出版 1996年11月51 б.
3 邱陵，《丝绸之路宗教文化》，新疆人民出版社，2004年- 265 б.
4 Алдабек Н.Ә. Орта ғасырлардағы Қытай тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 138 б.
5 中国宗教》,来源：新华网-《对外大传播》 // www.xinhuanet.com.
6 余振贵，《中国历代政权与伊斯兰教》，宁夏社会科学院1995年4月获«国家有突出贡献的中青年专家»称号 – 232 б.
7 Тортаев С.Ә. Орта ғасырдағы шығыс елдерінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 201 б.
8 回族的宗教信仰, 版权所有, 国家数字文化网, 2007. – 214 б.

References

1 Mi shou jiang, «zhong guo yi si lan jiao jian shi zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue. – 314 b
2 Guo wu yuan zong jiao shi wu ju zong jiao yan jiu zhongxin, zhong guo yi si lan jiao wen hua, zhong hua shu ju chu ban 1996 nian 11 yue 51b.
3 Yin lu, si chou zhi lu zong jiao wen hua xin jiang ren min chu ban she, 2004 nian- 256b.
4 Aldabek N.A. Orta gasyrlardagy Kytai tarihy. – Almaty: Kazakh universiteti, 2004. – 138 b.
5 zhong guo zong jiao,lai yuan xin hua wang-dui wai da chuan bo // www.xinhuanet.com.
6 Yu zhen gui zhong guo li dai zheng quan wei yi si lan jiao ning xia she hui ke xue yuan1995nian 4 yue huo«guo jia you touchu gong xian de qing nian zhuan jia»cheng hao– 232 b.
7 Tortaev S.A. Orta gasyrdagy shygys elderining tarihy. – Almaty: Kazakh universiteti, 2002. – 201 b.
8 Hui zu de zong jiaoxin yang,ban quan suo you, guo jia shu zi wen huan wang. 2007. – 214 b.

Омарова Г.Н.

Казахская традиционная музыка в эпоху глобализации

В статье Г.Н. Омаровой «Казахская традиционная музыка в эпоху глобализации» раскрываются проблемы этноисторического изучения казахской музыки. Они возникают в связи с неразработанностью в казахском музыкознании вопросов периодизации традиционной музыки и ее языковых особенностей. Обращается особое внимание на изучение профессионального искусства устной традиции әнкүй-жыр и его региональных стилей, так как они являются основой построения исторической перспективы формирования и развития национальных музыкальных традиций. Большое внимание уделяется в статье сегодняшнему положению казахской традиционной музыки как национальной классики в современной культуре. В статье автор приходит к выводу о необходимости в эпоху глобализации специальной государственной программы сохранения и развития национальных музыкальных традиций (открытие Республиканского центра традиционной музыки, Академии национальной культуры и искусства, создание системы общего эстетического воспитания детей на основе отечественной музыкальной классики).

Ключевые слова: национальная культура, кочевая цивилизация, региональные традиции, казахский музыкальный язык, глобализация, культурный код, эстетическое воспитание.

Omarova G.N.

Kazakh traditional music in the era of globalization

In G. Omarova's article «Kazakh traditional music in the era of globalization» is told about the problems of ethno-historical study of the Kazakh music.The problems arise from the lack of questions about periodization of traditional music and its linguistic characteristics in Kazakh musicology. Particular attention is focused on the study of professional art of oral tradition an-kui-zhyr and its regional styles as they arebasics of historical perspective of formation and development of national musical traditions. Great attention in the article is given to the current situation of the Kazakh traditional music as a national classic in contemporary culture. In the article the author concluded the necessity of a special state program of national musical traditions preservation and development in the era of globalization (opening of the national center of traditional music, the Academy of national culture and art, creation of a system of General aesthetic education of children on the basis of national musical classic).

Key words: national culture, nomadic civilization, regional tradition, the Kazakh musical language, globalization, cultural code, aesthetic education.

Омарова Г.Н.

Глобализация кезеңіндегі дәстүрлі қазақ музыкасы

Г.Н. Омарованың «Глобализация кезеңіндегі дәстүрлі қазақ музыкасы» атты мақаласында біріншіден қазақ музыкасының этнотарихи зерттеу мәселелері қойылады. Бұл мәселелерді қою қазақ музыкатану саласында дәстүрлі музыкалық мәдениетінің тарихи кезеңдері және оның тілінің ерекшеліктері туралы зерттеулердің аздығымен байланысты. Ән-күй-жыр деп аталатын ауызекі түрде дамыған кәсіби өнерге және ұлттық музыкалық дәстүрінің қалыптасу және даму перспективаларын қалауды көздейтін сол өнердің аймақтық стильдеріне ерекше көңіл аударылған. Мақалада қазіргі мәдениетте ұлттық классика дәрежесіне иеленген қазақ дәстүрлі музыкасының бүгінгі хал-ахуалына үлкен ықылас бөлінген. Автор ұлттық музыкалық дәстүрлерді сақтау және даму мақсатымен арнайы мемлекеттік бағдарламасының болуы (оның ішінде, мысалы, Республикалық дәстүрлі музыка орталығы, Ұлттық мәдениет және өнер Академиясы, отандық музыкалық классикаға негізделген балаларға жалпы эстетикалық тәрбие жүйесі), оның глобализация кезеңінде аса қажеттілігі туралы тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: ұлттық мәдениет, көшпенділер өркениеті, аймақтық дәстүрлер, қазақ музыкасының тілі, глобализация, мәдени код, эстетикалық тәрбие

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 7.03

Омарова Г.Н.

Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: ogulzada@mail.ru

КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИОННАЯ МУЗЫКА В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Известный казахстанский ученый, этномузыковед и культуролог А.И. Мухамбетова еще в начале 2000-х гг. выдвинула в своей развернутой аналитической статье «Казахский государственный язык как государственная проблема» следующую мысль: «Казахский музыкальный язык, наряду с вербальным, является жизненно необходимым достоянием народа, он – хранилище глубинных слоев культуры, незаменимый фундамент психо-эмоционального и духовного опыта, основа музыкальных шедевров, являющихся достоянием мировой музыкальной культуры, а также база дальнейшего развития музыкального искусства Казахстана» [1, с. 391].

Сегодня, в эпоху обретения многими народами государственной независимости, актуальной является именно проблема сохранения, развития, пропаганды, исследования культурного наследия с позиции новых концепций и новых научных парадигм. Особо востребованными в науке являются те направления, которые связаны с восстановлением исторической правды в отношении народов, прошлое которых в силу имперско-колониальной политики или идеологической ангажированности отражалось весьма неполно, лишь в определенных временных рамках и ракурсах, часто в сомнительном и искаженном виде. Поэтому всестороннее и углубленное исследование этнической истории, национальной культуры и искусства в аспекте их взаимосвязей, породивших когда-то и их системную целостность, представляется одной из самых важных проблем современных гуманитарных, в частности, народоведческих дисциплин (истории, этнологии, культурологии, этнолингвистики, этномузыкознания и др.). Думается, глубоко прав исследователь, заметивший, что «… реальность сегодняшнего дня определяется не столько действительностью с надлежащими ей ценностями, сколько их соответствием национальным традициям, логике преемственности исторического развития. Сколько бы мы ни говорили о будущем страны, пласты этнического мировоззрения и ментальности, политическая культура и социальные стереотипы, обладая известной инерцией, остаются самодовлеющими до тех пор, пока существует национальная культура» [2, с. 7].

Системное изучение национальной культуры и искусства казахов напрямую перекликается с задачами современного исследования истории и теории казахской традиционной музыки, многие стороны которой еще мало изучены. Одной из причин этого явилось то, что фактически не изучен сам тип кочевой культуры: «Это обстоятельство до сих пор чрезвычайно затрудняет многие аспекты ее (музыкальной культуры – Г.О.) изучения, в первую очередь, связанные с духовными, культурологическими аспектами. Если отбросить субъективно-личностные или идеологические причины, искажавшие картину, то в поисках адекватного отражения этой культуры объективным и пока непреодолимым препятствием является отсутствие общегуманитарных методологических подходов к изучению кочевых культур» [3, с. 106].

Несмотря на то, что это было написано более десяти лет назад, данная проблема – выработка методологии изучения кочевых культур – все еще остается актуальной. Причем, актуальной остается и проблема весьма разобщенного, разрозненного, узкоспециализированного исследования явлений традиционной культуры, которые возможно изучать лишь комплексно. Так, например, с позиций только искусствоведческой науки трудно определить (хотя бы гипотетически) время сложения, генезис, пути развития традиционной музыки казахов: диахронный аспект исследования весьма затруднителен из-за отсутствия конкретно датированных образцов и устной природы музыкального и музыкально-поэтического творчества. Но если исследователем все-таки ставится цель расширить историческую панораму этой музыки, а также выявить наиболее сущностные ее стороны, то пристального к себе внимания требует прежде всего синкретизм, органично присущий кочевой культуре, глубоко архаичные поэтические и прозаические тексты с элементами мифологии и древних верований, формы и специфика функционирования фольклора и искусства, музыкально-профессиональных традиций, как и собственно структура самого музыкального языка. Иными словами, многие актуальные проблемы изучения как теории (то есть содержательно-структурных сторон), так и истории (выявление самой общей хронологии, периодизации и путей эволюции) традиционной музыки связаны, безусловно, с вопросами ее культурно-исторического контекста.

В плоскости исследования культурного, а также этноисторического контекста казахской традиционной музыки лежит и вопрос об истоках ее стилевого разнообразия и, в частности, своеобразия региональных музыкальных традиций западных (Батыс – западноказахстанская, мангышлакская, сырдарьинская) и восточных (Шығыс – восточноказахстанская, аркинская, жетисуйская, южно-казахстанская) областей Казахстана. В соответствии с общей типологией культур и делением их на мировые «западные» и «восточные», в отношении тюркских музыкальных культур, на наш взгляд, также правомерна типологическая дифференциация, ориентированная в целом на данный (географический) фактор. Но во вводимых нами условных терминах «западнотюркские» и «восточнотюркские» музыкальные культуры имеются в виду и те важные классификационно-типологические параметры, которые характеризуют эти культуры как, соответственно, «оседло-земледельческие» и «кочевые».

Казахстан занимает по музыкальному языку некое промежуточное положение: западные регионы примыкают к западнотюркской (тюрко-иранской) ветви культуры, восточные – к восточнотюркской (тюрко-монгольской) [4]. В казахском этномузыкознании еще не проводились сравнительные исследования в данном направлении, как и не ставился вопрос о конкретных исторических истоках формирования региональных традиций и стилей. Между тем, системный сравнительный анализ как в синхронном, так и диахронном срезах, например, западноказахстанских и восточноказахстанских песеннных (ән), инструментальных (күй) и эпических (жыр) традиций представляет большой научный интерес не только сам по себе, но и в плане реального исследования путей развития казахской традиционной музыки и, собственно, ее истории.

К началу XX века система устно-музыкальных жанров с их языковыми особенностями представляется как результат длительного исторического развития казахской традиционной музыки. Приблизительные его этапы можно, вероятно, научно реконструировать через многоуровневый анализ сохранившихся пластов фольклора, архаичных жанров, как и некоторых промежуточных, возникших на пути к профессионально-авторским образцам. В настоящее же время в основу истории казахской музыки положены, в основном, синхронно-структурные исследования музыковедов, что заставляет признать практическую неразработанность диахронного аспекта в истории казахской му-

зыки. Существующая здесь периодизация опирается на самую общую периодизацию истории и культуры народа, а зарождение и развитие музыкального искусства рассматривается в связи с историческими этапами культуры центральноазиатских народов в целом. Однако в связи со сложением в сфере музыки и собственного национального музыкального стиля (мышления) и языка необходимо выработать в этномузыкознании те направления историко-теоретических исследований, которые, хотя бы, в самом общем виде отразили бы процессы его (стиля) формирования.

Благодатным материалом для подобных исследований являются именно ән, күй, жыр разных регионов, которые возможно через анализ структуры музыкального языка систематизировать в условной «исторической» перспективе, причем, как внутри самих региональных традиций, так и в рамках культуры народа, а также – и смежных культур. Именно такую возможность дает сравнительно-исторический и синхронно-диахронный подходы к исследованию казахской традиционной музыки.

Актуальность и перспективность данного направления видится также и в том, что сравнительные исследования в музыкальной культуре даже одного народа могут пролить свет на некоторые исторические процессы в развитии традиционной музыки всего центральноазиатского региона. Задача будущего – найти в музыке народов Центральной Азии те параллели, на основании которых возможно сделать выводы: а) о реальном сохранении в восточноказахстанских и восточнотюркских традициях древних, типологически значимых элементов музыкального мышления тюрко-монгольских народов; б) об отражении эволюционного пути и взаимовлияния тюрко-монгольской и тюрко-иранской музыкальных систем в западноказахстанских и западнотюркских традициях; в) об едином комплексе ирано-тюрко-монгольской культуры (А. Акишев) на территории Центральной Азии, породившей и особую систему музыкального мышления центральноазиатских народов.

Глубже раскрывая тезис о том, что сохранение и развитие казахского музыкального языка для государства не менее важно, чем языка вербального, мы хотели бы акцентировать его значение как хранителяархетипов и кодов национальной культуры. Недаром в Стратегии «Казахстан-2050» Глава государства в разделе «Новый казахстанский патриотизм – основа успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества» отмечал: «Мы вступаем в такой период развития нашей государственности, когда вопросы духовного будут иметь не меньшее значение, чем вопросы экономического, материального порядка» [5]. И далее – «Мы не должны забывать, что адекватный ответ вызовам времени мы сможем дать только при условии сохранения нашего культурного кода: языка, духовности, традиций, ценностей. Скажу на понятном, особенно для молодежи, языке. Когда случается сбой в компьютерной программе? Тогда, когда нарушается программный код. Так и в жизни. Если нацияте-ряет свой культурный код,торазрушается и сама нация. Этого нельзя допустить!» [5].

Как уже было сказано, формирование и кристаллизация казахского музыкального языка, выступающего в качестве реального культурного кода нации, шло на протяжении многих веков. Напрашивается параллель, например, с орхоно-енисейскими надписями, содержание которых безусловно свидетельствует о предыдущем длительном развитии языка, письменности и литературы тюрков, начала которых сокрыты в глубине веков. Также и здесь – невозможно определить генезис, время формирования и пути эволюции устной музыкальной культуры. Однако музыкальное наследие XVIII-XIX вв., то есть авторское искусство ән-күй-жыр, естественно воспринимается нами как вершинное, классическое. И о бережном отношении к этому культурному наследию, представляющему все богатство и разнообразие региональных стилей казахской традиционной музыки, и идет здесь речь.

По индивидуальным композиторским стилям акынов, салов и сери, кюйши, жырау и жыршы, а также – соответствующим исполнительским традициям и школам нами был научно обоснован вывод о том, что традиционная музыка западных областей Казахстана – это музыка родов Младшего жуза, восточных областей – музыка родов Среднего и Старшего Жузов [4]. Это связано в первую очередь с этногенетическими и этнополитическими процессами, которые привели к определенной интеграции союзов племенна разных территориях Казахстана.

Так, на примере казахской инструментальной музыки можно продемонстрировать принадлежность кюйши к двум разным региональным традициям: а) төкпе (западные регионы) – Құрманғазы из рода қызылқұрт племени Байұлы Младшего жуза, к школе которого принадлежали также Дина Нурпеисова, Мәмен

и другие выходцы из нынешней Уральской и Атырауской областей; Дәулеткерей Шығайұлы из рода чингизидов төре (внук Нуралихана, правнук Абулхаир-хана) – представитель направления төре-тартыс (Жантөре, Үсенторе, Төремұрат, Арынғазы, Сейтек); представители мангистауских школ – Абыл, Есір, Өскенбай; б) шертпе (восточные регионы) – представители Среднего жуза, проживавшие на своих исконных территориях, Байжігіт и Бейсенбі из племени Абақ керей и их школы; Тәттімбет из рода қаракесек племени Арғын, Тоқа из рода қуандық и другие представители этого же племени и их школы; представители Старшего жуза региона Жетісу – Байсерке из рода жаныс племени Дулат, Қожеке из рода құрман племени Албан и их школы, и т.д.

Это перечисление здесь делается не с целью подчеркнуть деление казахов на жузы, а с целью выявления и изучения региональных музыкальных стилей инструментальной музыки, которые и представляют реальное наследие. Ведь за этой принадлежностью кюйши к различным племенам и родам лежит их летопись (шежире) и история, а значит, – и история края, земли, народа. Трудно переоценить изучение языковых особенностей местных музыкальных традиций для истории культуры: нам представляется, что описание самых различных стилей (региональных, локальных, индивидуальных) в рамках общих музыкальных традиций с их этноисторическим и этнокультурным контекстом – это реальный путь создания более или менее достоверной модели развития казахской традиционной музыки и написания не мифической, а научно достоверной ее истории. По крайней мере, на сегодня можно сделать следующие выводы:

1. В исследованиях родословной кюйши и других носителей казахских устно-музыкальных и устно-поэтических традиций нет ничего общего с трайбализмом. То есть, не боясь прослыть «рушыл», «ұлтшыл» и пр., нужно смело вести этноисторические исследования (в т.ч. исследования по истории родов и племен), выявляя династийные ветви, школы, различные линии преемственности традиций в искусстве, выявляя и через фольклорные жанры, и через индивидуально-авторские стили особенности музыкального стиля и языка регионов.

2. История казахской музыки, которая еще не написана, не может быть историей вообще, т.к. должна коррелироваться этнической историей различных регионов и племен Казахстана. Современные же структурные исследования музыкального языка регионов показывают разительные отличия в системе музыкального мышления западных и восточных казахов.

3. Определение региональных стилей традиционной музыки так же, как и многое другое, лежит в русле этноисторических исследований, которые так или иначе могут пролить свет на этнические и даже этногенетические процессы на территории Казахстана. Ведь такие важнейшие качества музыки (музыки устной традиции), как устойчивость во времени, типичность, формульность, каноничность и другие – могут сыграть свою неповторимую роль в изучении как самого этноса, так и его культуры.

Вопрос же о том, нужно ли нам сохранение разнообразия стилей не только в музыке, но и в других видах национального искусства, может быть только риторическим. Ведь ни у кого не вызывает сомнение то, что в масштабе планеты нужно постараться сохранить культуру каждого народа. То же самое можно говорить на уровне культуры каждого народа, имеющей внутри себя региональные традиции, локальные стили и традиции творчества, различные школы и т.д.

Таким образом, постановка проблемы казахского музыкального языка как хранителя национальной культуры казахов вплотную связан не только с дальнейшей научной разработкой актуальных проблем казахского этномузыкознания, но и сохранением и бытованием самой традиционной музыки в современной культуре Казахстана. Естественно, для того чтобы сохранить то богатство и разнообразие стилей, которое нам оставлено в наследство нашими күйші, әнші, жырау и жыршы, мы должны бережно сохранять их творческие и исполнительские традиции. Между тем, это становится все более проблематично в период глобализации, процессы которой стремительно видоизменяют социокультурное пространство. Мы должны признать, что положение национальной музыкальной классики в системе современной культуры довольно сложно. С одной стороны, эта музыка объективно жива и востребована как в сфере профессионального искусства, так и в народной среде. С другой стороны, традиции не развиваются, все меньше и меньше становится истинных их носителей, а главное, – исчезает слушательская среда, которая своим пониманием и поддержкой может стимулировать сохранение и развитие традиционных видов творчества и искусства.

Вопрос, как в современных условиях – условиях глобализации и неудержимой экспансии

Мақалада адам мәселесін зерттеуінің теориялық әдіснамалық қырларын ашуға талпыныс жасалды. Философиялық және діни антропология саласында, оның қалыптасу кезеңінен бастап XX ғасырға дейін тарихи-философиялық талдау жүргізілді. Тәуелсіз Қазақстандағы діни ахуалдың сараптама талдануы жүзеге асырылды және оның сыни жақтары туралы қорытынды жасалып, адам мәселесімен өзара байланысының қандай екені көрсетілді. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде адам мәселесінің зерттелуі дін, оның қоғамдағы және адам өміріндегі орны сияқты бүгінгі күннің құбылыстарымен тығыз байланысты. Қазіргі кезде заманауи өркениеттің діни көзқарастардың тарихи үйлесімсіздігінен туындайтын, шағын шиеленістер мен үлкен соғыстардан сабақ алу қажеттілігінен пайда болған, бейбітшілікті сақтаудың бірден бір тиімді тәсілі болып табылатын, көпконфессионалды бірлік пен дінаралық келісім туралы көзқарас кеңінен таралуда. Бұл болашақта шиеленістер мен соғыстарды болдырмау үшін керек.

Түйін сөздер: дін философиясы, діни сенімдер, руханияттық өрлеу, антропологиялық толғаныстар, рух, парасатты адам, кемел адам, өмірмәнділік мәселелер, адам жаны, жан қуаты.

Rysbekova Sh.S., Suembaj A.

Heritage of the Kazakh thinkers on the problem of the comprehension of man at the turn of XX-XXI centuries

The article seeks to uncover the theoretical and methodological part of the study of human problems. Conducted historical and philosophical analysis in the field of philosophical and religious anthropology, since its formation until the twentieth century. Carried out expert analysis of the religious situation in independent Kazakhstan and a conclusion regarding its critical parties and shows, what is the relationship with the problem of man. Also indicates that the study of human problems in the present time is closely connected with such phenomena as religion, its place in society and in human life. It is now widely extends the idea of multi-religious unity and interreligious peace, which is the only effective way of preserving peace, arising from the needs of modern civilization, learn from small conflicts and big wars, resulting from the historical inconsistencies of religious views. This is necessary in order to prevent conflicts and wars in the future. So, in order to establish a policy of inter-religious peace and peaceful coexistence of religions, to identify what philosophical insights on religion and man, its spiritual values and tolerance is one of the crucial sought after issues of this time.

Key words: religious philosophy, religious faith, religious fanaticism, spiritual uplift, anthropological reflections, a spirit, a wise man, a mature man, the life, the soul of man, the power.

Рысбекова Ш.С., Суембай А.

Наследие казахских мыслителей по проблеме осмысления человека на рубеже XX-XXI вв.

В статье раскрываются религиозные стороны исследования проблемы человека в наследии казахских мыслителей. Проведен историко-философский анализ в области философской и религиозной антропологии, начиная с периода ее формирования до XX века. Осуществлен экспертный анализ религиозной ситуации в независимом Казахстане и сделано заключение о ее критических сторонах и показано, какова взаимосвязь с проблемой человека. Также указывается на то, что исследование проблемы человека в нынешнее время тесно переплетается с такими явлениями сегодняшнего дня, как религия, ее место в обществе и в жизни человека. В настоящее время широко распространяется мысль многоконфессионального единства и межрелигиозного мира, которая является единственным эффективным способом сохранения мира, возникшим из потребности современной цивилизации, извлечения урока из маленьких конфликтов и больших войн, возникающих из-за исторического несоответствия религиозных взглядов. Таким образом, автором доказывается, что философские суждения о религии и человеке, его духовных ценностях и толерантности являются одной из важнейших востребованных проблем этого времени.

Ключевые слова: религиозная философия, религиозная вера, религиозный фанатизм, духовный подъем, антропологические размышления, дух, мудрый человек, зрелый человек, жизненные вопросы, душа человека, сила.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 2-185

Рысбекова Ш.С., Суембай А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: rysbekova.sh@mail.ru

XX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ДІНТАНУЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ ПРОБЛЕМАСЫ

Дін философиясындағы адам мәселесін қарастырғанда, біз, біріншіден, халқымыздың тұтастай таным-түсінігіндегі осы тақырыптың зерттелу деңгейін айналып өте алмайтындығымыз хақ, себебі, түркі-қазақ дүниетанымы әлемдік философияның бір бөлшегі, екіншіден, қойылып отырған ахуалдың тәжірибелік қырлары болуы тиіс, оның бүгінгі күнгі еліміздегі өзектілігі де ашылуы қажет, үшіншіден, дүниежүзілік философиялық ойсанамен қатар, өзіміз осы мәселені қалай шеше аламыз деген түйткілдер қойылатындығы өзінен-өзі түсінікті жайт.

Дін философиясындағы адам мәселесін XX ғасырдағы қазақ философиясы бойынша қарастыру оның бүгінгі күнге дейінгі даму эволюциясының негізінде қалыптасты. Атап айтқанда, шартты түрдегі былай бөлінген кезеңдерді: мифологиялық түркі дәуіріндегі және тәңіршілдік пен шаманизм діндерінің өрлеу кезеңіндегі адам, орта ғасырдағы ислам философиясындағы тұлға, қазақ хандығы тұсындағы діни сенімдер туралы толғаныстар аясындағы антропология, қазақ ағартушылығы тұсындағы діни дүниетанымындағы адам мәселесін бастан өткізді. Біз қарастырып отырған қазіргі кезеңдегі дін философиясындағы адам мәселесін де шартты түрде екіге бөліп қарастыратын боламыз.

1. Кеңес үкіметінің тұсындағы дін философиясындағы адам туралы толғаныстар: а) кеңес үкіметі қарсаңындағы және кеңес үкіметі алғашқы орнаған кезеңдеріндегі қазақ зиялыларының діни дүниетанымы; ә) кеңес үкіметінің толыққанды заманындағы еркін-ойшыл санадағы адамның орны;

2. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстандағы дін философиясындағы тұлға мәселесі: а) XX ғасырдың соңындағы; ә) XXI ғасыр басындағы дін философиясындағы антропологиялық толғаныстар.

XX ғасырдағы діни дүниетаным ділдік, архетиптік түрде сабақтасқан көне тарихи-рухани мәдениетімізден тамыр тартады. Оның эволюциясы, түптеп келгенде, бүгінгі біздің руханиятымыздың, оның ішінде діни дүниетанымымыз бен ондағы адам мәселесінің түп негізі мен алғышарттары болып табылады. Оның түп бастаулары арғы түркілік кезеңнен бастау алады. Сондықтан көне түркілердің сенімі болған тәңіршілдікте адам, оның ішінде түркі халқы әлемнің орталығына орналасқан

өзінің еркіндігін паш етті. Бұл сенім өзінің салттарын орындауды талап еткенмен, отандық зерттеушілер атап өткендей, белгілі бір деңгейде зайырлы бағыт ұстануға жетелейтін, арғы түркі жұртына ұлттық рух беретін ұлттық идеяның қайнар көзі болды [1; 2; 3].

Тәңіршіліктің адамға қатысты: еркіндік, рух берушілік, биофизиологиялық жетілгендік т.б. сапалары кейіннен түркі-қазақ халқының дін туралы толғаныстарында жалғасын тапқан болатын.

Әл-Фарабидің діни философиясы мен адам мәселесіне қатысты дүниетанымының орталық түсінігі – бақытты адам идеалы болатын. Әлеуметтік тұрғыдан толғанылған қайырымды қала утопиясындағы адамның негізгі өмірмәнділік мақсаты – білім мен адамгершілік арқылы кемелденіп, бақытқа жетуге ұмтылу болып табылады. Бұл утопиялық сипатта болғанмен, кейіннен қазақ халқының мұраттарында жалғасын тауып сабақтасқан болатын. Сондай-ақ, ойшылдың «ал-инсан-ул-ақл» (парасатты адам) категориясы суфилердің инсан-камил (кемел адам) концепциясына сай келетіндігін тұжырамдаушылар да [4] түркілік-діни философиялық таным сабақтастығын әйгілейді. Олай болса келесі кезекте, А. Яссауидің адам мәселесіне шолу жасап өтеміз.

А. Ясауидің діни философиясы бір қарағанда тек аскеттік өмір сүру мұраттарын насихаттайтын тұтас ілімді негіздеу болғанмен, түп мәні – тұлға қалыптастыру (аль-инсан аль-камил). Жетілген адам болмысының таза рухани-моралдік жағынан толыққандығының өзіндік бір үлгісін жасап шығарған оның ілімінде, мистикалық бейнелер мен қоғамдық өмірдің шынайы бейнелері қатыстырылып, өзіндік бір талғау мен шыңдалу, салыстыру мен ұмтылдыру сияқты стимулдарға айналған деуге де болады. Бірақ тұлға аскеттік өмір стилінде болған жағдайда ғана өзіндік бір жаңа руханияттық өрлеу сатысына көтеріледі, ол психологиялық, философиялық, педагогикалық арналар арқылы өзінің бағдарын айқындап алатындығы туралы айтылады. Нәтижесінде, діни ғашықтық сезім адамды кемелдендіруге алып келетін негізгі қозғаушы күш болып саналады.

XY-XYIII ғасырлардағы жыраулар поэтикасы мен XYIII-XIX ғасырлардағы ақын жыраулардың шығармашалығындағы дінге қатысты адам мәселесінің толғанылуының негізгі бағдарлары: жаугершілік пен елдік, намыс пен жігер, адамгершілік пен заман т.б. туралы болып келеді. Мысалы, ерлік пен намыс туралы Шалкиіздің: «...Батыр болмақ сойдандүр, Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, Ажалымыз қайдан-дүр!» [5] деп толғауы, адамгершілік туралы: Бұқар жыраудың: «Бірінші тілек тілеңіз, бір аллаға жазбасқа, Екінші тілек тілеңіз, шұғыл бір пасық залымның тіліне еріп азбасқа, Үшінші тілек тілеңіз, үшкілсіз көйлек кимеске, Төртінші тілек тілеңіз, төрде төсек тартып жатпасқа, ...Желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, сонан сасып тұрмасқа ...», – деп [6] жырлауы, болашақ заман туралы зар заман ақындарының: «Атамыз Адам пайғамбар, Топырақтан жаралды», – дей келе, заманның ақыры туралы сарынға келіп тірелуі т.б. Сондай-ақ, дін философиясы тұрғысынан деп айтуға болатындай, діни фанаттық пен құр құлшылықты да сынға алу кездеседі. Мысалы, Ақтамберді жыраудың «Ей, азаматтар, шоралар» атты толғауында: «Меккені іздеп нетесің, Меккеге қашан жетесің, Әзір Мекке алдында, Пейіліңмен сыйласаң, Атаң менен анаңды» [7] деген ойтолғамдар да батыл ұсынылады.

Демек, жыраулар поэзиясында діннен туындатылған өмірмәнділік мәселелер: адамның өршіл рухты тұлғалығы мен адамгершілік сапалардың өзіндік бір идеологиясы мен дидактикасы, қоғам туралы пайымдаулар арнасында өрбітіледі. Экзистенцияның түпмәні ұлттық идеяға келіп тіреледі, ол үшін дін, адамгершілік, отаншылдық т.б. құрылымдардың қажет екендігі туралы ұстанымдар құрылады. Бір қырынан жыраулар, оның арнайы идеологтары қызметін атқарса, екіншіден, көпшілігі өз теориясының практигі бола білді. Мысалы, Ақтамберді, Шалкиіз т.б. жыраулар соғыстарға қатынасып, қажет кезінде дінді де уағыздады.

XIX ғасырдағы Абай, Ыбырай, Шоқан сынды қазақ ағартушыларының ойтолғамдары да дінді назардан тыс қалдырмағандықтан, идеясының түпмәні өмірмәнділік толғаныстарға келіп тірелгендіктен, дін философиясындағы адам мәселесін айналып өткен жоқ. Бірақ бұларда ұраншылдықтан гөрі, ағартушылық сарындар, сыни көзқарастар, дін туралы толғаныстар басым болды. Бірақ, оларды жалпы ағартушылар деп бір атаумен бергенмен, біз зерттеп отырған тақырыпқа байланысты үшеуінің көзқарастары да әр түрлі болды: Ыбырай діни ағартушылық бағыт (дінді толықтай мойындайтын, бірақ зайырлы бағыт ұстанатын, білімге ұмтылған тұлға), Абай сын мен ағартушылық бағыт (Алланы сөзсіз мойындайтын «Адам бол» идеясымен қаруланған адамгершілікті тұлға), Шоқан қазақ халқының этнографиясы, оның ішіндегі діни дүниетанымдарын зерттеген зайырлылық-ағарту-

шылық бағыт (еуропалық өмірсалтына жақын тұлға) ұстанған еді. Мысалы, Абай зерттеушілер атап көрсеткендей, адам болмысын дінге қатысты тұрғыдан зерделеуде батыстық философияға ұқсамайтын өзіндік тұтастанған ұғымдар мен түсініктер жүйесін құрды: «мен», «менікі», «тән», «тән қуаты», «тән құмары», «жан», «хайуан жаны», «адам жаны», «жан сыры», «жан қуаты», «жанның жарығы», «жанның кәсіби қуаты», «үш сүю», «адам болу», «толық адам», «пенделіктің камалаттығы» т.б. [8].

Осыған сәйкес, бұл бөлімде қойылып отырған мәселені аша түсумен импликациялы түрде байланысты болып келетін XIX ғасырдың орта шенінен бастап, XX ғасыр басына дейін қайшылықты, пікірталасты арнада өрбіген Қазақ баласының тұлғасын қалыптастыру барысындағы ағартушылық саласын мынадай үш бағытта құрыла бастады деп айта аламыз: біріншісі, таза мұсылмандық ағартушылық – қадимшілдік, екіншісі, мұсылмандықпен қатар академиялық ғылым салаларын да оқыту – жәдидшілдік, үшіншісі – таза еуропалық білімге қарай бетбұрыс жасау. Соңғысын шартты түрде – «шоқаншылдық» деп атауға болады. Әсіресе, бастапқы екі бағыт арасында жүргізілген күрес бірнеше жылдарға созылды және қайшылықты бағытта өрбіді. Себебі, оның түп мәнінде «Қазақ жұртындағы тұлғаны қалыптастыруда дін қаншылықты орын алуы тиіс» деген сияқты сауалдар қойылған сыңайлы.

И. Гаспиринский негізін салған жәдидшілдікті бірнеше қазақ зиялыларымен қатар қолға алған ойшылдардың бірі – Ғұмар Қараш болатын. Ол догмалық ислам дінінен қарсы шығып, дінге өздігінше реформалар алып келуге ұмтылды, сөйтіп, өз ойларын батыл айта бастады: «Шариғаттың адам баласын ынсаптылық пен ізгі-ниеттілікке, тәртіптілікке, бауырластықта болуға баулитын нормаларын ерекше дәріптеді, ислам дінінің ғылым мен өнерді дамытуға ешқандай кедергі болмайтындығын еңбектерінде ғылыми негізде дәлелдеп көрсетті» [9].

«Айқап» журналындағы «Әулие-Ата хабарлары» деп аталатын мақаладағы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Қазақ жеріндегі жағдай туралы айтылған мына пікірге назар салсақ: «Ишандар, қожалардан аяқ алып жүргісіз. Мешіттер бек көп болса да мектеп, медресе жоқ. Ешбір жерде сабақ оқушы балалар жоқ» [10] Ғ. Қараш сынды ойшылдар қолға алған жәдидшілдік бағыттың туындауының заңдылығын мойындауымыз керек.

Ғұмар Қараштың идеялары да бір қарағанда, діни философия, екінші бір қырынан алғанда дін философиясы бағыттарында өрбиді. Мысалы, дін философиясы бағытындағы толғаулары мен қара сөздері: қазақ даласындағы дінге сенім климатын жалпылама қарастыру, дінге деген реформаторлық бағыт, діни дүмше молдалар мен фанаттарды сынау, ескіше қадимшілдік оқытуға деген қарсылық т.б. Оның түсінігі бойынша, дінге сенімнің басты көрінісі – жүрекке иман келтіріп адамгершілік қасиеттерді сақтау болып табылады. О дүние туралы толғаныс пен құр құлшылық жасаудан, мысалы, бәдел қажылық т.б. гөрі өз халқына игі істер істеу, мұқтаждарға көмектесу, білімнің академиялық деңгейін арттыру. Ғұмар Қараш сопылықты, жалған діншілдікті жек көріп, оларды былайша сынайды: «Ақ сәлделі төрдегі, Ана отырған діншілдер. Не бар істі дінменен, Өлшейтұғын міншілдер» [11]. Немесе: «Молдаш деген кісінің жетісінде сол елдегі атақты молдалармен қатар Ғұмар да шақырылады. Молдалардың аттанарында әкесінің педиясына арнаған ат пен түйені үй сыртына байлап, үйге кірген Молдаш баласы Әріпке айтқан сөзін өз құлағыммен есіттім. Ол былай: Е Шәріп, үй сыртына ат, түйе байланып қалыпты. Бұл қалай, біз құдалыққа келген жоқ едік қой.. Бұл қомағай молдаларға, соның бірі өзім, үлестірсең, олар алады да кетеді, бірақ одан келер әкеңе түк пайда жоқ. Тек атақ. Одан бұл малды бір мектеп пайдасына берген болсаң, қандай игілікті іс істеген болып, оқи алмай жүрген жетімдерге беріп, мектепке тартқан болсаң қандай сауап, ұлтқа қандай пайдалы болған болар еді, – деді Ғұмар...» [12] , – деп көрсетілген пікірлер де осының айғағы.

Сондай-ақ ол дін философиясы тұрғысынан адам өмірінің мағынасын таразылайды. Ғ. Қарашты зерттеушілер оның антропологиялық толғаныстарын дінге қатысты тұрғыдан былайша түсіндіріп береді: «Сондықтан, оның өлең туындылары мен өмірлік толғауларын талдай келе, негізгі түйіндері мен тұжырымдарын былайша жүйелеп көрсете аламыз: Өмірдің мағынасы – Ождан. Өмір сүру тәсілі немесе арманы – Қайырымдылық. Тіршіліктің мұраты – Махаббат. Мақсаты – Ілім-білім үйрену. Өмірге берілетін есеп – Халқыңа қызмет ету. О дүние – ең соңғы, ең түпкі, ең ақырғы есеп» [13].

Сондай-ақ, Ғ. Қараш қоғам мен діннің арақатынасы бойынша зайырлық қоғам үлгісінің талаптарына сай келетін пікірлерін де тиянақтайды: «Бізде, қазір де түрлі орындарда ресми рұқсаты бар қайырымдылық қоғамдар ашып, солар арқылы зекет, құрбандықтарымыздың пұлы жиналып мектеп-медреселер ашу,

мұқтаж шәкірттерді оқыту, білікті мамандар алдыру, пайдалы кітаптар бастырып тарату – бірінші парыз» [14].

Өзінің діни философиясында адам мәселесімен кәсіби түрде шұғылданған қазақ ойшылдарының бірі – Шәкәрім Құдайбердиев болатын. Оның діни философиясындағы адам мәселесі негізінен түркі-қазақтық дүниетанымның орталық түсініктерінің бірі – этикоцентризмнен бастау алады. Бірақ ол этиканы құр схоластикалық діни идеологиямен немесе дидактикалық сарынмен емес, терең мәнді философиясымен дінмен байланыстыра келе байыптайды. Мысалы, «Үш анық» атты еңбегінде: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім», – деп байыпталған идеяларында [15] тек осы дүниелік қана емес, о дүниелік болып келетін ұждан тек этиканың ғана емес, бұл дүние мен о дүниеге қатысты тұтас адам болмысының субстанционалдық негізі болып саналады. Ол субстанцияның өзі күрделі, үш элементтен құралған: нысап, әділет, мейірім. Бұл Г.Ф. Гегельдің рух түсінігі тәрізді сатылап өрлеп жететін адамның негізгі мұраты: бірінші жаратушыны мойындау, екінші, адам жанының жоғары өрлеуі, үшінші, ұжданға сай арлы өмір сүру. Бірақ ол сонымен қатар адам болмысының маңызды және қажетті атрибуттарының бірі – «Таза ақыл» деп пайымдайды. Ол адамға ғана тән және қозғау салуды, іске қосуды, үнемі жетілдіруді қажет ететін динамикалы құбылыс: «Ақыл деген – денеге егулі дән. Суарса кіреді оған да жан. Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі айуанмен анық теңдес. Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Әлің келсе, жол тап та, соны емдес!».

Ойшылдың адам болмысындағы жан мен тән туралы түсінігінің де өзіндік ерекшеліктері бар. «Қозғаған қуат – жан дейміз, Жан өсті жаннан сан дейміз. Сол жандар әсер берген соң, Жаралды сансыз тән дейміз. Жанына қарай тән салар», – деп пайымдалған толғаныстары, біріншіден, белсенді жан өзгенің емес, өзінің тәніне енеді, екіншіден, жан қуаты өзінен-өзі ғана емес, өзге де жандарға ықпал ететін субстанционалдық мәнге ие, көп тәнділік пен көп жандылық жүйе стихиялы түрде қалай болса, солай қосылмайды, сол тәннің қалауы арқылы бірігеді. Жан мен тән бірігіп, тіршілік бастаған соң, оған ақыл еніп «Тән-Жан-Ақыл» құрылымын түзеді. Бірақ, бұл үшеуі детерминантты, импликациялы, иерархиялы бағынышты, әрі органикалық түзілімді құрайды: «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр, Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр. Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен, Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр. Жан тыныштық жатпайды тән қамын жеп, Тән бұзылса, тұрағым бұзылады деп. Ыстық, суық аштықтан сақтау үшін, Зұлымдық пен айланы қылады есеп».

Шәкәрім идеяларын тек қана діни философия ретінде бағалауға болмайды, дін философиясы тұрғысынан пайымдалған адам туралы пікірлері де бар. Мысалы, 1912 жылы «Айқап» журналына жарияланған «Менің бес сауалыма жауап беруіңізді сұраймын» деген тақырыпта жазылған мақаласындағы: «Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не? Адамға тіршілік не үшін керек? Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет бар ма? Ең жақсы адам не қылған кісі? Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? Қай түрлі жауап берсеңіз де дәлеліңіз не?» бірінші сауалдың өзі, таза діниден гөрі философиялық толғаныс. Ол «Алла жаратты болды» деген кесімді императив қоймайды, мәселені ашық талқылауға шығарады және жауаптар қандай ма болмасын, оған дәлел болуы керектігін тиянақтап қояды. Немесе, Шәкәрімнің дін философиясы аясындағы тағы бір толғанысы адамзаттағы көп дінділік пен оның түпмәні туралы пайымдауларынан анық байқалады. Оны: «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар, ешбірі түзу емес көңіл ашар. Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді, тексерсең, ойың түгіл жаның сасар», – деген жолдармен қатар: «Әлемдегі діндердің түп мақсұты, үш нәрседе бұлжымай құшақтасар: Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын, еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар», – деп пайымдалған көзқарастарының шендестірілуі арқылы анық байқауға болады.

Ол «Адамнан артық жәндік жаралмаған», – деп адамды Алланың пендесі ретінде барша тірі мақұлықтан жоғары қояды да, оған Ғашықтық тән екендігі туралы тұжырымға келеді. Шәкәрім шығармашылығын зерттеуші Е. Сыдықов атап өткендей: «Тек Ақиқатқа жету арқылы ғана Құдайды тануға болады. Міне, сондықтан да ол Ғашығын байлықтан, тіпті жаннан да жоғары қояды», – деп бағалуының да мәні осында. Демек, Шәкәрім Құдайбердивтің діни және дін философиясындағы адам мәселесі, алдымен, адамның ізгіліктенген рухының Құдаймен тоғысуына келіп тіреледі, содан соң, адам өзінің Құдай жаратқан қабілетін ілім-білім арқылы өрістетіп отыруы тиіс екендігімен жалғасын тауып, түп мәнінде адам өмірдің мағынасын түйсінуі тиіс деген сияқты тұжырыммен тиянақталады.

Одан соң Кеңес үкіметінің орнауына байланысты, оның атеистік идеологиясына сәйкес, діни философия мен дін философиясы туралы отандық философтар тәуелсіздік алғанға дейін іргелі туындылар мен ізденістер жүргізбеді деуге де болады. Тек коммунистік идеологияның ықпалымен атеистік көзқарастар ғана барынша дамыды деп айта аламыз.

Олай болса, түркі-қазақ халқының тарихындағы дін туралы толғаныстар мен ондағы адам мәселесінің негізгі даму бағыттарын былайша жүйелеп көрсетуімізге болады. Бірінші, діннен адам болмысын туындатып, оның этикалық жақтарына баса назар аудару. Екіншісі, дәстүрлі исламдық діни философияны жаңғырта отырып, адам туралы ортодоксальді діни антропологияны негіздеу беталысы болды. Үшіншісі, еркін-ой мен ислам дінінің жаңа арналарын іздеуге талпыныс және діни сенімнің өзіндік бір «қазақы» үлгісін жасауға деген ұмтылыс. Бірақ, исламның діни философиясы барынша дамығанмен, дін философиясы жүйелі түрде, арнайы мектептер мен бағыттар арқылы қарыштап дамыды деп айта алмаймыз.

Олай болса, тарихи-философиялық талдауларымызды қорытындылай келе, олардың дін философиясындағы адам мәселесін байыптауын: «Тәңіршілдік», «Фарабишілдік», «Яссауишілдік», «Жыраулық», «Абай-Ыбырайшылдық», «Шоқаншылдық», «Жәдидшілдік», «Дүмшелік-Фанаттық», «Шәкәрімшілдік» т.б. деп шартты түрде атай отыра, бұл бағыттардың қазіргі қазақ даласындағы діни-психологиялық климатқа әсерін және олардың бағыттарының көріністері мен негізгі идеяларының бүгінгі күнге дейін сақталып отырғандығын атап өтуімізге болады. Шын мәнінде де, табиғи-биологиялық түрде сабақтасқан ұлттық болмыс бірлігі арқылы, ділдік-архетиптік түрде жалғасқан қоғамдық сананың тарихи жадысының тұтастығы арқылы, мәдени-әлеуметтік түрде ізденістер арқылы табылған руханияттар бойынша ата-бабамыздың дін философиясындағы адам мәселесі туралы толғаныстары қазіргі таңдағы осы мәселеге қатысты қазақ руханиятынан ерікті-еріксіз түрде көрініс тауып, жаңғырып отырады. Сондықтан да, біздің осы тарихи шолуларымыз, бір қырынан алғанда, қазіргі кездегі еліміздегі діни-психологиялық климат келбетін барынша толықтай саралауымызға мүмкіндіктер ашу үшін жасалды.

Олай болса, осы тарихи-философиялық талдаулар мен ретроспекциядан, бүгінгі Қазақстандағы діни-психологиялық климат пен дін туралы толғаныстардың бағдарын жүйелеп беру қажеттігі туындайды.

Қазіргі еліміздегі теориялық санадағы дінитанымдық дискурс халқымыздың діни сенімдерінің тарихы бойынша мынадай арналарға бөлініп отырғандығын және зерттеу бағдарларының қалай құрылып отырғандығын бағамдай аламыз.

Бірінші, қазақ халқы байырғы заманнан бері, яғни, мұсылманшылдық қазақ даласына енгеннен кейін, олар өз еркімен ислам дінін толықтай ұстанған деген бағыттағы көзқарастар жүйесі. Бұнда ислам дінінің жалпы тарихы, исламтану, қазақ даласындағы ислам, қазақ жеріндегі ойшылдардың ислам діні туралы көзқарастары, қазіргі исламның жай-күйі және оны әрі қарай жетілдіру қажеттігі т.б. бағыттағы зерттеулер жүргізілуде.

Екінші, түркі-қазақ халқы бұрыннан тәңіршілдік дінге сенген деп пайымдайтын түсініктер. Олар тәңіршілдіктің философиясы, тәңіршілдік тарихы, оның шамандық сияқты бағыттары, түркі халықтарындағы тәңіршілдіктің сарқыншақтары т.б. мәселелермен шұғылданады.

Үшіншісі, осы екі бағытты бітістіруге тырысып, дін философиясы мәселелерімен шұғылданатындар. Олар исламдық пен тәңіршілдіктің кіріктірілген үлгілері, бұрынғы тәңіршілдік пен кейінгі исламдық дәстүрлер, исламдық пен тәңіршілдік сенімнің тарихи негіздері сияқты мәселелермен шұғылданатындар, сондай-ақ, қазақ қоғамының тарихында ислам дініне деген «жеңіл-желпі» ғана сенім болғандығын атап өтетіндерді де осы бағытқа жатқызуға болады.

Төртіншісі, бұрынғы кеңес дәуіріндегі атеистік бағытты немесе скептицизмді қолдаушылар. Олар дінге деген сыни көзқарастарын жариялайды, қандай-ма болмасын сенімдерге үнемі бейтарап қатынаста болады, тіпті болмаса, дін туралы сөз қозғауға құлшынбайды.

Ал бұқаралық санада, жалпы халықтық діни-психологиялық климатты тұтастай зерделесек, діни сенімнің дәрежесі мәселесіне қарай ойыссақ, еліміздің 70 пайыздан астамы ислам дініне сенетіндігі бойынша байыптасақ, оларды мынадай топтарға ажыратуға болады: фанаттық исламға бет бұрғандар, зайырлылық исламды ұстанатындар, «Мен – мұсылманмын» деумен шектеліп, оның шарттарын қатаң ұстанбайтындар, исламға бейтарап қарайтындар немесе одан қашқақтайтындар.

Атеистік кеңістік күйрегеннен кейін, Қазақстанда да шағын пансионаттардан бастап, университеттерге дейінгі діни оқу орындары ашыла бастады. Шындап келгенде, еліміздe-

гі оқу орындарындағы білім беру жүйесі мен дінді зерттеу бағыттарын және діни-психологиялық климатты екіге ажыратуға болады. Біріншісі, діни философияны негізге алып, ислам дінін уағыздаумен, насихаттаумен, діни идеологияландырумен шұғылданса, екіншісі, дін философиясын негізге алып, зайырлылықты насихаттап, фанаттық пен дінді асыра дәріптеумен келіспейді. Келесі бір «айқынсыз» деп атауға болатын бағыт, шындығында, дін философиясы, әлде, діни философия екендігі белгісіздеу болып келетін бағдармен жүреді немесе бұның ара жігіне аса назар аудармай, өзінің пікірлерін екі арнада да жариялай береді. Осы тұста, айта кететін тағы бір маңызды жайт, дінмен шұғылданып отырған зерттеушінің жеке ұстанымы мен мамандығына, қойылып отырған мәселеге т.б. байланысты көптеген жайлар ашылады. Мысалы, теолог, әлде философ, әлде дінтанушы ма – мәселені кім зерттеп отыр, сонымен қатар, олар қандай дінді зерделеп отыр, сондай-ақ діндегі қай мәселені қарастырып отыр т.б.

Бірінші діни философияны негізге алатын бағыттың өзін, төзімді исламдық және радикалдық бағыттағы исламдық деп екіге ажыратуымызға болады.

Әдебиеттер

1 Сабит М., Кокумбаева Б., Темиртон Г. Духовная культура великой степи и современность. – Алматы: КазНИИК, 2013. – 200 с.

2 Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. – Алматы: Өлке, 2006. – 232 б.

3 Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы, Білім, 1996. – 272 б.

4 Suleyman Uludag. Islam Dusuncesinin yapisi, Dergah yayin. – Istanbul, 1994. – 286 p.

5 Ай, заман-ай, заман-ай. (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық. – Алматы: РББ, 1991. – Т.1. – 384 б.

6 Асқар Л.Ә., Мажинбеков С.А., Құранбек Ә.А., Әлиев Ш.Ш. Қазақ мәдениеті мен философиясындағы жан мен тән мәселесі // Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 94 – 120 бб.

7 Өзбекұлы С., Исмаилов А. Ғұмар Қараштың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. – Алматы, 2005. – 94 б.

8 Көшімов М. Әулие-Ата хабарлары//Энциклопедия «Айқап»/бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.

9 Ғұмар Қараш. Замана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 236 б.

10 Өтеп Бекетов естелігі. Қолжазба, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Орталық Ғылыми кітапхана. (ОҒК), Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі. – Алматы, 2004. – 1602-папка, 3-бума, 18-дәптер.

11 Аташ Б.М. Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 2014. – 250 б.

12 Қазақ газеті/бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

13 Шәкәрім Қ. Үш анық. – Алматы: Ғылым, 1991. – 80 б.

14 Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 207 б.

15 Сыдықов Е.Б. Шәкәрім: ғылыми-танымдық басылым. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 444 б.

References

1 Sabit M., Kokumbaeva B., Temirton G. Duhovnaja kul'tura velikoj stepi i sovremennost'. – Almaty: KazNIIK, 2013. – 200 s.

2 Akim Zh. Kazak idejasy. Turki orkenieti negizinde. – Almaty: Olke, 2006. – 232 b.

3 Amanzholov K., Rahmetov K. Turki halyktarynyn tarihy. – Almaty, Bilim, 1996. – 272 b.

4 Suleyman Uludag. Islam Dusunsesinin yarisi, Dergah yayin. – Istanbul, 1994. – 286 r.

5 Aj, zaman-aj, zaman-aj. (Bes gasyr zhyrlajdy): 2 tomdyk. – Almaty: RBB, 1991. – T.1. – 384 b.

6 Askar L.A., Mazhinbekov S.A., Kuranbek A.A., Aliev Sh.Sh. Kazak mədenieti men filosofijasyndagy zhan men tən məselesi // Al-Farabi zhəne zamanaui Kazakstan filosofijasy. – Almaty: Kazak universiteti, 2012. – 94 – 120 bb.

7 Ozbekuly S., Ismailov A. Gumar Karashtyn kogamdyk – sajasi zhəne kukyktyk kəzkarastary. – Almaty, 2005. – 94 b.

8 Koshimov M. Aulie-Ata habarlary//Jenciklopedija «Ajkap»/bas redaktor R. Nurgaliev. – Almaty: Kazak jenciklopedijasy, 1995. – 366 b.

9 Gumar Karash. Zamana. – Almaty: Gylym, 2000. – 236 b.

10 Otep Beketov esteligi. Kolzhazba, Kazakstan Respublikasy Bilim zhəne Gylym ministrligi Ortalyk Gylymi kitaphana. (OGK), Sirek kitaptar men kolzhazbalar bolimi. – Almaty, 2004. – 1602-papka, 3-buma, 18-dəpter.

11 Atash B.M. Gumar Karashtyn əmiri men shygarmashylygy. – Almaty, 2014. – 250 b.

12 Kazak gazeti/bas redaktor A. Nysanbaev. – Almaty: Kazak jenciklopedijasy, 1998. – 560 b.

13 Shəkərim K. Ush anyk. – Almaty: Gylym, 1991. – 80 b.

14 Kudajberdiev Sh. Өlender men pojemalary. – Almaty: Zhalyn, 1988. – 207 b.

15 Sydykov E.B. Shəkərim: gylymi-tanymdyk basylym. – Almaty: KR BGM GK FSDI, 2013. – 444 b.

Коль горе чужое тебя не заставит страдать, Возможно ль тебя человеком тогда называть?

Саади

Если человек тверд, решителен, прост и несловоохотлив, то он уже близок к человечности.

Конфуций

Народу много, а людей немного.

Диоген

Tanabayeva A., Alikbayeva M., Tungatova U.

The model of the 'perfect man' in the medieval islamic culture

The first socio-political thinker among the Arabic philosophers, Al-Farabi expanded the boundaries of speculation prior to the consideration of human nature, the meaning of his life, his place in the universe, its role in society, the nature of the state association, expressing their dissatisfaction with the Islamic concept of man. In the era of universal domination of the religious worldview approach of blind faith led to the interpretation of the person is fundamentally different from the officially accepted. In contrast to the Islamic concept of a man as a creature among creatures and servant of God, Al-Farabi considered a man in several aspects of his life: as a physical being, as a living being, as the highest natural mixture, as a rational animal, as a civil creature.

Key words: Al-Farabi, virtuous city, perfect society, a perfect man, Arab-Muslim culture.

Танабаева А., Аликбаева М., Тұңгатова У.

Ортағасыр ислам мәдениетіндегі «Кемел адам» моделі

Мақалада қайырымды қаланың маңыздығы мен мәні, қайырымды қала тұрғындары мен әл-Фараби еңбектеріндегі кемел адам мәселесі және сопылар еңбектеріндегі кемел адам моделіне салыстырмалы талдау жасала отырып тұжырымдалады. Әл-Фараби мұрасын зерттеу қазіргі таңдадағы жаһандану дәуірінде де өзекті. Оның еңбектерін зерттеуге деген құлшыныстың өсуі ұлы тұлғаның еңбектеріндегі көптеген мәселелерге оңтайлы жауап ала алатындығын көрсетеді. Осыған орай кемел қоғам, қайырымды қала және кемел адам концепциясы маңызды. Әл-Фараби ілімі көптеген Шығыс және Батыс зерттеушілерінің еңбегінде көрініс тауып отыр.

Түйін сөздер: әл-Фараби, қайырымды қала, кемел қоғам, араб-мұсылман мәдениеті.

Танабаева А., Аликбаева М., Тунгатова У.

Модель «Совершенного человека» в средневековой исламской культуре

В данной статье мы рассмотрели значение и важность добродетельного города, добродетельных жителей и совершенного человека в трудах Аль-Фараби, также был дан краткий анализ модели совершенного человека в трудах суфиев, которые впервые в исламской культуре подняли вопрос о совершенном человеке. Наследие Аль-Фараби было и остается актуальным в современный век глобализации. Возрастающий научный интерес ученых всего мира объясняется тем, что мы находим ответы на многие проблемы и вопросы в трудах великого мыслителя. В этой связи, его концепция совершенного общества, добродетельного города и совершенного человека уникальна. Учение Аль-Фараби повлияло на творчество многих его последователей, и стало основой развития модели совершенного общества, не только на Востоке, но и на Западе.

Ключевые слова: Аль-Фараби, добродетельный город, совершенное общество, совершенный человек, арабо-мусульманская культура.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 130.2:28

Tanabayeva A., Alikbayeva M., *Tungatova U.

Al-Farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan
*E-mail: inara2005@mail.com

THE MODEL OF THE 'PERFECT MAN' IN THE MEDIEVAL ISLAMIC CULTURE

On the basis of reasonable activity of a man as his natural properties Al-Farabi made a number of conclusions about the humanistic equality of all people as a result of the overall reasonable nature of the autonomy of the human being, the creative activity of the person, freedom of the human will, independent of the value of human life. This issue Al-Farabi considered in his «Treatise on the views of the residents of the virtuous city».

Perfect society of Al-Farabi divides into three types: the great, medium and small. Great Society – a collection of companies of all people living in the land, the average – an association of people in some parts of the land, small-a small association of residents.

The greatest good and the highest perfection can be achieved, according to al-Farabi, primarily the city, but not society, standing on the lower level of perfection. The latter Al-Farabi considers the village, district, street and house. This system is a perfect society, drawn by Al-Farabi with strict logical sequence is the result of logical thinking scientist coming from the relationship between the concepts of general and private.

So, the most perfect form of society, by Al-Farabi, is the city. He uses the term city not only represents the city in the modern sense, as a unit of administrative-territorial division, but also to refer to the state and social groups.

An important place in the social and ethical teachings of Al-Farabi is the idea of a virtuous city. Virtue, according to Al-Farabi, – this is the best moral qualities.

Virtues of Al-Farabi shares on ethical and intellectual. For ethical virtues he reckons temperance, courage, generosity and justice, to the intellectual – wisdom, intelligence and wit.

So the most important points of ethics Al-Farabi: true happiness is the possession of all these virtues. Moreover, virtuous people he calls free in nature.

In connection with this interesting reflection of Al-Farabi on the division of people into three types depending on the judgment and temperament. The first type – people free in nature. They are reasonable and resolute. The second type – the people who do not have these two properties of Al-Farabi calls brutish. The third type – slaves by nature, they are reasonable, but do not have the determination. Truly happy are people free by nature, concludes

Al-Farabi. Virtuous city of Al-Farabi defines as «a city in which an association of people is aimed at mutual assistance in cases with which finds its true happiness». It is this cooperation to achieve true happiness virtuous city is different from all other human communities. Self-isolation and loneliness can not make a man happy. The basic principle of the virtuous city of Al-Farabi considered` justice. Every citizen of this state justice devotes special session and the special situation. The dominance of justice in the virtuous city unites more diverse and heterogeneous parts of the state in whole.

Following Aristotle Al-Farabi considered possible existence of only one, but two-level (sublunary and superlunary) world, the eternal and dynamic existence of which is due to be inseparable from the world supersensible essence, Aristotle called the prime mover, Al-Farabi – the first cause. In contrast to the Platonic-Plotinian principle generated by the demiurge, or one world, Al-Farabi accepted the Aristotelian principle of eternal and not generated world. The task of philosophy he thought a description and explanation of existing forever and eternity of existence through a qualitative analysis of the various parts of the universe, a qualitative description of the processes in detail in it, understood as the actualization of potential though, but the existing one. Ethics in the modern sense of the category of «virtue» for Al-Farabi is the key to the teleological interpretation of being as the universe and human itself, and human in society, as a virtue is a way of thinking, knowledge. In fact, education is one of the most important social phenomena in Al-Farabi's philosophical system. It is concerned with the human soul and makes sure that the individual is prepared from an early age to become a member of society, to achieve his own level of perfection, and thus to reach the goal for which he was created. However, while it is true that there are no writings specifically devoted to education in Al-Farabi's books, anyone who follows his writings with care will come upon various texts scattered here and there containing clear educational elements corresponding to his overall philosophical views, which incline to integrate separate concepts and thoughts into a 'unified world view'. Indeed, the whole activity of education, in Al-Farabi's view, can be summed up as the acquisition of values, knowledge and practical skills by the individual, within a particular period and a particular culture. The goal of education is to lead the individual to perfection since the human being was created for this purpose. The perfect human being (al-insan al-kamil), thought Al-Farabi, is the one who has obtained theoretical virtue–thus completing his intellectual knowledge–and has acquired practical moral virtues–thus becoming perfect in his moral behaviour. Then, crowning these theoretical and moral virtues with effective power, they are anchored in the souls of individual members of the community when they assume the responsibility of political leadership, thus becoming role models for other people. Al-Farabi united moral and aesthetic values: good is beautiful, and beauty is good; the beautiful is that which is valued by the intelligentsia [1]. So this perfection which he expects from education combines knowledge and virtuous behavior; it is happiness and goodness at one and the same time. Al-Farabi concerned not only personal, but also social perfection and his «virtuous city» (madinafadylya) built on principles borrowed primarily from Platonism, Neo-Platonic and Aristotelian although construction elements of his teaching can not be underestimated. The political philosophy of Al-Farabi had little to do with the political theory in the Arab-Muslim culture.

Virtuous city – this is the best state system has features of moral and political organizations that are able to provide state solution to any problems. Virtuous city is based on the hierarchy. Hierarchy involves not only the relations of domination and subordination, but also harmony and balance. This is expressed in the Muslim world view in terms of socio-political system, which is inherent in all traditional societies.

In addition, the hierarchy of the virtuous city reflects the objective space order, which is a reflection of the reality of the earth in order. Al-Farabi believed that earthly life should reflect the wonderful harmony of the cosmos, as the laws of social development related to the eternal laws of existence. According to Al-Farabi, not knowing the mysteries of world harmony, it is impossible to build a perfect society.

With regard to the occupation of the inhabitants of the virtuous city, every man in it should do one specific thing for life

Virtuous city of Al-Farabi opposed non-virtuous city, of which there are three types of «ignorant city», «wicked city», «city misguided».

In the ignorant people of the city, according to Al-Farabi, had no idea of the true happiness and do not know the ways to achieve it. Of all the benefits of city residents are aware of the ignorant ones that are only apparently benefits. Such bodily health, wealth, pleasure, freedom to indulge the passions, honor and majesty. Each of these benefits seem ignorant inhabitants of the city of happiness, and the greatest happiness they believe a combination

of all of these benefits. Accordingly misfortune they believe the body of disease, poverty, lack of pleasure, the inability to follow their passions and lack of honor.

Subspecies «ignorant of the city» are «necessary city», «city exchange», «city meanness», «city of ambition», «power-hungry city», «voluptuous city».

The basis for the division of society into «virtuous» and «ignorant» of Al-Farabi considered the objectives pursued by these companies. Correct the goal contributes to happiness. In this case, Al-Farabi stated that the right to be not only a goal, but also how to achieve it. The best – it's nice to reach the goal and dignity.

It is clear that the description of the «ignorant» of cities – a kind of protest against Al-Farabi the social system of the era. In various types of ignorant cities expressed vices peculiar to the society of his time: ignorance, greed, lust for power, idle life.

Imam -the head of the virtuous city, according to Al-Farabi, should have specific congenital and acquired qualities. In this it differs from other members of the city.

Speaking about twelve congenital as head Al-Farabi repeated ideas of Plato. Al-Farabi believed that just as the organs of the body differ in their nature and abilities, just as members of the city and the union differ. And if in the body of the hierarchy of ends authorities, which do not run, but only subject to, the state hierarchy ends class whose sole responsibility is to obey and execute orders.

Chapter virtuous city of Al-Farabi compared with heart, the main organ of the human body. The heart is the cause of the existence and location of certain other organs of the body. If you come to upset any of the bodies, the life of the whole body will not stop, but if you «fail» the heart, the person dies.

Understanding of man as a spiritual and bodily unity Al-Farabi set out from this point of view, the theory of the perfect man. This harmonious development of personality, combining physical and mental qualities: healthy body, a clear mind, imagination, a good memory, wit, expressive speech, curiosity, intelligence in sensual pleasures, love of truth, nobility of soul, contempt for wealth and others. Especially, Al- Farabi considered necessary the presence of the quality of justice in the perfect man, who must «love ... justice and its advocates, hate injustice and tyranny of those from whom they come; to be fair to her and to others, to encourage justice and indemnify the victims of injustice ... to be fair, but not stubborn, do not be capricious and not to persist in the face of justice, but to be quite adamant to every injustice and meanness ...» [2]. Man combines all these qualities, worthy to be a ruler. Moreover, such a person is required to society as head of the city.

Ideal of the perfect man at Al-Farabi coincided with the ideal head of state because the only perfect man can entrust the fate of people: one who is intelligent, can teach people how to reason, one who is virtuous, educates people virtuous, one who is happy, can make people happy. Al-Farabi stated that a person standing on the highest perfection, combines quality must meet not only the true philosopher, the governor and the legislature, and, but the imam.

The perfect man in Al- Farabi is a person giving their all for the benefit of society and will find happiness in serving the public interest.

The concept of the mind is the basis of the theory of knowledge of Al-Farabi, because of it created the preconditions for the development of epistemology in the eastern peripatetism. At Al-Kindi these frameworks have been limited because it recognized the priority of divine revelation. For Al-Farabi same priority rational knowledge is undeniable. It is very important and that he prefaced his perceptual knowledge as inferior, but necessary step. Recognition of the primacy of feelings in understanding the world and leads to the appropriate interpretation of rational knowledge: performing an integrative role, it is closer to the earth than to heaven, the world. To achieve the ultimate goal of rational knowledge – get the truth involved logical operations. All those operations that are entirely dependent on the person. The foregoing suggests that Al-Farabi played a progressive role in the development of the theory of knowledge on the Arabic-speaking East.

In the theory of knowledge of Al-Farabi clearly outlined materialistic and idealistic tendencies: on the one hand, man appears as the owner of creativity, which leads him to the knowledge of the world, on the other hand, the source and destination knowledge are the first cause of all things.

A major role in cognition play feeling, because they represent the starting point of understanding the world, which results in abstractions or concepts, detachment from matter, and, superimposed on the individual items, they concretize them and unite in the genera and species.

Vividly process of knowledge of Al-Farabi described in his treatise «On the pursuit of happiness». Here, as in many other treatises, the acquisition of knowledge is identified with the achievement of happiness. Since the pursuit of

happiness is the goal of human life, then it follows that it is carried out through the knowledge of a man of the world and ethical norms to guide his life [3].

Development problems of improving the human has been developed not only within the framework of the Arab medieval philosophical and also religious thought.

InsanKamil in Sufism ideal of the perfect man, who won a nafs and reached the state khakik. This category was developed by Arab philosopher Ibn Arabi. Unlike modern European ideas, al-Insan al-Kamil is not a crown of evolution as perfect people in the form of saints were in ancient times. From the point of view of Ibn Arabi is a perfect man was Prophet Muhammad. This is the perfect man who is the embodiment and manifestation of the divine attributes. This term was introduced byHallaj, who was executed for his beliefs in the 309/921 year. After him, this idea was developed by Ibn Arabi (d. 638/1240). The doctrine of the «perfect man» is primarily ontological problem and is associated with the problem of existence. According to Ibn Arabi, the world was originally soulless. A man became a manifestation of all the divine attributes and perfect names.Sufism has no canonical text. Sufis themselves to describe the essence of his cult use a variety of terms. They call it the science of Sufism, the art, the religion. Considering Sufism in terms of the problem of improving a person on the basis of religion and science, it should be noted that in the most general sense, Sufism is interpreted by the Sufis as the necessary experience of being, the purpose of improvement of man, which is achieved through the discovery and awakening in man the supreme body of the implementation, completion, destination. Highlights Sufi concept of perfection, we consider an example of such prominent ideologues of this doctrine, as Ghazali, Farid, Rumi.

Muhammad al-Ghazali (1058-1111) – a thinker reconciled the religion of Islam with intellectualism, influenced Thomas Aquinas, Francis of Assisi and Pascal. He gave answers to the questions posed by the Christian medieval theology to Muslim thinkers, forced to accept the position of Sufism inner meaning of Islam, outlined the contact points of cooperation between intellectualism Dominicans and Franciscans intuitivism, identified rapprochement Muhammadan theology and philosophy of Aristotle.

Sufism, according to Ghazali, is a special kind of activity, the inner teachings of all religions, accessible only to a narrow circle of people who are able to learn. Linking with happiness and perfection perfection, he sought to justify the idea that the improvement requires the transformation of the human mind. The perfect man exists simultaneously in several dimensions, is subject to the object itself and for others. Improvement requires the development of human capabilities, pre-prepare themselves morally in terms of restrictions of pride and overcoming her own efforts. In the process of improving the mind is not distorted and suppressed and transformed, transformed.

For the perception of Sufism as a way of existential, but more mystical experience is necessary to improve the mastery of a particular technology, which means that the practical use of the method, which would allow to neutralize all the negative and at the same time reflect the subject properly, as something objective. The technology is based on symbolization of Sufism, which refers to the ability to higher forms of perception is achieved by conscious effort, for example, the ability to move independently of the body weight, the ability to instantly perception of knowledge as a result of insight or intuition. These attributes of the gas to a higher level of existence. However, it would be wrong to treat gas as a supporter of irrationalism. According to him, a characteristic feature of man is the so-called sixth sense, by which the mind understood Ghazali. In this case, beauty, knowable by reason, majestic beauty comprehended feelings.

Farid al-Din Attar (1119 – 1230) in his conception of perfection as the Sufi ideal man, first of all, paid attention to the main task of a man consists in maintaining harmony with all created things. In his monumental work «The Parliament of Birds» Farid proved that various people, including the Sufis, in various stages of development. This idea is expressed by him in figurative, allegorical, symbolic form. Under the guise of a bird hoopoe Sufi collects all of humanity and offers a look mysterious King Semurg the mountain Kaf, but warns that this people have to cross seven valleys.

– басқарушы партияның демократиялық принциптерді ұйымдастыруда қоғаммен бірлесе өмір сүріп, қоғамның демократиялық негіздерін қамтамасыз ету;

– заңдылықты мүлтіксіз сақтау, қоғам мен биліктің кері байланысты орнатуды ұйымдастыруы, азшылықтың құқықтарына құрметпен қарау, сонымен қатар, тәуелсіз БАҚ арқылы және басқа да белсенді азаматтық қоғам арқылы билікке деген қоғамдық бақылау механизмдерінің іс-әрекеттілігінің болуы.

Қазақстанның жағдайында «бір жарым партияның» көрініс табуын айтатын болсақ, оның беріктігі өткен Мәжіліс сайлауы және республиканың Негізгі Заңына өзгерістер енгізілуінің нәтижесінде «Нұр Отан» партиясының саяси монополиясынан құралады.

Биліктік «Нұр Отан» партиясы Қазақстанның алдағы уақыттағы тағдырына тұтастай жауапкершілікті алып жүретін болашақтағы жалғыз саяси күш болып қала береді. Анық түрде бұл жағдай саяси өмірдің тұрақтылық факторы ретінде алға шығады, билік тармағындағы анықтаушы абсолютті басымдық «Нұр Отан», партиялық бағыттағы жүзеге асырушы ретінде барлық деңгейінде олардың бірлігін қамтамасыз етуші ретінде де көрінеді.

Дегенмен, бұл үрдістің партиялық-саяси және мемлекеттік механизмдердің дұрыс қызмет етуінде айтарлықтай проблемалар туындататын жағымсыз жағы да болуы мүмкін.

Олардың қатарына келесілерді қосуға болады: саяси бәсекелестіктің қысқаруы (әлеуметтік апатия, биліктегі партияның инерттігі, шешім қабылдаудың жабықтығы, билікті арбау арқылы иемдену, жемқорлықтың өсуі және басқа да құбылыстар жағымсыз мультипликативті салдарларға әкелуі мүмкін, бұл «тұрып қалу» түсінігімен сипатталады), партиялық және мемлекеттік аппараттың тұтасуы (кеңестік кезеңнен айырмашылығы бұл жерде кері жүріс бар – партия мемлекеттік аппаратпен жұтылуы, мемлекеттік машина саяси қосалқыға айналады), биліктегі партияның ішкі құлдырауының қаупі өседі (ішкі партиялық топтардың бәсекелестігінің шиеленісуі), басқа партиялардың белсенді саяси қатысуын алып тастау, оппозициямен диалог жүргізу шарттарының нашарлауы және тұтастай азаматтық қоғамның даму екпінінің тежелуі*. Ішкі партиялық кеңістікте элиталардың бәсекелестігінің орнын ауыстыру бұрынғыдай оны қоғамнан тұйық жасайтыны жағымсыз салдары болуы мүмкін.

Үшіншіден, қазіргі кезеңдегі ҚР партиялық-саяси дамуы деңгейінде партиялық құрылыстың бәсеңдеу үрдісі байқалады.

1990-1993 және 1998-2005 жж. айырмашылығы, жаңа партиялардың құрылуының қарқынды үрдісін сипаттайды, ал қазіргі партиялық құрылыстағы бәсеңдеу екпін саяси алаңның әлдеқашан құрылып қойғанын айтады. Жаңа

партиялардың құрылуы (К. Сатыбалды «Ақ Орда», М. Шаханов «Халық Рухы») саяси процеске айтарлықтай қатысуға деген наразылық білдіруге қарағанда, конфессионалды және этникааралық салада өзекті мәселелердің пайда болуымен байланысты деп айтуға болады. Сонымен қатар, саяси партиялардағы жаңа мүшелердің келуі тоқтатылды.

Төртіншіден, кейінгі уақытта партияаралық бәсекелестік деңгейінің төмендеуі байқалады, электоратты тартуға бағытталған партиялық үгіт-насихаттық акциялардың саны азаюында көрініс табады, идеологиялық күрестің жоқтығы, сонымен қоса, көптеген партиялардың конструктивті түрде өзара ықпалдастыққа дайын екені көрінеді.

Айтылған үрдістерің аясында, сондай-ақ, ұсынылған конституциялық өзгерістермен байланысты Парламент депутаттарының құрамын басқа партиялармен толықтыруын қарастыратын, қазіргі республикадағы партиялық-саяси жүйедегі күштердің орналасу мәселесі және алдағы болашақтағы партиялардың мүмкіндігі өзекті болып қарастырылады.

Қазақстанның саяси аренадағы басым жағдайы Президент Н. Назарбаевпен басқарылып отырған, өзінің қатарында 700 мыңнан астам мүшені, сонымен қатар, қазіргі барлық мемлекеттік-бюрократиялық номенклатураны біріктіріп отырған «Нұр Отан» партиясы алып отыр. Партия мықты әкімшілік ресурсқа, салмақты қаржылық негізге (бұқаралық мүшелік жарнасының есебінен де, мемлекет тарапынан да қаржыландырудың жаңа конституциялық өзгерістеріне байланысты), ақпарат құралдарымен (мемлекет бақылауындағы есеппен және аффилирленген жеке БАҚ компаниялармен), тармақтануымен ұйымдастырылған құрылымға ие.

Партияның әлсіздігі мен күші оның мобилизациялық мүмкіндіктерінің негізі әкімшілік ресурсына негізделеді және оның негізгі белгісі қазіргі Президенттің билігі мен беделі болып табылады. Соңғы сайлау нәтижесі бойынша «Нұр Отанның» өкілдігінің ұлғаюып, атқарушы билік органдарын да құрады. Партияның басымдығы жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы сайлау кампанияларында да айқын байқалады.

Қазақстанның партиялық жүйесі қоғаммен, мемлекетпен әлсіз ықпалдастықта деп айтуға болады. Сонымен қатар республиканың көппартиялылығы қоғамның шынайы әлеуметтік құрылымын, халықтың басым бөлігінің мүддесін көрсетпейді. Партиялардың идеологиясының айқын бағыттылығы әлі күнге дейін анықталмаған, бұл қоғамның мүдделерін алға тартуға емес, билікке жекелей қолжетімділікке бағытталған. Бұның бәрі мемлекеттің саяси құрылымында партияның пассивті рөл ойнауына алып келеді. Қорытындылай келе, партиялық жүйенің әлсіздігі манипулятивті демократияның құралына айналуына алып келеді; партиялардың билікке деген бағынышты жағдайында қалуына; өздерінің мүдделерін шынайы қорғайтынын көрмейтін халықтың саяси абсентеизміне; жалпы партияға деген сенімсіздікке; саяси еркіндіктерін шынайы көрсетуші ретінде партияға халықтың сенімсіздігі билікке деген легитимділіктің жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін, ал бұл тікелей түгел Қазақстанның қоғамдық-саяси жүйесінің динамикалық тұрақтылығына және қызмет етуінің тұрақтылығына ықпал етеді; мәселенің тағы бір салдары азаматтық қоғамның даму үрдісінің тежелуі болып табылады.

Бұл жағдайда биліктің тұрақтандырушы қызметін өзіне мәжбүрлі алуында басқарудың авторитарлы әдістерін қолданбауы мүмкін емес, олардың жүйелік кемшіліктерінің өсуі саяси дағдарысқа қауіп төндіруі мүмкін. Транзиттік қоғамның шарттарында саяси тұрақтылықты сақтау амалы ретінде биліктің орталықтандыру деңгейінің көтерілу қаупі сақталады. Дегенмен, шектен шыққан мемлекеттік және партиялық аппараттың орталықтандырылуы авторитаризмнің, бюрократизацияның, жемқорлықтың үрдісін туындатады, ол даму векторының өзгеруіне қауіп төндіреді.

Әдебиеттер

1 Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 296 с.

2 Булуктаев Ю.О. Партийно-политическая система России на новом этапе развития. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 112 с.

3 Выборы – 2004 в Казахстане: Стратегия и тактика политических партий // Центральная Азия и Кавказ (Швеция). – 2005. – № 1.

4 Понятие и функции политической идеологии // http://news.zancor.ru/index.php/politologia

5 Громыко А.А. Модернизация партийно-политической системы Великобритании // http://cheloveknauka.com/modernizatsiya-partiyno-politicheskoy-sistemy-velikobritanii

6 Либеральные ценности, или раздумья у парадного подъезда Европы http://gazeta.zn.ua/SOCIETY/liberalnye_tsennosti,_ili_razdumya_u_paradnogo_podezda_evrop

7 Маликов К. Оценка политических партий с точки зрения идейно-религиозной идентификации // http://www.idmedina.ru/books/materials/rmforum/3/teo_malikov.htm

References

1 Seylehanov E.T. Politicheskaya sistema Respubliki Kazahstan: opyt razvitiya i perspektivy: monografiya. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2009. – 296 s.

2 Buluktaev Y.O. Partiyno-politicheskaya sistema Rossii na novom etape razvitiya. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2014. – 112 s.

3 Vybory-2004 v Kazahstane: Strategiya i taktika politicheskih partiy // Centralnaya Aziya i Kavkaz, 2005, № 1;

4 Ponyatie i funkcii politicheskoy ideologii // http://news.zancor.ru/index.php/politologia

5 Gromyko A.A. Modernizaciya partiyno-politicheskoy sistemy Velikobritanii // http://cheloveknauka.com/modernizatsiya-partiyno-politicheskoy-sistemy-velikobritanii

6 Liberalnie cennosti, ili razdum'ya u paradnogo podezda Evropy http://gazeta.zn.ua/SOCIETY/liberalnye_tsennosti,_ili_razdumya_u_paradnogo_podezda_evrop

7 Malikov K. Ocenka politicheskih partiy s tochki zreniya ideyno-religioznoy identifikacii // http://www.idmedina.ru/books/materials/rmforum/3/teo_malikov.htm.

ЕАЭО оған қатысушы-мемлекеттердің экономикасын нығайтуға, ортақ нарықтық әлеуетін арттыруға ықпал етуге қабілетті. Бұл интеграциялық бірлестік оның мүше-елдері үшін барлық проблемаларды бірден жойып жібере алмайтыны анық. Өзара ынтымақтасудың проблемалары көп, мәселе сол проблемаларды оңтайлы шеше білуде. Сонда ғана капиталдың, тауарлар мен қызметтердің, жұмыс күшінің еркін айналымы жүзеге асады, ЕАЭО аумағында бизнес жүргізу барынша оңайлайды. Ал кедендік, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқа да бақылаулардың жойылуы бизнес айналымын шапшаңдатып, кедергілерді барынша азайта түседі.

Мұсатаев С.Ш.

Мұсатаев С.Ш., Баймұрат А.

Евразиялық экономикалық одақтың даму үрдістері мен проблемалары

Бұл мақалада евразиялық интеграцияның даму үрдістері, Евразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) қызмет етуіндегі проблемалар, бұл интеграциялық бірлестіктің даму келешегі туралы қарастырылған. Авторлар ЕАЭО құрудан барынша жағымды әсер алу үшін не істеу қажет, сондай-ақ, алдағы жылдары одақтың «күн тәртібінде» тұрған маңызды мәселелер қандай деген сұрақтарға жауап беруге тырысады.

Түйін сөздер: интеграциялық процестер, ЕАЭО, әлеуметтік-экономикалық даму, сыртқы сауда, трансшекаралық инвестиция, еңбек миграциясы, қаржы-монетарлық саясат, валюталық реттеу, еркін сауда аймағы.

Mussataev S.Sh., Baimurat A.

Development trends and problems of the Eurasian Economic Union

The article examines trends in the development of the Eurasian integration, the problems of the Eurasian Economic Union (EAEC), the prospects for the development of this integration association. Authors try to answer such questions: what should be done to maximize the positive effect of the creation of the EAEC and represent the most important items «on the agenda» of the Union in the coming years.

Key words: integration processes, EAEC, socio-economic development, foreign trade, cross-border investment, labor migration, monetary and financial policy, currency regulations, non-tariff barriers to free trade zone.

Мусатаев С.Ш., Баймурат А.

Тенденции развития и проблемы Евразийского экономического союза

В статье рассматриваются тенденции развития евразийской интеграции, проблемы функционирования Евразийского экономического союза (ЕАЭС), перспективы развития данного интеграционного объединения. Авторы стараются отвечать на такие вопросы, как: что предстоит сделать для достижения максимального положительного эффекта от создания ЕАЭС, а также обозначают важнейшие пункты «повестки дня» союза на ближайшие годы.

Ключевые слова: интеграционные процессы, ЕАЭС, социально-экономическое развитие, внешняя торговля, трансграничные инвестиции, трудовая миграция, монетарно-финансовая политика, валютное регулирование, нетарифные барьеры, зоны свободной торговли.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 339.543.62

*Мұсатаев С.Ш., Баймұрат А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: mceka@mail.ru

ЕВРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Евразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – құрамындағы мүше-мемлекеттер аймақ ішінде өздерінің экономикалық әлеуеттері мен шаруашылық байланыстарын жүзеге асыру, ғаламдық экономикада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдайлар жасау мақсатында құрылған жас интеграциялық бірлестік. Тауарлардың, қызметтердің, капитал мен еңбектің ортақ нарығын қалыптастыру еуразиялық интеграциялық жобаның өзегінде жатқан игі мақсаттар-мұраттар болып табылады. ЕАЭО құрылуы – 1990–2000 жылдар аралығында бірнеше рет талпыныс жасалып, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында шынайылыққа айнала бастаған еуразияшылдық идеясы. ЕАЭО толыққанды экономикалық одаққа айналуы үшін оның құрамындағы елдер әлі талай сынақтар мен қиындықтарды бастан өткерері сөзсіз. Мысалы, Европалық Одақтың (ЕО) қалыптасуына жарты ғасырға жуық уақыт қажет болды. Сол сияқты, ЕАЭО алғашқы жылдары түрлі қиындықтарға, ішкі қайшылықтарға ұрынуы заңдылық, соған қарамастан, экономикалық интеграция идеясы шынайы жүзеге асуда. Осыған орай, ЕАЭО даму тенденциялары қалай болатыны, нағыз экономикалық одаққа айналуы үшін қандай мәселелер шешімін табуы тиіс екендігі көпшілікті толғандырады. Біздің ойымызша, алдағы онжылдықта ЕАЭО мынадай маңызды міндеттерді шешуі қажет:

1. Қазір орын алып отырған кемшіліктерді, мемлекеттер арасындағы тауар мен қызметтің еркін нарығын қалыптастыруға нұқсан келтіріп отырған әкімшілік, заңнамалық, бюрократиялық кедергілерді жою.

2. ЕАЭО ішіндегі алым-салықтардың, тарифтердің әркелкілігінен арылып, тариф, салық, баға саясатының бірегей жүйесін қалыптастыру.

3. Макроэкономикалық саясатты үйлестіріп, қаржы және валюта мәселелерін оңтайландыру. ЕАЭО ортақ валютасы болмағандықтан, бұл салада көп қиындықтар бар. Бұл жерде еркін конвертацияланатын шетелдік валюталардың, оның ішінде әсіресе АҚШ долларының ықпалынан арылу, өзара сауда жасау барысында ұлттық валюталармен есептесу мәселесі оң шешімін табуы тиіс.

4. Еркін сауда аймақтарының желісін құру, аймақтағы шешуші рөл ойнайтын «ірі ойыншылар» – ЕАЭО, ЕО, Қытай арасында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытып, өзара тиімді іскерлік байланыстарды жолға қою.

Бұл бағыттардың жүзеге асырылуы ЕАЭО дамуына игі ықпал етіп, инфрақұрылымды, өнеркәсіпті, агроөнеркәсіп кешенін, ортақ еңбек нарығын, бірегей зейнетақымен қамту, білім беру мен ғылымның одақтық кеңістігін қалыптастыру т.б. кең мүмкіндіктер туғызып, интеграцияның жағымды әсерін арттыра түседі. Евразиялық интеграцияның одан әрі дамуы мемлекет басшыларының немесе үкіметтің саяси шешімдерімен «жоғарыдан сүйреуіне» емес, интеграцияның «төменнен» шынайы жүзеге асуына тікелей тәуелді. Яғни, «төменнен» жүретін интеграцияның қозғаушы күші – қарапайым халық, кәсіпкерлер, еңбек адамдары. Өзара сауданың өсуі, трансшекаралық инвестициялар, өркениетті еңбек миграциясы халықтың қатысуынсыз жүзеге аспас еді. Ал «төменнен» жүретін интеграция үшін ЕАЭО экономикасында бірегей «ойын ережелері» болуы шарт. Сонда ғана, алдағы онжылдықта, орта мерзімдік шамалап болжағанда 2025 жылға таман ЕАЭО ақша-тауар-қызмет-еңбек ортақ нарығы толыққанды қалыптаспақ.

ЕАЭО мүше-мемлекеттердің экономикаларын жаңғырту мен кооперациялау үшін аса қажет маңызды процесс – ортақ нарық қалыптасуына кері әсер етуші кедергілерді жою. Әзірге мұндай кедергілерді санамалап тауысу қиын: әкімшілік-саяси, бюрократиялық, жемқорлық, салықтық, кедендік, тарифтік, инфрақұрылымдық, энергетикалық, стандарттық, санитарлық, ветеринарлық, техникалық т.б. жалғасып кете береді.

Қазір ЕАЭО мүшелері бұл кедергілерді жоюға барынша күш салуда: Бірыңғай кедендік кодекс қабылданды, Бірегей техникалық регламенттеу енгізілді. Арнайы келісімге қол жеткізіліп, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО фармацевтика мен дәрі-дәрмектің ортақ нарығын қалыптастыруға кірісті. Енді біртұтас электроэнергетикалық нарық қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілу үстінде. Евразиялық экономикалық комиссия «Біртұтас электроэнергетикалық нарық қалыптастыру туралы» тұжырымдаманы әзірлеп, бекіткен соң соған сәйкес мемлекетаралық келісімдер жасалмақ. ЕАЭО ортақ электроэнергетикалық нарығы 2019 жылы қалыптасады деп жоспарланып отыр. Ал 2022 жылы ЕАЭО қаржылық мегареттеушісі – ұлтүстілік арнайы қаржы институты құрылады деп күтілуде. Мұндай ұлтүстілік қаржы орталығы ЕАЭО ортақ қаржы нарығын, оның ережелерін жасақтап, жұмысын реттеп, қадағалап отыратын болады. 2025 жылға таман ЕАЭО ауқымында мұнай, газ және мұнай өнімдерінің ортақ нарығы қалыптаспақ. Ортақ көмірсутек шикізат өнімдер нарығының қалыптасуы ұзаққа созылуының басты себебі – Ресей мен Қазақстан сияқты ЕАЭО құрамындағы басты мүше-елдердің экономикасы негізінен шикізаттық бағытта дамуы, мемлекеттік бюджеттің мұнай мен газ сатудан түсетін қаржыға тәуелді болуы. Ал Белорусия, Қырғызстан мен Армения керісінше, мұнай мен газға мұқтаж. Яғни, ЕАЭО мүшелері арасында мұнай-газға қатысты экономикалық мүдде қайшылығы туындап отыр.

ЕАЭО үшін тауарлар сату мен қызмет көрсету салаларындағы тарифтік емес барьерлерді жою мен бірегейлендіру өзекті мәселелердің қатарында тұр. Тарифтік емес барьерлер ЕАЭО елдері арасындағы тауарлар мен қызметтерді өзара алмасу процесін қиындатып, ортақ нарықтың тиімділігін төмендетеді. Әсіресе, бұл технологиялық салаларды дамыту мен кооперациялауға зиян келтіреді. Евразиялық даму банкі ЕАЭО аясындағы өзара саудаға тарифтік емес барьерлердің тигізетін зиянын арнайы зерттеп, өз ұсыныстарын жасады. Осы зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, тарифтік емес барьерлер Беларусия, Қазақстан мен Россияның кәсіпорындарының экспорт көлемінің 15–30% құрап отыр екен [1]. Бұл дегеніміз – әрбір тауардың сатылу құнының үштен бір бөлігі, сәйкесінше, отандық немесе одақтық тауарлардың бағасының қымбат болуына, шетелден импортталатын тауарлармен бәсекелесе алмауына әкеліп соғады. Басқаша айтсақ, ЕАЭО экспортының үштен бір бөлігі нақты тауармен қамтылмай, тарифтік емес барьерлер есебінен қауқайып, «көбейіп» тұр. Ал бұл болса өз кезегінде девальвациялық қауіп-қатердің бірі, инфляцияның туындауына ықпал ететін қосымша фактор саналады. Шартты түрде тарифтік емес барьерлерді екі үлкен топқа бөлуімізге болады. Оның біріншісіне – саудадағы санитарлық және фитосанитарлық шаралар, техникалық барьерлер, квоталар, шектеулер мен тиым салулар, сандық және сапалық бақылаулар жатады. Екінші топқа – бағалық бақылаулар мен бәсекелестікке әсер етуші шаралар (арнайы импортерлер институты, дистрибьютерлер, ресми дилерлер, тауарды сатудағы шектеулер, мемлекеттік сатып алудағы қатаң талаптар, субси-

диялар). Барьерлердің екінші тобын «дөңгелектегі құмдар» деп атайды, себебі олар тауарлардың айналысын қиындатады, бірақ арнайы саяси шешімдер қабылдау арқылы принципиалды түрде толықтай жойып жіберуге болатын кедергілер. ЦИИ ЕАБР (Центр интеграционных исследований Евразийского банка развития) эксперттері тарифтік емес барьерлердің саудаға анағұрлым жағымсыз әсер ететінін анықтаған. Сондықтан, ЕАЭО үшін өзара саудаға зиян келтіретін тарифтік емес барьерлерді жою бірінші кезекте тұрған өзекті мәселе. ЦИИ ЕАБР жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, тарифтік емес барьерлерді азайту арқылы өндіріс орындары көп Беларусияның шынайы ІЖӨ (ішкі жалпы өнімі) 2.8% өсіп, халықтың әл-ауқаты 7.3% жақсаруы мүмкін. Өндіріс орындары аз саналатын Қазақстанға да бұл тиімді әсер етпек: ІЖӨ 0.7% өсіп, әл-ауқат 1.3% артады [2]. Тарифтік емес барьерлерді барынша азайту машина жасау, станок жасау, құрал-жабдық шығару, целлюлоза-қағаз, жеңіл өнеркәсіп, тері-былғары, резина, пластмасса бұйымдарын шығаратын салаларға ерекше жағымды әсер етпекші. Қазіргі таңда тарифтік емес барьерлер бұл аталған салаларды тұншықтырып отыр. Сонымен қатар, химия өнеркәсібі, ағаш өңдеу, ауыл шаруашылығы, электржабдықтары, электронды бұйымдар шығару да зиян шегуде. Отандық өнімдердің, немесе ЕАЭО аясындағы өнімдердің бағасы неге қымбат деген сауалдың бір жауабын осыдан табуымызға болады.

ЕАЭО дамуы үшін макроэкономикалық және қаржы-валюталық үйлестіруді дұрыс жолға қою да аса маңызды. Әзірге ЕАЭО өзара келісілген бірегей макроэкономикалық саясат жүргізіп отырған жоқ. Оған 2014-2015 жылдардағы орын алған девальвациялық процестер, ЕАЭО ішіндегі валюта бағамының әртүрлі болуы, валюталық опреацияларды жүргізудің де әр одақтас елде түрлі жолмен жүруі дәлел бола алады. Мысалы, 2014 жылдың аяғы – 2015 жылдың бірінші жартысында Ресей рублі АҚШ долларына шаққанда өте төмен түсіп кетсе (68,93 рубль), 1 АҚШ доллары 184,45 Қазақстан теңгесі болды. Сәйкесінше, Ресей рублі 2,6 теңгеге «түсіп» қалды (оған дейінгі жылдары 1 Ресей рублі 5-5,5 теңге болған еді). Бұл өз кезегінде екі ел арасындағы экспорт-импорттың кері сальдосын туындатты. Қазақстандықтар сауда жасау үшін жаппай Ресейге ағылып, импорт көлемі күрт артып кетті. Жағдай тек 2015 жылдың 18 тамызындағы Қазақстанда орын алған девальвацияның екінші толқыны ұрғанда ғана теңесті (АҚШ доллары бір мезетте 185 теңгеден 380 теңгеге дейін күрт көтерілді).

Макроэкономикалық және қаржы-валюталық үйлестіруді дұрыс жолға қою тек экономикалық қана емес, саяси-әлеуметтік тұрақтылыққа да арқау болады, экономиканың қызмет етуінің бірегей принциптерін қалыптастырады, қатысушы елдердің экономикаларын тұрақтандыру мен интеграцияны тереңдету мақсатында негізгі көрсеткіштердің параметрлерін келісіп бекітуге мүмкіндік береді. ЕАЭО болашағы үшін аса маңызды мәселе монетарлық және фискальдық салаларда макроэкономикалық саясатты толықтай үйлестіру болып табылады. Бұл дегеніміз – одақтас елдер арасындағы инфляция қарқынының бір-біріне ұқсас және баяу болуы, қаржы ресурстарын теңдес болуы және бір-біріне қол жетімділігі, қаржылық тәуекелдің бірдейлігі, сыртқы қарыздың тұрақтылығы, сыртқы сауданың үйлесімділігі, салық-бюджет саясатының біріздігі т.б. Мұның барлығы ЕАЭО қол жеткізуі тиіс биік мақсат-міндеттер.

ЕАЭО шарты бойынша мүше-мемлекеттер негізгі үш макроэкономикалық көрсеткішті қатаң сақтауы тиіс: 1) ІЖӨ қатысты мемлекеттік қарыздың деңгейі (50% аспауы керек); 2) инфляция деңгейі (ЕАЭО мүше-мемлекеттер ішіндегі инфляция деңгейінің ең төменгі көрсеткішінен 5 пункт аспауы керек); 3) бюджет дефициті (3% аспауы керек) [3]. Бірақ бұл талаптарды мүше-мемлекеттердің сақтау-сақтамауы өз алдына бөлек мәселе. Бұл талаптарды орындау ЕАЭО даму болашағын айқындайды.

Тағы бір өзекті мәселе – одақ ауқымындағы салық-бюджет саясатын үйлестіру. Егер бұған қол жеткізе алмаса, ЕАЭО құруға кеткен қаншама уақыт, күш-жігер, қыруар ресурстар өзін-өзі ақтамай қалуы мүмкін. ЕО құрамындағы Грецияның жағдайы ол тұжырымның анық дәлелі. Европалық инвесторлар бастапқыда Оңтүстік Шығыс Европа елдерін тәуекелі төмен қарыз алушы елдер санатына жатқызды. Алайда, ортақ фискальдық үйлестірудің болмауынан жекелеген елдердегі салық-бюджет саясаты бақылаудан шығып кетіп, терең қаржы-экономикалық дағдарысқа ұласты. ЕО мүше-мемлекет Грецияның сыртқы қарыз көлемі рекордтық көлемге дейін өсті, ішкі инфляция шарықтап кетті, алым-салықтардың көлемі артып, жалақы мен түрлі өтемақылар төмендеді, әлеуметтік төлемдар қысқара бастады. Нәтижесінде Грецияның мемлекеттік бюджетінде орасан зор бюджет тапшылығы орын алды. Сондықтан, монетарлық одақ туралы

айтпас бұрын, бюджет дефициті мен мемлекеттік қарыз деңгейін бақылауға алып, үйлестірген жөн. Осыларға қол жеткізе алмай отырып, «ортақ валюта жасау керек» деу бекершілік. Соңғы кездері Ресей тарапынан ЕАЭО ортақ валютасын жасау керек деген пікірлер жиі айтылуда. Біздің ойымызша, мұндай ұсыныстар ешбір нәтиже бермейді, дәл қазіргі жағдайда ЕАЭО дамуына зиян тигізеді.

Әзірге ЕАЭО үшін қаржы-валюталық үйлестірудің басты мақсаты – интеграциялық бірлестік ішіндегі өзара есеп айрысуға қолданылатын ұлттық валюталардың құбылмалылығын азайту, шетелдік еркін айырбасталатын валюталар бағамының «секіргіштігіне» жолбермеу. Тек сонда ғана бірегей экономикалық кеңістіктің қаржылық тұрақтылығы сақталады, өзара сауданың кедергілері азаяды, сауда көлемі артады, ұзақ мерзімді несиелер алу мен инвестициялар тартуға мүмкіндік туады. Әсіресе, инвесторлар үшін валюта нарығындағы тұрақтылық бірінші кезекті маңыздылыққа ие. Қаржы-валюталық үйлестірудің пайдасы зор, ЕАЭО нығайтуда ерекше маңызы бар. Одақ ауқымында валюталық реттеудің ортақ ережелерін қалыптастыру, бірыңғай төлем-есептесу операцияларын жүргізу, үйлестірілген монетарлық және фискальдық саясаттар мүше-мемлекеттер үшін орасан зор пайда мен артықшылықтар бермек:

– транзакциялық шығындарды азайту мен валюта бағамдарының құбылмалылығын ырықтандыру арқылы өзара сауда жасаудың тиімділігі артады;

– ортақ қаржы нарығы мен өзара инвестициялық ағымдардың дамуына игі ықпал етеді;

– инфляцияны тұрақтандыру мен несиелердің пайыздық үстемелерін төмен деңгейде ұстау арқылы одақтас елдерден қарыз және несие алуды дұрыс жолға қоюға мүмкіндік туады. Бұл әсіресе экономикасы шағын елдер үшін өте тиімді болмақ.

Өкінішке орай, әзірге бұл айтылғандар идея түрінде, арман деңгейінде ғана қалып отыр. Іс жүзінде ЕАЭО ауқымында Ресей рублінің үстемдігі анық байқалуда. ЕАЭО елдерінің валюталары Ресей валютасының бағамына тәуелді. Ресей рублі шетелдік ваюталарға қатысты қандай баға ұстанса, оның ізін ала өзге одақтас елдер де өздерінің ұлттық валюталарының бағамын өзгертуге мәжбүр болуда. Бұл түптеп келгенде экспорт пен импорт арасындағы баланстың бұзылуына әкеліп соғуда, валюталық бағаны жасау саясаты арқылы ресейлік тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі артуда. Мысалы, 2015 жылы Беларусияның ЕАЭО жалпы экспорты 25% құлдырады, оның ішінде Ресейге экспортының көлемі 39% азайып кетті. Әрине мұның себептері көп, бірақ басты себептердің бірі – валюта курсына қатысты проблемалар еді. 2015 жылдың бірінші тоқсанында белорустардың рублінің АҚШ долларына қатысты құнсыздануы 51% болса, дәл сол кезеңде Ресей рублінің долларға шаққандағы курсы 80% құнсызданды. Ал ол кезде Қазақстан теңгесі бар болғаны 9%, армян драмы 16%, қырғыздың сомы 10% құнсызданған болатын. Яғни, валюта бағамдарының әр түрлі болуынан ресейлік рубльге шаққанда Ресейге экспортталатын тауар бағасы қымбатқа шығып кетті. Ресейдің экспортер тауар өндірушілері бұдан ұтты, басқа одақтастар болса ұтылды. Бұл жағдай Қазақстандық тауар өндірушілерге де жақсы таныс. «Атамекен» кәіпкерлердің ұлттық палатасы бұл туралы талай рет айтып, ҚР Үкіметі мен Парламенті деңгейіне дейін мәселе етіп көтерді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та орын алып отырған проблемалар туралы ЕАЭО мүше-мемлекеттері бас қосуларында ашық сынап, қатты айтқаны белгілі.

ЕАЭО елдері үшін қаржы саласындағы интеграцияны жолға қоюда бұлардан да басқа проблемалар жетерлік. Мысалы, банк секторының қызметін ырықтандыру, банк жүйесіне шетел капиталын тарту, шетелдік банкілердің филиалдарын ашу, капиталдың еркін айналымын жолға қою, құнды қағаздардың ортақ нарығын құру, брокерлік қызметтің бірегей жүйесін жасау т.б.

Келешекте ЕАЭО ауқымында еркін сауда аймағын құру мен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту жоспарланған. Бұл бағытта шешімін табуды қажет ететін көптеген мәселелер баршылық. Қазіргі кезде әлемдік сауда аумалы-төкпелі кезеңді бастан өткеруде, ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарысты еңсеру мүмкін болмай отыр, оның үстіне Батыс елдерінің Ресейге қарсы санкциялары, түрлі шектеулер мен эмбарголар экономикалық соғысқа ұласып кетті. Мұның барлығы ЕАЭО интеграциялық процестерге кесірін тигізуде. ЕАЭО тұтынушылық нарығы бар-жоғы 182 755 794 адам (Ресей – 146 544 710 адам, Қазақстан – 17 713 784, Белоруссия – 9 498 700, Қырғызстан – 6 000 000, Армения – 2 998 600 адам), оның ішінде экономикалық белсенді жан саны 93 млн, ортақ ІЖӨ $2.2 трлн (бұл әлемдік ІЖӨ 3,2% ғана құрайды). ЕАЭО өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын толыққанды интеграциялық бірлестікке жатпайды, әлемдік экономикаға тәуелділігі

күшті. Сондықтан, ЕАЭО әлемдік саудаға тығыз қатысып, өзге аймақтармен, интеграциялық одақтармен (ЕО, БРИКС, МЕРКОСУР, АТА т.б.), көршілес үлкен елдермен еркін сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуы қажет. ЕАЭО еуразия аймағындағы жаңғыз бірлестік емес, бұл аймақтағы елдер арасында жан-жақты ынтымақтастыққа арқау болып отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) сияқты түрлі деңгейдегі одақтық бірлестіктер бар. «Еуразиялық қамал» жасап, одақ ауқымында экономикалық оқшаулану ЕАЭО тас-талқанын шығаратын тұйық жол. Мұндай тұйық жолға ұрынбас үшін не істеу керек? Ғаламдану жағдайында оның балама жолы біреу ғана – еркін сауда аймақтарын құрып, жан-жақты ынтымақтастықты дамытқан жөн. Оның үстіне, Қырғызстан, Армения, Ресей, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері (ЕАЭО құрамынан тек Беларусь қана кірмеген). Бұл тұрғыда Қытай Халық Республикасы ұсынып отырған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы сияқты ынтымақтасу түрі аса қажет.

2013 жылы 7 қыркүйекте ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған ресми сапары кезінде Аспан асты елі «Жібек жолының экономикалық белдеуі» атты ғаламдық ауқымдағы интеграциялық жобаны жүзеге асыратынын жариялады. Ұлы Жібек жолын жаңғыртушы бұл жобаның мақсаты – Еуразия елдерінің селбестік кеңістігін кеңейту үшін экономикалық байланыстар мен ынтымақтастықты нығайту еді. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасын ұсынушы ретінде Қытай мынадай міндеттерді алға қойып отыр:

– Еуразия құрлығындағы жан-жақты ынтымақтастықты жолға қою;

– аймақтағы саяси байланыстардың экономикалық қарым-қатынастан қалыс қалуын түзеуге әрекеттену;

– оңтүстік, Шығыс және Батыс Азияны Еуропа елдерімен байланыстыратын, яғни, Тынық мұхитынан Балтық теңізіне дейінгі кеңістікті өзара байланыстыратын көлік-коммуникациялық торапты қалыптастыру мен дамыту;

– сауда байланыстарын күшейте отырып, сауда мен инвестицияларға кедергі жасайтын кедергілерді қысқарту, жобаға қатысушы мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерін есепке ала отырып өзара ықпалдасу;

– интеграциялық жобаға мүше мемлекеттер арасындағы ұлттық валютамен есеп айырысу жүйесін нығайту, бірте-бірте АҚШ долларына тәуелділіктен арылу, ақша айырбастау шығындарын қысқарту, келешекте аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

– достық пен силастыққа негізделген мәдени, гуманитарлық, рухани, ғылыми, әскери, техникалық т.б. байланыстарды тереңдету [4].

Сол сияқты, ЕАЭО АҚШ пен ЕО арасындағы еркін сауда мен экономикалық ынтымақтастықты дұрыс жолға қою міндеті тұр. Әзірге бұл мақсатты толық жүзеге асыру қиын, себебі Батыс елдері мен Ресей арасында экономикалық соғыс өршіп тұр. Оның зардабын ЕАЭО өзге мүшелері де тартуда, санкциялардың салқыны оңай тиіп жатқан жоқ.

Қорытып айтар болсақ, ЕАЭО оған қатысушы-мемлекеттердің экономикасын нығайтуға, ортақ нарықтық әлеуетін арттыруға ықпал етуге қабілетті. Бұл интеграциялық бірлестік оның мүше-елдері үшін барлық проблемаларды бірден жойып жібере алмайтыны анық. Өзара ынтымақтасудың проблемалары көп, мәселе сол проблемаларды оңтайлы шеше білуде. Сонда ғана капиталдың, тауарлар мен қызметтердің, жұмыс күшінің еркін айналымы жүзеге асады, ЕАЭО аумағында бизнес жүргізу барынша оңайлайды. Ал, кедендік, фитосанитарлық, ветеринарлық және басқа да бақылаулардың жойылуы бизнес айналымын шапшаңдатып, кедергілерді барынша азайта түседі. Мұның аясында көліктік инфрақұрылымдарға теңдей қолжетімділік үлкен маңызға ие. Интеграциялық бірлестіктің тұтастай аумағында көліктік инфрақұрылымды бірыңғай пайдалану шарттары да осыны дәлелдей түспек. Бұл көліктік шығындарды төмендетуге, арзан тасымалдардың қолжетімділігіне жағдай жасайды, транзиттік әлеуетті дамытады.

Әдебиеттер

1 Интеграционный барометр ЕАБР-2015 // http://www.eabr.org/r/research/centre/aboutCII/index.php

2 Оценка экономических эффектов отмены нетарифных барьеров в ЕАЭС // http://eabr.org/general//upload/CII%20-%20izdania/2015/НТБ-29/

3 Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт // https://docs.eaeunion.org/kk-kz/

4 К Великому океану-3: Экономический пояс «Шелкового пути» и приоритеты совместного развития евразийских государств // http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad_sozdanie_evrazii_ekonomicheskiy_poyas_shelkovogo_puti.pdf

References

1 Integrasionni barometr EABR-2015 // http://www.eabr.org/r/research/centre/aboutCII/index.php

2 Ocenka economicheskih effectov otmeni netarifnih barerov v EAES // http://eabr.org/general//upload/CII%20-%20izdania/2015/НТБ-29/

3 Eurazialik economikalik odak turali shart // https://docs.eaeunion.org/kk-kz/

4 К Velicomu okeanu-3: Economicheski pojas «Shelkovogo puti» I prioritety sovmestnogo razvitia evraziskih gosudarstv // http://iwep.kz/files/attachments/article/2015-04-21/doklad_sozdanie_evrazii_ekonomicheskiy_poyas_shelkovogo_puti.pdf

Люди, будьте человечны! Это ваш первый долг. Будьте такими для всех состояний, для всех возрастов, для всего, что не чуждо человеку.

Руссо Ж.

Старайся всякому делать добро, а не себе одному.

Григорий Богослов

В этом мире пользу приносит каждый, кто облегчает бремя другого человека.

Диккенс Ч.

Мухитденова А.Т., Умаров К.С.

Социальная политика Франции в контексте обеспечения межэтнического согласия

В статье исследуются проблемы социальной политики Французской Республики по отношению к диаспорам и этническим меньшинствам, проживающим на территории государства; анализируются особенности предоставления социальных гарантий этническим группам и иммигрантам первых поколений. Предпринята попытка выявить особенности системы социального обеспечения, а также исследован диалог властей и представителей различных культурных объединений по созданию специализированных институтов и компетентных органов, задачей которых является предоставление равного доступа к социальным и общественным благам этнических меньшинств и диаспор в современной Франции.

Ключевые слова: социальная политика, социальное обеспечение, социальные блага, этнические меньшинства, диаспора, иммигранты.

Muhitdenova A.T., Umarov K.S.

Social policy of France in the context of inter-ethnicharmony

In this article researching development and formation of French social policy and its relation to the modern diasporas and ethnic minorities which habits in the territory of this state, also researchers analyze the features of providing social guarantees and provisions to the ethnic minorities and to the first generation migrants. Researchers made a try, to identify the features of French social system and dialogue between power representatives with different cultures unions with the purpose of creation special institutes and competent authorities which dedicated to provide a social welfare to the ethnic minorities and diasporas in the modern France.

Key words: Social policy, social welfare. Ethnicminorities, Diasporas, immigrants.

Мухитденова А.Т., Умаров К.С.

Этносаралық бірлікті қамтамасыз ету жолындағы Францияның әлеуметтік саясаты

Бұл мақалада Француз Республикасының аймағында тұратын қазіргі заманғы диаспоралар мен этникалық аз топтарға қатысты әлеуметтік саясатының қалыптасуы мен дамуы және этникалық топтар мен иммигранттарға әлеуметтік кепілдіктердің қалай берілетіндігі сарапталады. Оған қоса, бұл жұмыста үкімет пен әртүрлі мәдени топтардың өкілдерінің, диаспоралар мен этникалық топтардың әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақы алуындағы теңдіктің болуын қамтамасыз ететін арнайы институттардың және бәсекелесті органдарды құру жайындағы диалогын сараптауға әрекет жасалынды.

Түйін сөздер: әлеуметтік саясат, әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік жеңілдіктер, этникалық азшылық, диаспора, иммигранттар.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 32 (327)

*Мухитденова А.Т., Умаров К.С.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы
*E-mail: Muhiddinova.kaznukz@mail.ru

СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ФРАНЦИИ В КОНТЕКСТЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ

Динамика политических событий диктует нам новый глобальный тренд, который по прогнозам аналитиков и экспертов в ближайшем будущем может кардинально изменить лицо современного мира. Длительная конфронтация на Ближнем Востоке не могла не повлиять на главнейший оплот современной демократии – Западную Европу. Если просмотреть на текущую ситуацию, то только с августа 2015 года по официальным данным туда прибыло порядка 1 миллиона 300 000 иммигрантов из стран Дальнего и Ближнего Востока. Это связано, в первую очередь, с суровыми политическими изменениями в регионе, а также с социальным благополучием Старого Света, привлекающим мигрантов. Так, число беженцевв странах Восточной Европы, намного меньше, чем в государствах, где социальные выплаты и пособия составляют основной доход и обеспечивают жизнь индивида. Это означает то, что основной целью мигрантов является не получение статуса гражданина, а материальное обеспечение.

Одной из наиболее привлекательных территорий для потенциальных беженцев на протяжении нескольких столетий является Франция. Франция, начавшая политику открытых дверей по отношению к своим бывшим колониям во второй половине XX века, сегодня кардинально изменила свою политику.

Сформировав пакет социального обеспечения, Французское государство активно ведет процесс ассимиляции и нациестроительства, который длится и по сей день. Однако как показывает практика последних событий в Европе, далеко не во всех странах Старого Света социальное обеспечение представляется открытой системой, предоставляющие социальные гарантии всем без исключения гражданам. Поэтому для выявления всех сторон социальной политики Франции, а также для анализа социального благополучия вновь прибывающих мигрантов из стран Ближнего Востока необходимо провести краткий ретроспективный обзор становления и развития системы социального обеспечения Франции.

Социальная политика Франции начала активно формироваться в XIX веке в процессе борьбы с бедностью и за улучшение качества жизни как самих французов, так и лиц, имевших юридический статус подданных Французской империи.

Изначально вся политика и действия в данной сфере полностью находились в подчинении государства, однако позже, некоторые компетенции были переданы в руки частных лиц, занимавшихся трудоустройством и обеспечением улучшения качества жизни трудящихся. После окончания Второй мировой войны французское правительство пришло к выводу о необходимости полного пересмотра социальной политики.

Система социальной защиты сформировалась в первые послевоенные десятилетия при непосредственном участии государства и профсоюзов и является одним из вариантов модели социального страхования Бисмарка, которая доминирует на Европейском континенте. Первоначально её предполагалось строить на принципах единообразия, универсальности и всеобщности, согласно модели, предложенной английским экономистом У. Бевериджем. Однако отдельные схемы социального страхования, действовавшие до 1945 г., были сохранены из-за отказа их участников присоединиться к общей системе. В итоге с самого начала своего возникновения французская система социальной защиты базировалась на компромиссе между концепцией У. Бевериджа и немецким методом социального обеспечения [1].

Французская система социальной политики отличается от аналогичных систем государств Европейского союза. Рассматривая данную модель, можно отчетливо выделить ее основные отличительные характеристики:

– высокоразвитая система семейных-пособий, где практикуется широкий спектр разнообразных инструментов;

– помимо базовых систем социального страхования, во Франции широко используется огромное количество профессионально-отраслевых систем (дополнительные социальные системы обеспечения в области пенсионного и медицинского страхования);

– наличие разнообразных частных фондов, осуществляющих социальное страхование и социальную защиту в зависимости от социального статуса и положения гражданина и защищающих права и интересы граждан [2].

Социальные гарантии, представляемые государством де-юре, распространяются на всех граждан Французской Республики, независимо от их религиозной, этнической принадлежности и идеологических пристрастий. С момента формирования Пятой Республики и принятия новой Конституции, французские власти активно ведут за разработку политики ассимиляции этнических групп и малочисленных народов. Данный курс был обусловлен полиэтничностью государства, а также многочисленными этническими стычками среди коренных французов и потомков колонизированных народов. Большой поток мигрантов из-за рубежа привел к актуализации вопроса о нацистроительстве. Он, пусть и косвенно, стал одной из причин длявнесения первых поправок в Конституцию Пятой республики 1940 года. «В 1960 году речь шла об изменении постановлений, определявших характер и структуру так называемого «франко-африканского сообщества». Образованное с созданием Пятой республики сообщество должно было объединить вокруг Франции – метрополии ее бывшие заморские владения, входившие ранее во Французский союз и получившие статус государств – членов сообщества. Первоначальная редакция Конституции 1958 г. устанавливала несовместимость пребывания в сообществе со статусом независимого суверенного государства. По справедливому замечанию французского конституционалиста – профессора Франсуа Люшера, единственным государством, не имевшим права юридически входить в состав сообщества, оказалась сама Франция. Но ревизия была обусловлена другими причинами. В 1960 г. большинство бывших французских колоний в Африке провозгласили себя суверенными государствами. Франция вынуждена была признать независимость этих государств и, соответственно, внести во французскую Конституцию поправки, которые изменяли положения, относившиеся к структуре сообщества. В последующем раздел XIII Конституции «О Сообществе» был отменен Конституционным законом от 4 августа 1995 г.» [2].

Ряд бывших французских колоний, получивших независимость, не отличался благосостоянием и изобилием рабочих мест, а также социальных прав, именно поэтому граждане этих стран, проживающие во Франции, решили оставить за собой французское гражданство, что привело государство к необходимости формирования новой гражданской нации и политики ассимиляции диаспор и этнических групп. Исключительным достижением французской социальной политики является то, что на законном уровне гражданин не подвергается какой-либо дискриминации, но, фактически, например, в вопросах о трудоустройстве, имеются некоторые нарушения.

Известная французская газета «LeMonde» еще в 2009 году опубликовала статистику по

безработице среди граждан Франции не старше 30 лет. Ссылаясь на исследования аналитиков, газета опубликовала данные, согласно которым была предпринята попытка найти самые нетрудоустроенные диаспоры и этнические меньшинства.

Таблица 1

Национальность	% Безработицы
Французы	8.7
Не французы	17
Алжирцы	27
Тунисцы	20
Марокканцы	24
Турки	26
Португальцы	7.8
Испаноговорящие	12.3

Социальная политика Франции на сегодняшний момент полностью меняет свои приоритеты, данная тенденция активно начала проявляться после событий 2005 года, когда вблизи Парижа начались массовые волнения против убийства двух французов североафриканского происхождения. Во время правления Николя Саркози – единственного не этнического француза по происхождению, были введены социальные гарантии для не белых французов. Николя Саркози объявил о своих планах вести политику этнического многообразия и метисации. Это означает создание системы предпочтений для национальных меньшинств в трудоустройстве и в вопросах, касающихся судебного преследования.

Другими словами, это программа «утвердительного действия», затрагивающая всех без исключения. Водном из своих посланий Н.Саркози настаивал, что французы должны измениться и, что если они не изменятся, то могут произойти ужасные вещи, и что запрет межрасовых браков – это плохо для выживания Франции. Таким образом, он объединил концепции предпочтений для меньшинств в трудоустройстве с разрешением вступать в межрасовые браки.

Тем не менее, ряд правозащитных организаций дают некоторые рекомендации, а именно предлагают ввести учет этнических меньшинств на предприятиях и принимать во внимание данныйкритерий в государственной статистике, что существующее французское законодательство как рази считает дискриминационным и уголовного преследуемым. Предлагается также поощрять практику «testing» (то есть практику полицейских провокаций, запрещенных законом) и использование анонимного резюме.

Для урегулирования столь масштабной проблемы в «постколониальной» Франции, которой никак не удается вернуться к своим основополагающим принципам, предлагается лишь использование средств массовой информации и смутной мотивации. Выбор проблематики гарантировал, что в работе не будет уделяться внимание социальным, экономическим, космическим и культурным аспектам исследования, не будут рассмотрены проблемы, которые разрушают французское общество [3].

Особое отношение во Франции уделяется арабо-исламской диаспоре, являющейся на сегодняшний момент самой крупной диаспорой из Арабского полуострова и Северной Африки в Европе. Проблемы жилья, трудоустройства, образования и медицинского страхования решаются французским правительством по отдельным проектам, то есть в данном случае государство акцентирует свое внимание на комплексном решении поставленных задач.

Если рассматривать Францию как государство, проводящее политику в отношении положения этнических диаспор, то здесь необходимо отметить, что Франция, являясь самой густонаселенной страной Европы, не подписала Рамочную конвенцию о защите национальных меньшинств Совета Европы [4].

Рамочная конвенция о защите национальных меньшинств Совета Европы – это конвенция, подписанная 1 февраля 1995 г. Из стран-членов Совета Европы она не принята также Монако, Андоррой и Турцией; подписана, но не ратифицирована Бельгией, Грецией, Исландией и Люксембургом.

Надзор за выполнением конвенции осуществляют Консультативный комитет, оценивающий доклады стран-участниц, и Комитет министров Совета Европы, выдвигающий свои рекомендации по улучшению положения на основе работы Консультативного комитета. Механизма рассмотрения индивидуальных жалоб не предусмотрен и конвенция расценивается как слабая. Сама конвенция состоит из следующихчастей:

Преамбула и часть I (ст. 1–3) – цели конвенции, ее принципы и право использовать закрепленные в ней права.

Часть II (ст. 4–19) – каталог обязательств участников конвенции:

Статья 4. Запрет дискриминации.

Статья 5. Запрет политики ассимиляции.

Статья 6. Условия для сохранения культуры и самобытности.

Статья 7. Свобода собраний, ассоциаций, слова и религии.

Статья 8. Свобода религии.

Статья 9. Свобода выражения.

Статья 10. Свобода использования языка меньшинства.

Статья 11. Использование языков меньшинств в общественных местах и в личных именах

Статья 12. Интеграция в области образования

Статья 13. Право создавать частные учебные заведения меньшинств

Статья 14. Изучение языка меньшинства и на нём.

Статья 15. Условия для участия.

Статья 16. Отказ от мер по изменению структуры населения.

Статья 17. Трансграничные контакты.

Статья 18. Трансграничное сотрудничество.

Статья 19. Возможности отступлений от принципов Конвенции.

Часть III (ст. 20–23) – правила интерпретации конвенции.

Часть IV (ст. 24–26) – надзор за соблюдением конвенции.

Часть V (ст. 27–32) – порядок подписания, ратификации и денонсации конвенции [5].

Франция абсолютно не придерживается этих пунктов и даже использует политику, полностью противоположную данной конвенции. Поэтому удивляться часто проявляющейся конъюнктуре межэтнического конфликта не стоит, однако, как показывает большинство исследований в данном направлении, причина их появления таится в социальной сфере. Может показаться, что данная позиция и ведет к ряду данных проблем, и является его источником. Однако это не так. Также, активно используемый метод дискриминации дает свои плоды в социальном секторе, доказательством служат социальные выплаты не белым французам, но при всем этом государство на уровне пропаганды и масс-медиа активно включает все диаспоры и этнические меньшинства в круг своих граждан, предоставляя им равные возможностис коренными этническими французами.

Приведем пример событий осени 2005 г. Ряд российских и французских ученых утверждают, что французские политические практики представляют особый интерес в свете того, что люди, которые вышли на улицы французских предместий в октябре-ноябре 2005 г. в большинстве своем не вчерашние мигранты, а французские граждане по рождению. Во всемирно известной газете «Монд» от 10 ноября 2005 г., вышедшей сразу же после данных событий, некоторые представители африканских и арабских диаспор дали свою оценку случившемуся, они подчеркивали свою гражданскую позициюи гражданскую идентичность: «Мы – не иностранцы, как хотели бы думать некоторые. Не пытайтесь объяснить поведение наших детей их культурной или религиозной принадлежностью, это означало бы вновь, как в 1980-е, отмахнуться от решения социальных проблем. Вы прекрасно знаете, что наши дети разделяют те же ценности, что и ваши. Если бы они не поверили в республиканское обещание равенства, они бы так не страдали. Крики, доносящиеся сегодня из наших предместий, это призыв о помощи. Не оставляйте его без внимания!» [6]. Данная статья вызвала огромный ажиотаж среди населения и появилось много сочувствующих.

Учитывая тот факт, что Франция является самой густонаселенной мусульманской страной Европы, нельзя не отметить огромную роль в урегулировании социально-этнических проблем, которую играют институты, сформированные представителями мусульманских общин. И в частности, опыт по созданию в конце 2004 г. Французского мусульманского совета, предназначенного для содействия адаптации и интеграции французских мусульман в социальную, культурную и политическую жизнь французского общества как высшего органа по противодействию дискриминации и обеспечению равноправия. Рабочая группа под руководством Бернара Стази предложила отнести к его ведению: а) контроль над всеми видами дискриминации – этнической, религиозной, половой, возрастной, дискриминации по убеждениям или по инвалидности, по состоянию здоровья или по сексуальной ориентации; б) рассмотрение индивидуальных жалоб и оказание помощи жертвам прямой дискриминации; в) осуществление пропагандистской деятельности, распространение идей равенства; г) консультирование структур власти, проведение мониторинга и масштабных исследований в данной области.

Французский мусульманский совет был наделен правом вести расследование в отношении организаций и частных лиц, был уполномочен возбуждать судебные дела по фактам дискриминации и просить руководство организаций применить дисциплинарные меры к чинов-

никам, уличенным в дискриминации. Также было предложено предоставить этому органу определенные инструменты влияния и согласования и право законодательной инициативы. Он мог привлекаться к работе над законопроектами в области дискриминации, издавать уведомления, формулировать рекомендации и представлять президенту Республики и парламенту ежегодный отчет о своей деятельности.

